

МІНЕ, БҰЛ-ИСЛАМ

Әлемдегі ең тез таралып жатқан
дін туралы дұрыс көзқарас





Алла Тағала Ибрахим пайғамбарға салуды бұйырған және Ол барлық мұсылмандарға қай жерде болса да намаз кезінде бұрылуды бұйырған Қабаға бет алған мұсылмандардың әуеден түсірілген суреті.

THIS IS
ISLAM

دار الدليل المعاصر للنشر والتوزيع ، ١٤٤١هـ (ج)

فهرسة مكتبة الملك فهد الوطنية أثناء النشر

باهمام ، فهد بن سالم

هذا هو الإسلام - كازاخي . / فهد بن سالم باهمام - الرياض ،

١٤٤١هـ

١٦٠ ص ، ٢٢ X ١٥ سم

ردمك: ٩٧٨-٦٠٣-٩١٣٧٢-٥-٢

١- الاسلام - مبادئ عامة أ.العنوان

١٤٤١/٢٦٠٩

ديوي ٢١١

رقم الإيداع : ١٤٤١/٢٦٠٩

ردمك: ٩٧٨-٦٠٣-٩١٣٧٢-٥-٢

МІНЕ, БҰЛ-ИСЛАМ

Әлемдегі ең тез таралып жатқан
дін туралы дұрыс көзқарас

Фәһд Сәлим Баһаммам

Бірінші басылым
2021

Барлық құқықтар сақтаулы
MODERN GUIDE



- **Ақпараттық** құралдарда діндердің ішінде дебаттарды ең көп тудыратын дін туралы айқынырақ білгің келмей ме?
- **Әлемдік** статистика бойынша, кең таралып, тез қабылданып жатқан діндердің бірі туралы тереңірек білу үшін бір мезет тоқталуың тұрарлық іс емес пе?
- **Басқа** халықтардың дін, дүние және ғарыш аймағындағы мәдениеттері мен философияларын ашуда қызық таппайсың ба?
- **Ислам** діні туралы дереккөздерінен алынған сенімді мағлұматтарға тоқтау үшін өзіңе неге мүмкіндік бермейсің...? Одан кейін ол мағлұматтарды өзіңнің ақыл, санаңмен зерттеп ойланасың.

Ал егер осы мағлұматтар немесе олардың ішінде кейбірі маңызды немесе қызықты деп көрсеңіз, қалағаныңызды табуға сізге осы кітап көмектеседі...

Құран қайдан келді?

88

Құран, Мұхаммед... Мұсылмандардың қасиетті кітабы туралы сөз қозғалғанда жоғарыдағы сұрақ «Құран қайдан келді?» бірден ойға келетін логикалық сұрақ... Сөйтіп, осы әңгімеде мұсылмандардың көзқарасын неге қабылдауымыз керек? Осы жайлы сұрақ қоя алмаймыз ба?

Кітап тақырыптары



Ойды толқытатын сұрақтар... 12

- Ислам діні
- «Ислам» сөзінің мағынасы
- Ислам барлық елші-пайғамбарлардың діні



Ислам – әлемдік дін 16

- Қоршаған ортаға көңіл бөлу – иманның бір бөлігі
- Ғылым діні
- Қарым-қатынас және ынтымақ діні
- Ислам адам өмірінің барлық салаларын қамтиды



Жаратушы – біреу...Құдай – біреу 34

- Табиғат заңдары мен шариғат заңдары арасындағы байланыс
- Исламда «абыздық» жоқ
- Ислам дінін қабылдау үшін арнайы рәсімдер бар ма?




Пайғамбарлар деген кімдер? 42

- Пайғамбарлардың адамдық қасиеттері
- Пайғамбарлардың дәрежелерінде орта жолды ұстану
- Пайғамбарларға қатысты Исламның ұстанатын орны





Иса пайғамбарға қатысты Исламның ұстанатын орны 46




Исламның пайғамбары кім? 52


- Ислам елшісінің есімі
- Алла Тағаланың бүкіл адамзатқа жіберілген елшісі
- Оған Құран Кәрім түсірілді
- Елшілер мен пайғамбарлардың мөрі (соңғысы)
- Ислам елшісі Мұхаммед туралы не білеміз?

 Алланың елшісі Мұхаммед бейтарап зерттеушілердің көзімен _____ **58**


 Алла елшісі Мұхаммед және көркем мінезі туралы қиссалар _____ **64**

- Қарапайымдылық
- Мейірімділік
- Әділдік
- Сабырлық пен шыдамдылық
- Жақсылық пен жомарттылық
- Дүниетәркілік
- Адалдық


 Мұхаммед пайғамбардың өнегелі сөздерінен _____ **76**

 Құран Кәрім – Исламның мәңгі кереметі _____ **82**


- Құран жаттаудағы керемет
- Құранның мағынасы мен адамдарға ықпалы жағынан кереметі

 Құран қайдан келді? _____ **88**

- Қайталанатын айыптаулар
- Бұны жай ғана дарындылық деп неге санамасқа?
- Құран басқа кітаптардың өзгертілген нұсқасы болуы мүмкін бе?
- Тарихи шындық
- Қорытындылап айтсақ

 Ислам дініндегі құлшылықтың мағынасы _____ **98**

- Ислам рүкіндері
- Адамға неге парыздар жүктелген және сынақтың мәні не?
- Намаз
- Зекет
- Ораза
- Қажылық

 Исламдағы отбасы _____ **114**

- Ислам неке қиып отбасы құру принципін растайды
- Ислам отбасы мүшелері ер болсын, әйел болсын барлығына толық құрмет беріп қойды
- Ислам аналар мен аталарға көңіл бөліп, өмірлерінің соңына дейін тілдерін алып, оларға деген қадірлеу мен құрметтеу принциптерін адамдардың бойларына сіңіруін тырысты
- Ислам ұл-қыздардың құқықтарын сақтап, оларды қамсыздандыруда әділдік сақтау керектігін өмір етті
- Ислам мұсылмандарға туыстармен байланыста болуды парыз қылды



Исламдағы отбасы

114

Қазіргі таңдағы отбасылар туралы «бір үйдің әртүрлі кілттері бар жеке адамдардан құралған бір топ» деп ашық айтуға болады!

Дін мен ақыл

140

Кейбір адамдар дін ақылға және ғылыми әдістерге қарама-қайшы келеді деген ойда. Өйткені, олардың көзқарастары бойынша, дін - миф, қиял, ертегі мен ырымдардың көзі. Ал ғылым мен философия болса, зерттеу, тәжірибе және ойлану шарттары қамтамасыз етілсе, тәртіпті жүйедегі тануға әкелетін екі жол. Ал тәртіпті жүйедегі тану - сенімді және берік білімге айналады деп айтуда. Мұндай сенімді саралаудан өткізсек, ішінде дұрыстығы да қателігі де бар екенін көреміз.



Исламдағы әйелдің орны _____ 120

- Әйелді құрметтеуге қатысты үкімдердің үлгілері
- Ислам әсіресе қамқор болуды әмір еткен әйелдер
- Исламда екі жыныстың арасында текетіреске орын жоқ
- Ер адам мен әйел кісі арасындағы байланыс
- Исламдағы әйел мен ер адамның арасындағы байланыстың табиғаты
- Ислам бөтен ер адамдардың алдында әйел кісіге хиджаб кияуді неге әмір етті?
- Бір-біріне бөтен әйел мен ер адамдардың арасындағы қарым-қатынастың қағидалары



Тағам мен сусындарға қатысты Ислам қағидалары _____ 130

- Алкоголь
- Доңыз
- Құран алкогольге қалай қарайды?



Күнә мен тәубе _____ 136




Дін мен ақыл _____ 140

- Құран Кәрімде айтылған дұрыс ойлануға кедергі болатын тосқауылдар



Ислам – бейбітшілік діні _____ 146

- Ислам – қазіргі таңда тез және кең таралып жатқан діндердің бірі
- Ислам дінін қабылдаулары үшін адамдарды мәжбүрлеу орын алды ма?



Ислам және кейбір мұсылмандардың күйлері _____ 152

- Жаңа көзқарас



**Ойды толқыта-
тын сұрақтар...**

Өмірінде

Өмірінде бір мезет болсын, өз-өзіне сұрақ қоймаған адам бар ма...? Бұл қандай қисса? Мен кімін? Қайдан келдім? Қайда барамын? Менің жолым не? Болмыстың мақсаты не? Және соңы өлім, топырақ пен жоқ болу болса, бұл өмірдегі күллі әбігерлік пен жігерлік не үшін?

Мұсылмандар және аспан діндердің өкілдері, адам өмірі – адамның әділетті Жаратушысы бар екеніне, және жақсы адам өзінің сауабын, ал жаман адам жазасын алатын басқа өмір бар екеніне иманы болмаса, мағынасы жоқ тек алданып қана деп сенеді. Және ондай өмір – өтеуі жоқ азап пен қиналу, табысы не қосалқы капиталы жоқ авантюра.

Сондай-ақ, олар адам осы өмірдің қарама-қайшылықтарында, тұрмыстың тауқыметінде, не қателділікте, не қасіретте қандай даналық бар екенін, тек қана осы өмірдің соңында әрбір адам өзінің дайындаған, істегеніне байланысты несібесін алатындай еткен Жаратушы, Дана, Әділетті, Басқарушы Раббымызға сенгеннен кейін ғана түсіне алады деген ойда. Осындай сенімдерден кейін ғана, әділдік, махаббат, сүйіспеншілік, шыншылдық, мейірімділік сияқты, біз әрдайым шақырған құндылықтар мен ұғымдарының әрқайсысы нәпсімен үйлесімді ақиқат болып, оларға терең иман бола алады... Ондай жағдайда ғана тартысқа шақырудың мағынасы, жеңістің дәмі, сабырлықтың тәттілігі сезіледі. Бұған мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран Кәрім бағыттағанын көреміз. Алла Тағала кітабында ақыл-ой иелері туралы былай деген: «Сондай-ақ олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: «Раббымыз! Сен мұны босқа жаратпадың, Сен пәксің, бізді от азабынан сақта», - (дейді)» (Әли Имран: 191).



«Ислам» сөзінің араб тіліндегі негізі – ол сөз «көну», «бағыну», «бойсұну», «ықылас», «қауіпсіздік», «тыныштық» сияқты ұғымдардың мағыналарын қамтиды.

Ислам діні

Жер бетіндегі діндердің көбісі белгілі бір адам, не ұммет, не сол дін пайда болған елдің атымен аталып кеткен. Мысалы, христиан діні Иса (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) есіміне (Христос) байланысты; яһуд діні «яһуза» тайпасының атына байланысты; буддизм діндерінің негізін қалаушы Будданың есіміне байланысты; хинди діні Индия еліне байланысты және т.с.с. аталған.

Ал Ислам болса, белгілі бір адамға, тайпаға, нәсілге, ұмметке байланысты аталмаған. Себебі, ол адамзаттың белгілі бір үмметіне арналған емес, және де біреудің есімімен аталу үшін, адамдардың бірі оны ойлап тапқан жоқ. Ақиқатында, тек қана осылай – Ислам деп аталды.

«Ислам» сөзінің мағынасы

Егер «Ислам» сөзінің араб тіліндегі негізіне қарасақ, ол сөз «көну», «бағыну», «бойсұну», «ықылас», «қауіпсіздік», «тыныштық» сияқты ұғымдардың мағыналарын қамтитынын көреміз.

Ислам: ол Патшамыз, Жаратушы Раббымызға толықтай бойсұнып, бағыну. Одан басқасына арналған құлшылықтың барлық түрлерінен бас тарту.

Міне осы мағынаны Құранның көп аяттары растайды.

Құран Кәрімнің Лукман сүресі, 22 аятында, кімде-кім Алла Тағалаға жүрегімен және дене мүшелерімен бағыттталып, бағынып, бойсұнса, және әмірлерін орындап, тыйғандарынан алыс жүрсе, үзілмейтін амандық арқанын ұстаған және оған бекемделген болады,

онымен бірге күллі жақсылығымен жеңіске жететіні туралы хабар беріледі: «Кім өзін Аллаға тапсырып, игілік істесе, сонда ол; расында берік тұтқаны ұстаған болады. Бүкіл істердің соңы Аллаға тән». Сонымен, Ислам ол – Алла Тағалаға барлық құлшылықты арнау, Одан басқасына жасалатын құлшылық пен бағынудан бостандық. Мұсылман – құлшылығында ықыласты, ішкі дүниесі тыныш және ол тыныштық пен бейбітті қоршаған ортасына таратып өмір сүретін адам.

Бірақ, барлық елші-пайғамбарлар осындай исламмен келді ме?

Ислам барлық елші-пайғамбарлардың діні

Әртүрлі ғасырларда өмір сүрген күллі ұмметтерге елші жіберіліп, ол жіберілген ұмметіне Алланың дінін үйреткені туралы Құран Кәрім айтады. Мұхаммед пайғамбарға бағытталған аятында Алла Тағала: «Біз сені, қуанышты хабар жеткізуші әрі ескертуші етіп ақиқатпен жібердік. Өздеріне ескертуші (пайғамбар) келмеген бір ел болмаған» (Фатыр: 24), - деді. Елші-пайғамбарлардың барлығы ақиқат дінімен келген. Олар иман үндеуінде, үкімдердің негіздерінде және ізгі мінез-құлыққа шақыруларында келіспеушілікте болмаған.


Осыдан мың төрт жүз жылдан астам бұрын, пайғамбарлардың соңғысы Мұхаммед әкелген Ислам ол – барлық елшілер әкелген діннің жалғасы. Құран Кәрім Ибраһим, Исхақ, Яғқуб, Муса және Иса секілді алдыңғы елшілер иман келтірген дінге мұсылмандар да иман келтірсін деп әмір етеді: «Және оларға: «Біз Аллаға, бізге түсірілген Құранға әрі Ибраһим, Исмаил, Исхақ,

Яғқуптарға, ұрпақтарына тағы Муса, Исаға берілген нәрселерге сондай-ақ Раббылары тарапынан өзге пайғамбарларға берілген нәрселерге иман келтіріп әрі олардың араларын айырмаймыз. (Бәріне де сенеміз) және біздер Ол Аллаға ғана бой ұсынушымыз», - деңдер» (Бақара: 136).

«Алла Тағала сендер үшін хақ дін таңдады. Өлім келгенше дейін Исламға берік болындар», - деп өлім аузында болған Яғқуб өз балаларына айтқанын және сол секілді пайғамбарлардың атасы Ибраһим өз баласына айтқан өсиетін бізге Құран хикаят еткені назарымызды аударады: «Ибраһим бұны ұлдарына өсиет етті және Яғқуб та: «Әй ұлдарым! Әрине Алла сендер үшін осы дінді ұнатты, сондықтан сендер нағыз мұсылман болып өліңдер», - деді» (Бақара: 132).

Бұл дін – Алла Тағала пайғамбарлары діндерінің жалғасы. Діни сенім – бір, негізінде ол өзгермейді. Шарифаттағы өзгеріс: тек әртүрлі ғасыр ахуалдарына лайықты үкімдердің егжей-тегжейлері ғана. Осындай өзгерістер, жалпы адамзатқа болған соңғы шарифатты орнату үшін келген, пайғамбарлардың соңғысы, Алланың елшісі Мұхаммед жіберілгеніне дейін ғана болды.

Демек, Құран Кәрім тек бір дін ғана бар, ол – Ислам екенін айқын түрде айтады. Ал, біз көріп отырған аспан діндері өкілдерінің арасындағы сенім жөніндегі қарама-қайшылықтар, тек оларды елшілерінің әкелгендерінен алыстаған бұрмалаулары ғана: «Алланың қасында шынайы дін Ислам. Сондай Кітап берілгендер, өздеріне мәлімет келгеннен кейін араларындағы күншілдіктен ғана талас-тартысқа түсті. Кім Алланың аяттарына қарсы келсе, күдіксіз Алла тез есеп көруші» (Әли Имран: 19).




Ислам — әлемдік дін

Бір таңғаларлығы, Құран Кәрім, араб тілінде түсіріліп, Алланың елшісі Мұхаммед арабтардан болғанымен, Құранда «араб» деген сөз келмеген. Қазіргі заманда арабтарға қарасақ, мұсылмандардың ішінде сандары аз екенін, тек мұсылмандардың санаулары бойынша 20%-ін ғана құрайтындарын көреміз. Ал дүниежүзінде ең үлкен мұсылман мемлекет ол – Азия материгінің оңтүсік-шығыс құзында орналасқан Индонезия мемлекеті. Тіпті, Индияның азшылық мұсылмандардың өздері, санақ бойынша, ең үлкен араб мемлекетіндегі мұсылмандардың еселенген санынан көп деуге болады.

Ислам діні – елдерінің, мәдениеттерінің, нәсілдерінің, әдет-ғұрыптарының айырмашылықтарына қарамай барлық халықтарға тура жол мен мейірім ретінде келді. Құран Кәрімде айтылғандай: «(Мұхаммед) Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік» (Әнбия: 107).

Исламның жер бетіндегі халықтар танымаған, заңдар білмеген, адамзаттың әртүрлігіне ерекше көзқарасы бар.

Арабтарға немесе мұсылмандарға ғана жіберілмей, алатүстілігі мен әртүрлігі мол күллі адамзатқа жолданған Құран Кәрімнің мына үндеуі туралы терең ойланайықшы: «Әй адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шәксіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы» (Хужурат: 13).



Мұхаммед – Ислам елшісі

«Я, адамдар! Шын мәнінде, Раббыларың – бір, аталарың – бір. Араптың шетелдікке, шетелдіктің арапқа қарағанда артықшылығы жоқ; қызылдың қараға, қараның қызылға қарағанда артықшылығы жоқ. Тек тақуалығында ғана болмаса»

Исламның жер бетіндегі халықтар танымаған, заңдар білмеген, адамзаттың әртүрлігіне ерекше көзқарасы бар.

Бұл аятпен Құран адамзаттың барлығы, түстері, нәсілдері қандай әртүрлі болса да, Адам ата мен Хауа ананың (оларға Алланың сәлемі болсын) ұрпақтары екенін растайды. Және араларындағы айырмашылық пен әркелкілік біреуінің артықшылығы үшін емес, бірақ, бір-бірін тану, араласу және бірігу үшін. Ал, артықшылық пен құрмет Алладан қорқып, Оған құлшылық жасағанда болады.

Құран адамдардың түс-түрлері, тілдері мен мәдениеттеріндегі айырмашылықтар - Алла Тағала осы әлемді қалай жаратқанның белгілері, ғажайыптары және нығметтері екенін айтып, назарымызды өзіне қаратады. Бұндай жаратылыстың ұлылығы мен маңыздылығын аспан мен жердің жаратылысына теңейді.



Дүниежүзілік адам құқықтары декларациясындағы бап Адамдарды бостандық, құқық және абыройлықта теңеген.

Шын мәнінде, осыған көңілдерін бөліп, ғибрат алатындар тек білім мен ой иелері ғана: «Көктер мен жерді жаратуы, тілдерінің түстерінің, қарама-қарсылығы да Оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар» (Рум: 22).

Дүниежүзілік адам құқықтары декларациясында адамдардың бостандықта, құқықта және абыройда бірдей екендері туралы ең бірінші және маңызды бабы тек 1948 жылы ғана қабылданып, ол заңды іске асыру біраз уақыттан кейін ғана басталды.

Ал ондай заңды осыдан 1400 жыл бұрын Ислам елшісі Мұхаммед дауыстап жариялады. Адамдардың алдында хұтпа айтып тұрғанда, адамзат тарихының жаңа бетін ашты: «Я, адамдар! Шын мәнінде, Раббыларың – бір, аталарың – бір. Араптың шетелдікке, шетелдіктің арапқа қарағанда артықшылығы жоқ; қызылдың қараға, қараның қызылға қарағанда артықшылығы жоқ. Тек тақуалығында ғана болмаса» (Ахмад, 23489).



Коршаған ортаға көңіл бөлу – иманның бір бөлігі

Кейбір философиялық идеялар адамды осы әлемнің абсолютты патшасы деп санайды. Жаратылыстардың түрлері жойылып, әлемнің бір жерлері бұзылса да, бақылаушысы мен қараушысы жоқ, өз қалаулары мен пайдаларына байланысты әрекет жасай береді деп сенуде. Ал басқа біреулері, керісінше, адамның басқалардан еш ерекшелігі жоқ, жаратылыстардың миллиондаған түрлерінің бірі ғана деп қарайды. Ислам ше? Адам мен әлемнің байланысына қалай қарайды? Адам мен әлем байланысының табиғатына Ислам көзқарасы имани және теория тұрғыдан басталып, адам мен жануар, адам мен жер, адам мен табиғат ресурстарының байланыстарын дәл қою үшін егжей-тегжейлі үкімдерімен аяқталады.

Ең бірінші болып, философиялық идеяларды зерттеушіні осы байланыстың Құран Кәрім орнатқан тепе-теңдігі назар аударады. Алла Тағала адамды басқа жаратылыстардан ерекшелеп, оны құрметтеді: «Расында Адам баласын ардақтадық. Сондай-ақ оларды құрылықта да, теңізде де көліктендірдік. Әрі оларды жақсы нәрселермен қоректендірдік. Әм оларды жаратқандарымыздың көбінен не құрлым артық жараттық» (Исра: 70). Және оған әлемді, айналасындағы жаратылыстарды, оларды бағып, олардан пайда алу үшін бағындырды: «Сондай Алла көктер мен жерді жаратып, аспаннан жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге ризық үшін өнімдерді шығарды. Онымен қатар өз өмірімен теңізде жүргізу үшін кемелерді еріктеріңе берді. Әрі өзендерді де сендерге бағындырды.

Ол Алла сендердің пайдаларың үшін, тұрақты түрде күн мен айды іске қосып, түн мен күндізді де іске қосты» (Ибраһим: 32-33). Демек, адам жаратылыстардың миллиондаған түрлерінің ешқандай ерекшелігі жоқ бір түрі емес. Бірақ, пайдалану үшін оған табиғат бағындырылған құрметті де қадірлі Алланың жаратқаны: «Ол сондай Алла, жер жүзіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты. Сонан кейін аспанға көңіл бөліп оны жеті қабат көк етіп тәртіптеді. Ол әр нәрсені толық білуші» (Бақара: 29). Осымен бірге, Құран адамның әлемде қалаған нәрсесін істейтін абсолютты патша емес екенін де айқындайды. Басқа жаратылыстардан болған ерекшелігі мен мәртебесі әлемді бұзып, табиғат ресурстарын елемуге құқық бермейді. Абсолютты патша – ол Жаратушы Құдай. Адамның дәрежесі мен рөлі - Алла Тағала оны әлемде халифа етті дегенінде жатыр. Мағынасы: өзі пайда әкеле алатын және пайдалана алатын мұрагер ретінде. Алла оған басқа жаратылыстарға немесе адамға бұзақылық не зиян келтірмей прогресс пен гүлденуге ентелеуді әмір етті: «Сәмүд еліне туыстары Салихты жібердік: “Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа ешбір тәңірлерің жоқ. Ол, сендерді жерден таратып әрі онда өмір сүргізді. Енді Одан жарылқау тілендер. Және Оған тәубе қылыңдар. Күдіксіз Раббым жақын тілеуді қабылдаушы”, - деді» (Һуд: 61), «(Мұхаммед) сол уақытта Раббың періштелерге: «Әрине мен жерде бір орынбасар жаратамын!»,- деген еді. (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз» деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»,- деді» (Бақара: 30).

Адам мен айналасындағы әлеммен байланысын айқындау үшін ислами шариғат жүздеген заңдар мен егжей-тегжейі бар жолдаулар орнатты. Мысалы:

1. Жан-жануарларға қамқорлық

Жан-жануарларға қамқорлық жасауға шақыратын Мұхаммедтің көптеген сөздері бізге жетті. Сөздерінде жануарларға ықыласты болғандарға Ақыретте үлкен сауап бар, және жануарларға зиян келтіруден тыйып, зиян келтіргендерге Алла Тағаладан болатын қатты жаза уәде етілгені туралы айтылады.

1824 жылы «Хайуанаттар құқықтарын қорғауға арналған меншікті (корольдік) қоғам» атты Ұлыбританияда ең бірінші болып хайуанаттардың құқықтарын қорғайтын қоғам құрылды. Және хайуанаттарға зорлық-зомбылық көрсету қылмыс болып есептейтін ең бірінші замануи заң Ұлыбританияда 1949 жылы қабылданды. Ал Ислам болса, 14 ғасырдан артық уақыт бұрын хайуанаттарға зорлық-зомбылық көрсетуді қылмыс ретінде харам еткен. Жануарды аш ұстау, оны азаптау, көтере алатыннан көп жүктеу, оған зиян келтіретін тәсілмен ойнау, тіпті бетінен ұру харам екені туралы мысалдар Мұхаммед пайғамбардың көптеген сөздерінде бізге жеткен. Мына мысалдар және тағы басқа белгілі үкімдер ислами фикһ кітаптарында кездеседі.

Оқырман Мұхаммедтің бір жезөкше әйел (исламда қатты харам етілгендердің бірі) шөлдегеннен өлейін деп жатқан итті көріп, жағдайына рахымшылық білдіріп, аяқ киімін шешіп, оған құдықтан су толтырып, итті сусындырып, және бұл себепті Алла Тағала бұл әйелге күнәларын кешіргені туралы адамдарға хабарлап айтқан сөзін естігенде, Исламның жануарларға деген қамқоршылығының қандай дәрежеде екенін түсінетін шығар! Ол мына сөзі: «Шөлдегеннен өлейін деп жатқан, құдықты айналып жүрген бір итті Бәну Исраил жезөкшелерінен болған бір әйел көреді. Аяқ киімін шешіп, итті сусындырады. Осы себепті, Раббысы оны кешірді» (Әл-Бұхари, 3280).



Хайуанаттарға зорлық-зомбылық көрсету қылмыс болып есептейтін ең бірінші заң Ұлыбританияда 1949 жылы қабылданды.



«Хайуанаттардың құқықтарын қорғайтын ең бірінші қоғам», 1824 жыл.



Жануарды аш ұстау, оны азаптау, көтере алатыннан көп жүктеу, оған зиян келтіретін тәсілмен ойнауды Ислам 632 жылы харам еткен.

2. Өсімдіктерге қамқорлық

Ислам егін-өсімдіктерді күтуге шақырады. Ал, ол іс адамның өз пайдасы үшін болсын немесе басқа адамдардың, жануарлардың пайдалары үшін болсын – ол маңызды емес.

Осы шақырудан Мұхаммедтің кімде-кім егін сеуіп, немесе жаратылыстарға пайда әкелетін өсімдіктерді өсіруге үлесін қосып, ол өсімдіктерден құс, адам, жануар жесе, оған осы ісі үшін садақа болып жазылатыны туралы сөзі болады: «Қандай да бір мұсылман өсімдік сепсе немесе егін ексе, одан құс, не адам, не жануар жесе, оған осы үшін садақа болады» (әл-Бұхари, 2320).

Құрметті пайғамбарымыз мұсылманды қапас және ауыр жағдайларда да қоршаған ортаға қамқорлығын тастамай, жерді гүлдендіріп, егінмен өркендетуге шақырады. Тіпті, ешкім ол егінмен пайдаланбайтыны айқын болғанда да, әлемнің ең маңызды құбылыстардың бірі Қиямет күні келгенде де біреудің қолында жас өркен болса, шамасы жеткенше дейін, оған садақа жазылу үшін, өркенді отырғызуға асықсын: «Қиямет күні келгенде, біреулерінің қолында жас өркен болса, оны отырғызғанша дейін тұрмауға шамасы жетсе, соны істесін» (Ахмад, 12981).

Жерді өңдеу, гүлдендіруді - қапас және ең ауыр жағдайлар болса да, адамды ол істен ешнәрсе алаңдатпайтын мақсат пен ғибадаттан қылды.

3. Табиғи ресурстарға қамқорлық

Қоршаған ортаны сақтау, табиғи ресурстарын ысырап қылмау, немесе кірлетпеу, бұзбауды Ислам талап етіп, адамдарға «Емдеуден бұрын қорғау» ұранына негізделетін толыққанды бағдарлама ұсынып отыр. Бұл бағдарламаға кіреді: жеке бас гигиенасын және оның түрлерін ұстану; табиғи шикізат көздерін сақтап, оларды үнемдеп қолдануды, оларды бұзып немесе ластауды қылмыс деп білуді тиынақтау және т.б. Мысалы:

- Ислам табиғи ресурстарды ысырап қылуды харам етті. Әсіресе – су. Суды ысырап қылу - тахарат (намаз алдында белгілі дене мүшелерді сумен жуу) алып Алла Тағалаға ғибадат қылам десе де болмайды.



- Ислам бедел мен күш иелерінің табиғат ресурстарын, басқалардың зиян шегулеріне апаратын жеке-дара басқаруларына тыйым салады. Суды монополиялауды (табиғи ресурстарға мысал), жарықты монополиялау (электр токқа мысал), жайылымдарды монополиялауды (азық өнімдерге мысал) тыйым салады (Әбу Дәуіт 3477).
- Ислам діні қоршаған ортамызға зиян келтіретін әрбір нәрсеге тыйым салды. Мысалы: ластау себепті, ағынсыз суға кіші дәрет сындыру; сапардың қиыншылықтарынан, жолдан шаршап, деп алу үшін жолаушы тоқтайтын немесе адамдар өтетін жерлер болғандықтан жол мен көлеңкеге үлкен дәретке отыруға тыйым салынды.

Бұлар діндегі тек азғантай таңғаларлық емес мысалдар ғана. Осы діннің құрметті елшісі қоршаған ортаны қоқыстардан тазалауды және зиян нәрселерді жолдан алып жетілдіруді тек жақсы амал ғана емес деп, тіпті оларды хақ иманның бір үзіндісі деп санаған (Муслим 35).

Ғылым діні

Пайғамбарымызға Құран Кәрімнен «оқы» деген сөз ең бірінші болып түскені кездейсоқ емес. Одан кейін ол сөзді растайтын Құранда да, Алланың елшісі Мұхаммедтің сөздерінде де, Исламның адамзатқа пайда әкелетін ғылымдардың барлығына қолдауы айтылады. Тіпті, мұсылман білім мен тануды талап етіп жүрген жолы – оны жәннатқа апаратын жолы болады. Пайғамбарымыз айтқандай: «Кімде-кім білім іздеу жолына ілессе, Алла Тағала оған жәннатқа апаратын жолын жеңілдетеді» (Муслим 2699).

Бір тамаша теңеу бар. Алланың елшісі оны былай түсіндіреді: шын мәнінде ғалымның тек қана ғибадат қылатын кісіге қарағандағы артықшылығы – құрметті Алла елшісі Мұхаммедтің адамдардың ең қарапайымы қасындағы артықшылығы сияқты. Міне мына сөзінде: «Ғалымның ғибадатшыға қарағандағы артықшылығы, менің сендерден ең төмен адамға қарағандағы артықшылығым секілді» (әт-Тирмизи 2685).

Міне сол себепті, басқа діндерде болған сияқты дін мен ғылымның арасындағы тартысты Ислам білген жоқ. Зұлымды ғасырларда болған оқиғалар сияқты, табиғи ғылыми пікірлер мен тұжырымдар үшін Исламда ғалымдарды ешкім сөгіп, соттаған жоқ. Бірақ, толықтай керісінше болды. Дін – ғылымның шырағы, қолдаушысы, ғылымды үйренуге және үйретуге шақырушы болды; ғылымда адамзат үшін жақсылық барда мешіттер ғылым мен танудың түр-түріне шамшырақ болатын.

Сол уақыттағы мұсылман табиғатты зерттеген ғалымдардың көбісі өмірлерін Құран Кәрімді оқып жаттаумен, дінді терең түсінумен бастап, одан кейін өздерінің салалары мен мамандықтарының биік шыңдарын алғандарына біз таң қалмаймыз.

Адамдарға жақсылық үйрететін ғалымды Алла Тағала құрметтеп, оған тәж кигізгендей жоғары дәреже берді. Тіпті, Алла елшісі адамдарға жақсылық үйретушіге барлық жаратылыс дұға етеді деген: «Шын мәнінде, Алла Тағала, Оның періштелері, жерлер мен аспандарды мекендеушілер, тіпті өзінің ініндегі құмырсқа да, тіпті кит те адамдарға жақсылық үйретушіге дұға жасайды» (әт-Тирмизи 2685).

“
Табиғат және медицина
ғылымдарын зерттеген
мұсылман ғалымдар өмірлерін
оларды басқа ғылымдарды
терең зерттеуге шақырған
Құранды үйренумен бастады.

Кейбір мұсылман ғалымдары


1. Әл-Хауаризми (Бағдад, 790-850жж)

Математика, геометрия, астрономия ғалымы; алгебра ғылымының негізін қалаушы. Кітаптары басқа мәдениеттерге ерте аударылып, сол себепті оларға «Algebra» «әл-жәбр» (алгебра), «zero» «сыфр» (нөл) секілді араб тілінің сөздері кіріп кеткен.



2. Ибн әл-Хәйсам (Каир 965-1040жж)

Физика, геометрия ғалымы. «Әл-Азһар» үлкен мешітімен байланысы болған. Оптика ғылымына үлкен үлестер қосқан. Қазіргі камераның прототипын ойлап шығарған делінеді. Және зерттеушілердің көбісі көптеген тілдерде кең тараған «камера» сөзінің түп нұсқасы араб тілінің «кумра» деген сөзінен шыққан деп айтуда. «Кумра» - Ибн әл-Хәйсам ойлап шығарған жарықтық бөлменің атауы.



3. Әл-Бәйруни (Хаварезм 973-1048жж)

Үлкен астрономия ғалымы. «Жер өзінің өсін айналады» деген сөзді ең бірінші айтып, жердің тартымдылық күшінің (гравитация) бар екеніне нұсқаған.



4. Әз-Заһрауи (Андалус 936-1013жж)

Мұсылман дәрігер хирург. Хирургия ғылымы қолынан дамуын тапқан. Тіпті, өзінің кітаптарында өзі ойлап шығарған жүздеген хирургиялық инструменттерді сипаттап кеткен. Сол ғасырларда көптеген тілдерде оның кітаптары медицина және хирургия ғылымдарының басты дереккөздеріне айналған.

5. Ибн Сина (Бухара 980-1037жж)

Ғылыми ортада «Авиценна» деген есімімен танымал, дәрігер, белгілі философ. Өз заманынан медицина феномендарын және оларды емдеу жолдарын сипаттап алға озған. Ізденіс жұмыстары мен медицина оқуында ғылыми практиканың дәрежесін көтеріп, практикасы оны шебер нәтижелерге жеткізіп, нәтижелері өз ғасырынан озып, қазіргі заманға дейін жетіп отыр. Еңбектерінің үлкен бөлігі жеті ғасыр бойы медицина ғылымының басты дереккөзі ретінде қалып, Еуропа Университеттерінде он жетінші ғасырдың ортасына дейін оқулық ретінде жүрген «Дәрігерлік ғылымның ережесі» деген кітабында айқын көрінеді.

Медицинамен аты танымал болғаннан кейін науқастарды өзінің адамгершілігімен ақысыз емдейтін болған. Ғылым және тану нығметтері үшін Аллаға шүкір!

6. Ибн ән-Нафис (Дамаск 1213-1288жж)

Шариғат және фикһ ғалымдарының бірі, сонымен бірге медицина ғалымдарының үлкені де болатын, тарихтағы физиология ғалымы. Ең бірінші болып кіші қанайналым шеңберін дәлдікпен тауып, оны сипаттаған. Қазіргі заманда да қолданатын көптеген медициналық теорияларын қойған.



Ислам адам өмірінің барлық салаларын қамтиды

Адамдардың көбісі Исламның тек рәсімдер, амалдар және жалпы этикалық нормалар ғана емес екенін білгенде таңырқайды. Себебі, басқа діндерде көретіндері тек осылар ғана болған.

Ислам – мұсылмандар дұға мен намаздарымен мешіттерінде айналысатын тек рухани қажеттеліктерін өтейтін дін ғана емес...

Сондай-ақ, тек оған ілескендер дұрыс деп санайтын пікірлер, сенімдер және философия ғана емес...

Және де, тек экономикалық немесе әлеуметтік толыққанды заң ғана емес...

Және тәртіп сақтау мен қоғамды құрастыру теориялар мен қағидалары ғана емес...

Тек адамдармен араласқанда қолданатын инабаттылық нұсқаулар, мінез-құлық нормалар туралы тізбек қана емес...

Бірақ-та, Ислам – өмірдің барлық салаларын, аспектілері мен көкжиектерін қамтитын толыққанды бағдарлама. Жоғарыда айтылып кеткеннің барлығын және одан да басқасын қамтыған. Сонымен бірге, адамдарды байламай, керісінше, өзгерту, ойлап шығару, және өркениетті құрулары үшін өмірлерін жеңілдетіп бостандықтарын беріп қойған. Ислам – Алла Тағала өздерінің құлдарына берген нығметтердің ең ұлысы. Бұны Құран Кәрім растап былай дейді: «Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым» (Мәида: 3).

Бірде, мұсылмандардан болмаған бір кісі құрметті Алла елшісінің бір саһабасы (Сальман әл-Фарисиге) былай деп мысқылдайды: «Сендердің достарың (яғни, Алла елшісі) сендерге бәрін үйретеді. Тіпті кіші дәрет пен үлкен дәреттің әдебін де үйретті ма?». Сонда қадірлі саһаба: «Иә, бұны да үйрендік», - деп жауап беріп, бұл жайындағы Исламдағы үкімдер мен әдептерін ескертті (Муслим 262).

Дүние мен Ақырет

Ежелгі мысырлықтар қайтыс болған кісілердің о дүниеде қажет етеді деп, денесін мумиялап, қымбат дүниелерін бірге көметін.

Ислам – өмірдің барлық салаларын, аспектілері мен көкжиектерін қамтитын толыққанды бағдарлама.

Бұған қарама-қайшы Тибет халықтары мәйіттерінің денелерін бөлшектеп, жыртқыштар және құстар жесін деп жоғарыға қоятын. Ал индустар болса, мәйіттерін отқа жағып жібереді. Себебі, дүние салған кісілердің рухтары денеден босау үшін жалғыз жол деп сенеді.

Бұл мәйіттерді көму, олармен қоштасу рәсімдерінің кішкентай ғана мысалдары. Ал ондай рәсімдер заманға, мекенге, дінге, адамдардың өлімнен кейін не болатыны туралы діни сенімдеріне байланысты түрлері өте көп болып келеді. Бұл рәсімдер өмірлік маңызы бар терең жатқан сұрақтардың сыртқы көрінісі: «Өлімнен кейін басқа өмір бар ма? Бар болса, ол қандай болады? Және ол өмірде нені қажет етеміз?»

Мындай сұрақтарды тудыратын бір себеб бар, ол: өлім – барлығымызды күтіп тұрған, бүкіл адам келісетін үлкен ақиқат. Ақырет өміріне иман келтірсек те, не сезім мүшелеріміз ұстап-көретін нәрселерге ғана шектелген сенімдеріміз болса да; ол тағдырлы мезетке дайын болдық па, не көптеген жұмыстар, ермектермен алданып немқұрайлы болып сылтаурағамыз ба – ол үшін ешкім ерекше болмайды.

Дегенмен, елемешілік пен немқұрайшылық таныту мүмкін болмайтын бір сұрақ қалады. Адам өз-өзімен жеке қалғанда, осы сұрақ қайта-қайта тынышын алады: «Шынында, өлім бүкіл нәрсенің соңы ма? Одан кейін ештеңе болмай ма? Болмысымыздың бір мағынасы бар ма?»

Ойымыздан бұл сұрақ кетпей, оны Құран Кәрім бізге әртүрлі тәсілдермен қайта-қайта айтады. Сол уақытта, Қиямет күні осы сұраққа жауап іздеу үшін өз нәпсілерімен тоқталмай, алдағы сапарға дайындалмағандары үшін көп адамдардың өкінулері мен күйінулері туралы да айтады. Ондағы уақытта кейбіреулері: «Әттең! Тіршілігім үшін бір нәрсе жіберген болсам еді», - деп, басқа біреулері: «Әттең! Топырақ болып кеткен болсам», - дейді (Фәжр: 24, Нәбә. 40).

Аспан діндерінің барлық өкілдері Ақырет өміріне, ондағы сауап пен жазаға иман келтіретіндері белгілі. Өйткені, ол – күллі елшілер шақырғандарының мәні. Және ой-санамыз да өмірдің, діннің, көркем мінездің де әрбір адам жақсылығына сауап, жамандығына жаза алатын басқа өмірі болмаса ешқандай мағыналары болмайтынына куәлік етеді.

Бірақ, адамдардың көбісі дін мен ғибадатты табысты иемдену, рахаттану және прогресспен біріктіруге болмайды деген ойда. Тек Ақыретке немесе осы дүниеге ғана амал жасайсың; мұндай амалдарды бір уақытта жинау – күн мен түнді бірге жинай алмағандай жинай алмайсың; бір мезет анда не бір мезет мында ғана бола аласың деп санайды.

Аспан діндерінің барлық өкілдері Ақырет өміріне, ондағы сауап пен жазаға иман келтіреді.

Ал егер, оларға Ислам сенімінде ғибадат пен рахат немесе ғибадат пен табыс жинаудың араларында ешқандай бөгет жоқ деп айтылса, таң қалулары аяқталмай, тіпті, кейбіреулерінің ондай нәрсеге сенулері қиындай түседі... Құрметті Алла елшісі Мұхаммед адам қандай салада болмасын жақсылық жасау ниетімен дұрыс амал істесе, оған Ақыретте сауап алатыны туралы бізге хабар берген. Тіпті, адамдар өтетін жолдан тікенек алатын болса да, не әйелінің аузына салған тамақ үзіндісі болса да сауап бар (әл-Бұхари, 56).

Құрметті Алла елшісі Мұхаммед жақсылық жасаудың есіктері сан түрлі және бітпейтіні туралы хабарлап, мысал ретінде бір жағдайды айтқанда саһабалары таңырқап қалды. Ол мысалда пайғамбарымыз былай деп айтқан: «Сендердің біреулерің өзінің әйелімен құштарлығын қандырса, сол үшін оған сауап болады». Сонда саһабалары: «Сауаптың құштарлықты қандыруменен қандай байланысы бар?» - деп сұрады. Алла елшісі: «Егер бір кісі құштарлығын хараммен қандырса, күнә жасар


еді ғой, иә?», - деп сұрайды. Олар: «Иә», - дейді. Пайғамбарымыз: «Міне осы себеппен, дұрыс жол таңдағаны үшін оған сауап жазылады», - деді. (Муслим 1006).

Құран Кәрім Ақырет өмірі мен осы дүние өмірі арасындағы хақ тепе-теңдікті құптайды. Құран бір кезде Ақыреттегі сауап үшін адамдардың ғибадаттарына түрткі болса, сол кезде Алла Тағаланың мейірімімен берілетін ырзық үшін осы дүниеде де тырысушылық жасауды айқын айтады.

Осыған орай, кімде-кім Исламмен танысқан бірінші мезетінен-ақ Ақырет өмірі мен осы дүние өмірі арасындағы Құран Кәрім суреттегендей хақ тепе-теңдікті байқайды. Құран бір кезде Ақыреттегі сауап үшін адамдардың ғибадаттарына түрткі болса, сол кезде Алла Тағаланың мейірімімен берілетін ырзық үшін осы дүниеде де тырысушылық жасауды айқын айтады (Жұма 9-10). Кез-келген амалды жасағанда Алла Тағаланы көздесе, осы амалымен сауапқа лайық болады. Мұсылманға ырзық табуда, балаларын тәрбиелеуде, денсаулығын күтуде, қоршаған ортаның, қоғамының дамуына үлес қосуда, жұмысында, мамандығында ыждаһат танытып жақсы амал атқаруымен Алла Тағалаға құлшылық жасауға әмір етілгендей намазымен, садақасымен, оразасымен де құлшылық жасауға әмір етілді.

Міне, бұл – адамның жан тыныштығы мен ішкідүниесінің байсалдылық сырларының бірі. Мұсылманның не талас, не екіжақтылық жоқ, бір-бірін толықтыратын бір құрылыс секілді дүниесі мен Ақыреті, ғибадаты мен рахаты арасындағы келісушілікті сезгендегі халі.

Құран Кәрім ислам философиясын өзіне сіңірген мұсылманның ұранын бекітіп, бар дауысымен жария етуін әмір етеді: «Намазымды, ғибадатымды ғана емес, қандай жағдай болмасын өмірімнің барлығын Алла Тағалаға арнадым. Өмірімнің барлық жағдайында Алланың разылығы үшін амал жасап, Оның сауабына үміт етемін. О дүниеге аттанғанымда, амалдарыма үкім беріп, не сауап, не жазамды береді. Осылайша, Алланың әміріне және Оның діні Исламға ілескендердің қатарынан боламын» (Әнғам: 162).



Қарым-қатынас және ынтымақ діні

Мұсылман зерттеуші және саяхатшы Ахмед ибн Фадланның Ресей, Дания, Скандинавия елдерінің ауқымды территорияларын сипаттағаны – әлемдегі бірінші нақты сипаттау болып саналады. Онымен бірге, еңбегінің арқасында ол аймақтағы адамдардың тұрмысы, қоғамдарының ерекшеліктері жайлы анализдерін әлем таныды.

Ахмед ибн Фадлан 921 жылы орта ғасырлардағы цивилизациялық қарым-қатынастың маңызды сапарларының бірі болып саналатын керемет саяхатқа шықты. Жолын ол уақыттағы өркениет пен ғылымның астанасы Бағдад қаласынан бастап, көптеген халықтар мен елдерді аралап шыққан. Көрген көріністерді, өзі куә болған оқиғаларды толық кітабында сипаттаған. Ол кітабы бірінші рет 1923 жылы Ресейде табылған нұсқасы бойынша басылып шыққан.

Ибн Фадлан кітабі маңыздылығының себебі, америкалық ғалым Майкл Крайтонның айтуынша, Бағдад қаласындағы мұсылмандар діндерін қатты ұстанғандарымен, өздерінен діни сенімдері, сыртқы келбеттері мен мінез-құлықтары айрықша болған халықтарға ашық еді. Ол кезеңде бағдадтықтар аз оқшауланған халық болып, кітап оларға басқа халықтардың мәдениеттерін тамашалайтын бірегей куәгерлер болуға мүмкіндік берген болатын. (Майкл Крайтон «Мәйіттерді жеушілер»)

Ислам адамдармен бірге өркениетті қалыптастыру, мәдениетті жақсартуға, және адамдардың діндері мен мәдениеттері қаншалықты әртүрлі болғанымен олармен көркем мінездің жоғары дәрежесінде қарым-қатынасқа түсіп араласуға шақырады. Және адамдардан алыс болып, оқшаулану – исламдағы дұрыс жол емес екенін айрықша басып айтады. Сол себепті, Алла елшісі Мұхаммед адамдармен араласып, олардың қателері мен зияндарына сабыр қылған адамды, адамдардан оқшауланып, алыс жүретіннен қайырлы деп санаған (Ибн Мажәһ 4032).





**Жаратушы –
біреу... Құдай – біреу**

Ислам

Ислам теорияда ғана болған сенім иманға кіру үшін жеткіліксіз дейді. Егер Жаратушы Рабб біреу болса, құлшылық, ғибадат жасалатын құдай да біреу болу керек деп айтады.

«Аллаһ» деген сөз араб тілінде үш мағынаны білдіреді:

- Адамдар намаздарын, оразаларын және барлық ғибадат түрлерін арнайтын, жүректерімен ықыластанатын, құлшылық тек Оған ғана жасалатын Объект.
- Адам санасы ұлылығын қамти алмайтын, болмысын ұға алмайтын - заты, айбындылығы мен сипаттарында Ұлы.
- Жүрек байланған, жан ынталанған; Ол туралы еске алғанда қуанатын, Оған ғибадат жасағанда, жақын болғанда жан ләззатанатын күдірет.

Құран Кәрім «Аллаһ» сөзінің түсінігін дұрыстау керек екенін, және Алланың ұлылығы мен күдіреттілігіне кемшілік келтіретін барлық жала мен бұрмалаулардан тазарту керектігін айтады.

Алла Тағала Құран Кәрімнің түсіндіруі бойынша, осы әлемді және заңдарын Бастаушысы, Жаратушысы. Дүниеде бір нәрсе қандай кішкентай болсын пайда болса, оны Алла Тағала жаратты және

Оның қалауы, жазуы мен білімімен пайда болды. Тек қана Оның білімі мен қалауымен ғана жаратылыстың кез-келген түрдегі ұрғашысы құрсағына жаңа жан көтеріп, оны туа алады. Тіпті, жаңбырдың аспаннан тамшылауы болсын, осы әлемнің қандай да бір бұрышында, күндіз не түнде, жасырын не көмес бір өзгеріс болсын тек қана Алла Тағаланың білімі, күдіреті және мейірімімен болады (Фуссыләт 47; Әнғам 59).



Құран Кәрім барлық нәрселер Алла Тағаланың білімі мен күдіретімен пайда болатынын айрықша айтады. Тіпті, жаңбырдың тамшылауы мен ағаш жапырақтарының жерге түсуі.

Ең көркем, кәміл, әсем сипаттар Алла Тағалаға тән. Ол жеңілмейтін Аса күдіретті, мейірімі дүниедегі барлық нәрсені қамтитын Аса мейірімді, кемшіліктің қай бір түрі болмасын Оған қатысты емес Аса Ұлы!

Кейбіреулер «Алла Тағала аспандар мен жерді алты күнде жаратып, жетінші күні дем алды» деген сөзді айтады. Құран Кәрім бұл дәлелсіз сөзді теріске шығарып, айқын түрде былай дейді: «Расында көктер мен жерді және екеуінің арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, Бізге шаршау тиген жоқ» (Қаф: 38). Мындай және оған ұқсас дәлелсіз ұғымдар, ақыл-сананың жаратылыстардан білген нәрселерін Алла Тағалаға ұқсатқаннан ойға келеді. Алайда, Алла Тағала Жаратушы, ал Одан басқасы жаратылған. Қалайша жаратылысты Жаратушымен салыстыруға болады? Құранда: «Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла, әр нәрсені естуші, толық көруші» (Шура: 11) делінеді.

Алла Тағала шаң түйіршігіндей болсын зұлымдық жасамайтын Дана, Аса әділетті. Өміріміздегі Одан келген жақсылықтарымен даналығы мен кішіпейілділігін көреміз. Кішкентай бала ата-анасының кейбір істеген әстерін өзінің ойлау қабілетіне байланысты түсіне алмай немесе түсіндіре алмайтындай, дәл солай адам баласының ақыл-санасы Алла Тағаланың кейбір жаратылыстары мен қалауындағы даналығын түсіне алмайды.

Ислам осымен аяқтамай, иманға (сенімге) кіру үшін теориялық сенім жеткіліксіз дейді. Егер Жаратушы Раббы біреу болса, құлшылық арналатын Құдай да біреу болуы жөн. Алладан басқасына құлшылықтың бірін арнау немесе басқа біреуден дұға сұрау – дұрыс емес. Ғибадатты ешқандай дәнекер, шапағатшысыз тек қана Алла Тағалаға арнау дұрыс болады. Жаратушы Алла Оған серік қосудан жоғары және Аса күдіретті.

Осы дүниеде патша немесе президент халқының жарлық-кедейлерінің қажеттіліктерін тек қана жағдайларын жеткізетін көмекшілері мен жақындастары арқылы біліп, оларға қол ұшын созу үшін да көмекшілеріне жүгінетін болса, Алла Тағала көмес және көрнекі нәрселерден хабардар, Аса күдіретті, Патша, Оның қолынан бүкіл нәрсе келеді, күллі әлем қолының астында, егер бір нәрсені қалайтын болса Оған тек «Бол» деген сөз айту жеткілікті... Олай болса, неге басқа біреуге қол жаямыз?

Құран Кәрім мұсылман жүрегінің тыныштығы мен кеудесінің кеңеюі Алла Тағаланың алдында қажеттіліктерін айтып қолын жайып жүгінуден ғана толық, кәміл болатынын айтады. Ал Алла Тағала болса, Ол сондай – қолынан барлық нәрсе келетін, Аса Ұлы, пенделерін жақсы көретін, оларға кішіпейіл, және оларға жақын, егер құлдары Одан дұға сұраса қуанатын, оларды қадірлеп сұрағандарын дұғалары мен Раббыларына ұмтылуларына қарай береді (Бақара: 28, Нәмл: 62-63).



Исламдағы анық ережелердің бірі – құлшылықты тек қана Аллаға ғана арнау, Одан басқасына жасалатын ғибадаттан бас тарту. Құран Кәрімнің айтуынша, бұл барлық елші-пайғамбарлардың шақырған үндеулері.

Осыған орай, Исламдағы анық ережелердің бірі – құлшылықты тек қана Аллаға ғана арнау, Одан басқасына жасалатын ғибадаттан бас тарту болып табылады (Нахыл: 36). Құран Кәрімнің айтуынша, бұл барлық елші-пайғамбарлардың шақырған үндеулері. Пайғамбар, періште, әулие қандай саликалы болмасын, оларды Алла Тағала мен құлдарының арасындағы дәнекер деп, олардан дұға сұрауға болмайды... Себебі, олар да Алла Тағаланың жаратқаны мен құлдары, және Алла құлдарының сөздерін

Естуші, оларға жақын, ғибадатты Оған ғана арнағанда дұғаларына жауап береді...

Патша біреу, Жаратушы біреу, құлшылық жасалынатын Құдай біреу, пана сұрау мен дұға сұрауда бір Оған ғана беталасын, бытыраңқылық пен толқу жоқ, осындайда Аллаға ғана беталған бақыт пен рақаттың дәмін қалайша сезбейді?

Мұндай мағынаны Құран Кәрімнің кішкентай болса да, ұлы және атақты сүрелерінің бірі қамтиды. Бұл сүре «Ықылас» сүресі.

Ықылас сүресі

Алла Тағала өзінің пайғамбары Мұхаммедке «Алла кім?» деген сұраққа жауап бергені сияқты, бұл сүрені бүкіл анығымен жария етуді әмір етті.

- Алла Тағала біреу. Құлшылықта Оның серігі жоқ.
- Алла – бүкіл жаратылыстар қажеттіліктерін тілеп, тәуекел ететін құдай.
- Ол тумаған да туылмаған, ол мүмкін де емес. Себебі, Оның алдында еш нәрсе болмаған, ол – Бірінші.
- Заты мен сипаттарында Ол іспеттес не Оған ұқсаған ешкім жоқ. Себебі, Ол – Жаратушы, ал Одан басқасы – жаратылыс.




Табиғат заңдары мен шарифат заңдары арасындағы байланыс

Алла Тағала осы әлемді денеміздегі тым ұсақ жасушадан бастап (немесе одан да кішкене денеден) замануи қуатты үлкейткіш құрылғылар ғана көрсете алатын алыс галактикаларға дейін бар дәлдікпен және онсыз өмір де табиғат та бар болмайтын кәміл тәртіппен жаратты. Жаратылыстану ғалымдарының айтуларынша, бұл тәртіптің болмашы болса да ақаулығы пайда болса, міндетті түрде опат пен ойранға апарады...

Мұсылман осындай тәртіпті тамаша дәлдік пен даналықпен жаратқан Раббысы өзінің құлдары үшін қандай шарифат, үкімдер мен заңдар мінсіз түрде жанасымды екенін біледі деп; және Алла Тағала шарифат еткен діні шектен шығудан, тепе-теңдік пен гармонияның бұзылуынан құтылуды мүмкін ететін адам өміріне мінсіз түрде лайықты жалғыз жүйе екеніндігіне сенеді. Алла Тағала Құранда әлемді, адамзатты жаратқан оларға не қайырлы болатынын жақсы білетіні туралы түсіндіріп кеткен: «Жаратқан білмей ме? Ол тым жұмсақ, әр нәрсені толық білуші» (Мүлк: 14).





Исламда «абыздық» жоқ

Діндердің көбі кейбір адамдарға діни ерекшелік беріп қойғанын көреміз. Адамдардың имандары мен құлшылықтарын осы діни ерекше болып жүрген адамдардың ризашылығы мен жақтыруларына байлап қойған. Осындай діндер бойынша, діни ерекше болып жүрген адамдар Алла Тағала мен қарапайым адамдардың арасындағы дәнекер рөлінде жүреді. Сенімдері бойынша, ондай ерекше адамдар ғайыпты біліп, жарылқау беріп, оларға қарсы келу анық опаттың себебі болып табылады.

Ал Ислам дініне келсек, онда «діни ерекше адам» деген лауазым мүлде жоқ. Ислам адамды құрметтеп, дәрежесін көтерді. Алла Тағала мен адамның арасындағы дәнекер бола алатын кез-келген рухани қожалықтан босатты. Адамдардың бақыты, тәубелері, құлшылықтары басқа «ерекше діни» адамдардан қандай салықалы да артықшылықтары мол болса да, олармен байланысты болуын жоққа шығарды.

Ислам адамды діни білім тек қана оған тиесілі дейтін діни білім қожалығынан да босатты. Құран Кәрім діни білім мен Құранды түсінуді барлық адамдарға тиесілі қылып қана қоймай, Құранды оқу, оны түсіну, мағыналары туралы ойлану және Құран бойынша амал жасауды әмір етіп, міндеттерден қылды (Сад: 29).



Ислам адамды құрметтеп, дәрежесін көтерді. Алла Тағала мен адамның арасындағы дәнекер бола алатын кез-келген рухани қожалықтан босатты. Адамдардың бақыты, тәубелері, құлшылықтары басқа «ерекше діни» адамдардан қандай салықалы да артықшылықтары мол болса да, олармен байланысты болуын жоққа шығарды.

Құлшылық пен иман адам мен Раббысы арасында ғана болады. Ондайда адамдардың біреуінің де айрықша артықшылығы болмай, дәнекер бола алмайды. Алла Тағала құлдарына жақын. Дұғаларын естіп,

жауап береді, құлшылығын, намазын көріп, сауабын береді. Адам баласының біреуінде де жарылқау бере алатындай, тәубені қабыл алатындай хақы жоқ. Пендесі ықыласты болып, тәубесіне келсе, Алла Тағала тәубесін қабыл алып, оны жарылқайды. Құран Кәрімде айтылғандай, Алла Тағала Оған жүгініп, дұға сұрағандарында, барлық пенделеріне жақын: «(Мұхаммед) егер құлдарым, Мен туралы сенен сұраса: «Өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине тура жол тапқан болар еді»» (Бақара: 186).



Алла Тағала Оған жүгініп, дұға сұрағандарында, барлық пенделеріне жақын екені туралы Құран Кәрім айтады.

Ислам дінін қабылдау үшін арнайы рәсімдер бар ма?

Ислам дініне разы болған адамға оны қабылдау үшін қиын, шырмаланған рәсімдер жоқ. Ол үшін арнайы жерге, белгілі бір адамның алдына келу қажет емес. Егер шынайы түрде Ислам дінін қабылдағысы келсе, екі куәлікті мағыналарын біліп, иман келтіріп, олар нені меңзейтіндерге көніп сөзбен айту керек. Міне, мына екі куәлікті:

- «*Әшһадү ән лә иләһә илләЛлаһ*» /Алладан басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін/ (яғни, Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне сеніп, куәлік етемін. Және серігі жоқ, Жалғыз Оған ғана құлшылық етемін).
- «*Уә әшһадү әннә Мухаммадан расулуЛлаһ*» /Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік етемін/ (яғни, Мұхаммед жалпы адамзат үшін Алланың елшісі екеніне куәлік етемін. Әмірлеріне көніп, тыйым салғандарынан алыс жүремін. Және шариғаты мен сүннеті бойынша Алла Тағалаға құлшылық етемін).



Пайғамбарлар деген кімдер?

Алла?

Алла Тағала адамзатты Оған құлшылық жасаулары үшін жаратты. Және адамдарға Алла Тағаланың шариғатын үйретулері, дінін ескертулері, адамдардың діндері мен дүниелерін жақсартулары, қауымдарына ізгі үлгі болулары, тура жолдан ауытқуды дұрыс жолға салулары, адамдарды тура жолға шақырулары, және адамдардың пайғамбарларға иман келтірмегендеріне сылтау болмауы үшін пайғамбарларды жіберді. Шын мәнінде, ол пайғамбарлар кімдер?

Пайғамбарлардың адамдық қасиеттері

Құран Кәрім көптеген аяттарда пайғамбарлардың барлығы адамзаттан болғандары және Алла Тағала оларға уаһи мен шарифат бергені арқылы оларды ерекше қылғаны туралы айқын түрде айтады. Біз бен пайғамбарлар арасында адамдық тұрғыда ұқсастық болса да, олар тура жол мен тазалықтың жоғары дәрежесінде болып, Алла Тағала оларды діни мен шарифатын адамдарға жеткізулері үшін таңдады. Құранда айтылғандай: «(Мұхаммед) Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған уаһи етілуде»-де» (Кәһф: 110).

Пайғамбарлардың барлығы – адам. Адамдар сияқты дүниеге келеді, дүние салады, олар сияқты ауырады және дене құрылыстары мен қажеттіліктерінде басқа адамдардан айырмашылықтары жоқ.

Олардың бойларында құдайшылдық қасиеттер болмаған. Себебі ондай қасиеттер тек Жалғыз Алла Тағалаға ғана тән. Бірақ-та, оларға уаһи келген. Яғни, оларға Алла Тағаланың әмірлері періштелер арқылы немесе басқа жолдар арқылы жететін болған. Алғашқы үмметтер уаһи келгенде таңғалған. Ондай таңырқауды Алла Тағала теріске шығарып, оған ешқандай себеп жоқ екенін айтты. Себебі, Алла Тағаланың хидаятын адамдарға жеткізудің жолы осы (Юнус: 2).

Пайғамбарлардың дәрежелерінде орта жолды ұстану

Өзінің діни үндеуін жүктеу үшін Алла Тағала адамдардың ең жақсыларын таңдады. Олар

тақуалық пен салиқалық дәрежелері жоғары адамдар. Құран Кәрім пайғамбарлардың барлығын тура жолда, жақсылық істеушілер, салиқалылар, таңдалғандар және басқалардан абзал деп сипаттайды (Өнғам: 84-87).



Құран Кәрім пайғамбарлардың барлығы Алла Тағала уаһи мен діни үндеуін жүктеген адамдар екенін айқын түрде айтады.

Егер пайғамбарлардың біреуі қате істеп қойса, Алла Тағала ол амалын құптамай, қатесінен бетін қайтарып тәубеге келсін деп ескертеді. Себебі, пайғамбарлар жасайтын қателер Алла Тағала қалайтынына әдейі қарсы келгендіктен емес, бірақ, өздерінің ойларынша дұрыс деп істегендерінен болады.

Осылайша Құран Кәрімнің пайғамбарларды өте нәзік дәлдікпен сипаттағанын көреміз. Дәрежелерін тым көтермеді де, төмендетпеді. Пайғамбарлар үлкен күнәлардан пәк болғандарымен, олар құдайлар да, олардың балалары да емес. Олар – адам. Бойларында құдайшылдық, раббылық қасиеттерінің бірі де жоқ.

Бұны Құран Кәрімде келген Қиямет күні Алла Тағала мен Иса пайғамбардың арасындағы диалогы растайды. Ол диалогта адамдардың Иса пайғамбарға табынғандарына, Исаның ешқандай қатысы жоқ, ол одан пәк екені туралы Алла Тағала көрсетеді: «(Сол уақытта) Алла: “Әй Мәриям ұлы Иса! Адамдарға, Алланы қойып, мені әрі анамды екі тәңір етіп

алындар деп сен айттың ба?”,- дейді. (Иса): “Әй Алла! Сені пәктеймін. Тиісті болмаған нәрсені айту маған жараспайды. Егер деген болсам, сонда Сен, оны анық білесің. Сондай-ақ менің ішімдегіні Сен білесің, мен Сенікін білмеймін. Сен шынайы түрде көместерді толық білушісің” дейді. Оларға: “Сен, маған бұйырғанды ғана; Аллаға құлшылық қылындар! Менің әрі сендердің Раббыларың дегеннен басқаны айтпадым. Олардың ішінде болғанымда, оларға байқаушы болдым. Сен мені алған шақта, оларға өзін бақылаушысың. Негізінде Сен әр нәрсені толық білушісің.”» (Мәйда: 116-117).

Құран Кәріммен танысқан әрбір адам сүрелерінің (бөлімдерінің) бірнешесі пайғамбарлардың есімдерімен аталғанын біледі. «Ибраһим», «Юсуф» секілді сүрелер. Тіпті, бір сүренің атауын Алла Тағала Исаның (оған Алланың сәлемі болсын) анасы Мәриямнің есімімен атаған.



Пайғамбарларға қатысты Исламның ұстанатын орны

Адамдардың кейбіреулері Құранды тек Мұхаммедтің киссалары мен хикаялары ғана деп ойлайды. Ол адамдар Құранда Иса пайғамбарды (оған Алланың сәлемі болсын) жалған жалалардан ақтап және дәрежесін көтеріп 25 рет аты аталғанын, сол сияқты, Мұса пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) есімі 136 рет аталғанын, ал оған Құран түсірілген Мұхаммед пайғамбардың есімі тек қана 5 рет аталғанын білгенде таңырқап қалады. Бүгінгі күні басқа дін өкілдерінің көбісі өздерінің пайғамбарларынан басқа ешкімді мойындамай, ал кейбіреулерін дұшпан деп көретін уақытта, Құран Кәрімді оқитын әрбір кісі адам барлық пайғамбарларға иман

келтірмей мұсылман бола алмайтыны туралы көптеген аяттардағы айқын растаманы табады. Сонымен бірге, пайғамбарлардың біреуіне сенбесе, немесе діни үндеуінде күмәні болса, немесе оған жалған жала жапса Ислам дінінен шыққан болады. Құран Алла елшісі Мұхаммед және оған сенгендер Алла Тағаладан келгенге иман келтіреді, және осыған орай, олар Алла Тағалаға, періштелеріне, имандарында ешқандай парық қылмай пайғамбарларына иман келтіретіндері туралы айқын түрде айтады (Бақара: 285).



Иса пайғамбарға қатысты Исламның ұстанатын орны

Иса (оған Алланың сәлемі болсын) тарихта кездесетін маңызды тұлғалардың, және адамзатқа мол жақсылық әкелгендердің бірі болып саналады. Оған қатысты көзқарастарда адамдар оны «құдай», немесе «құдайдың баласы» дегендер және оны кемсітіп, дұшпандық көрсетіп, оған жалған жала жапқандарға бөлінеді. Ал Исламның оған қатысты ұстанатын орны қандай екен?

Иса (оған Алланың сәлемі болсын) тарихта кездесетін маңызды тұлғалардың, және адамзатқа мол жақсылық әкелгендердің бірі болып саналады. Оған қатысты көзқарастарда адамдар оны «күдай» немесе «күдайдың баласы» дегендер және оны кемсітіп, дұшпандық көрсетіп, оған жалған жала жапқандарға бөлінеді. Ал Исламның оған қатысты ұстанатын орны қандай екен?

1 Иса – ұлы пайғамбарлардың бірі

Құран Кәрім Иса (оған Алланың сәлемі болсын) ұлы және қадірлі пайғамбарлардың бірі екенін, ал анасы Мәриям шыншыл, Раббысына бойсұнған ғибадатшы, зинақорлықтан пәк қыз екенін растайды. Иса пайғамбарды (оған Алланың сәлемі болсын) Алла Тағаланың құдіретімен әкесіз көтеріп, оның жаратылысы Адам Ата әке мен анасыз жаратылғандай мәңгі бір керемет болып қалады. Алла Тағала Құранда айтқандай, оған «бол» деді де ол пайда болды: «Шын мәнінде Алла қасында Исаның жағдайы: Өзін топырақтан жаратып, сонсоң «бол» дегенде бола қалған Адамның жағдайы сияқты» (Әли Имран: 59).

2 Мұсылман ол әкелген кереметтерге иман келтіреді

Мұсылман алапес аурумен ауырғанды, соқырды емдеу, өлілерді тірілту, адамдардың үйлерінде қандай тағамдарды сақтап, немен тамақтанатынын хабарлау секілді Алла Тағала Исаның қолымен істеген кереметтерге иман келтіреді. Бұның барлығын Иса Алла Тағаланың рұқсатымен ғана істеді. Осындай кереметтерді Алла Тағала Исаның пайғамбарлығына және елшілігіне айқын дәлел етті.

3 Исаға Алла Тағаланың киелі кітабы Інжіл түсірілді

Құран Кәрімде Алла Тағаланың Иса пайғамбарға ұлы кітаптарының бірі Інжілді түсіргені айтылған. Інжіл – адамдарға тура жол, нұр және рахымет болып түсірілді. Бірақ, уақыт өте келе Інжіл бұрмалау мен қате түсіндірмелерге ұшырағаны туралы да айтылды.

4 Иса – күдай емес, адам

Ислам Исаның (оған Алланың сәлемі болсын) адам екенін, оны Алла Тағала басқалардан ерекшелеп израилдықтарға жіберіп, ол арқылы кереметтерін болдырғанын айтады. Алла Тағала Құранда айтқандай, Исаның бойында күдайшылық және раббылық қасиеттер болмаған. Ол тек қана Алла Тағала нығмет еткен салиқалы құл болып, қауымына белгі, жақсылыққа нұсқау болу үшін оған кереметтер берді: «Ол Иса Біз өзіне игілік берген сондай-ақ Израил ұрпақтарына бір мысал қылған құл ғана» (Зухруф: 59).

5 Исаны ешкім керіп кіреске шегелеген жоқ. Бірақ, ол аспанға көтерілді

Иса Ислам тұрғысымен өлтірілген де, кіреске керілген де жоқ. Бірақ-та, Алла Тағала оны аспанға көтерді. Дұшпандары пайғамбарды өлтіреміз деп келе жатқанда, Алла Тағала оның келбетін басқа біреуге беріп, Исаның (оған Алланың сәлемі болсын) өзі сияқты болып шыға келді. Дұшпандары келіп, Иса деп басқа біреуді алып, өлтіріп, кіреске керген болатын. Ал Иса пайғамбар болса, Құранда айтылғандай, тірі халінде аспанға көтерілді (Ниса: 157-158).



Пайғамбарлар шежіресі

Алла Тағаланың пайғамбарлары өте көп болған. Төменде олардың ең танымал және атақтыларын келтіреміз (оларға Алланың сәлемі болсын):

Адам Ата

Алла Тағала оны топырақтан жаратқан, бүкіл адамзаттың атасы. Періштелерге Адам атаға сәжде жасасын деп әмір етілген. Жәннаттан жерге түсірілді.

Нұх

Қаумын дінге шақырып, олар иман келтірген жоқ. Алла Тағала оларды топан сумен жазалап, Нұх пен қауымынан иман келтіргендер кемеге мініп сақтанып қалған.

Ибраһим

Пайғамбарлардың атасы. «Алла Тағала бір» дегенге үндеген ұлы елшілердің бірі. Мұсылмандардың құбыласы Кәғбаны бірінші болып салған.

Исмаил

Ибраһимнің баласы (оған Алланың сәлемі болсын), Кәғбаны салуға әкесіне көмектескен пайғамбар.

Исхак

Ибраһимнің тағы бір баласы (оған Алланың сәлемі болсын), періштелер оның туатынын хабарлап әкесін қуантқаннан кейін дүниеге келді.

Яғқуб (Жақып)

Исхактың баласы (оған Алланың сәлемі болсын), және Исраиль (Израил) деген екінші есімі бар. Израилдықтардың тектері одан басталады.

Юсуф (Жүсіп)

Яғқубтың баласы (оған Алланың сәлемі болсын), көптеген сынақтардан өтіп, соңында Мысырдың патшасы болады.

Мұса

Израилдықтарға жіберілген ұлы елшілердің бірі. Алла Тағала Мұсаға Таурат түсіріп, кереметтермен қолдады. Алайда, Мысырдың перғауыны иман келтірмей, Алла Тағала оны теңізде батырып, Мұса және онымен болғандарды құтқарды.

Дауд (Дәуіт)

Алла Тағала қауымының патшасы еткен пайғамбар.

Суләйман (Сүлеймен)

Дауд пайғамбардың баласы (оған Алланың сәлемі болсын), Алла Тағала ұлы патшалық беріп, жаратылыстардың көптеген түрлерін оған бағындырған.

Зәкәрия

Израилдықтардан болған пайғамбарлардың бірі. Исаның анасы Мәриямның (оларға Алланың сәлемі болсын) қамқоршысы, тәрбиесі мен оқуына жауапты болған. Жасының ұлғайғанына және әйелінің бедеулігіне қарамастан, Алла Тағала оған Яхия есімді перзент берді.

Иса

Алла Тағала әкесіз жаратқан, ұлы елшілердің бірі. Израилдықтарға жіберіліп, әртүрлі кереметтермен қолдау тауып, оған Інжіл кітабы түсірілген.

Мұхаммед

Алдыңғы пайғамбарларды растап, бүкіл адамзатқа жіберілген пайғамбарлардың соңғысы. Еш қай жақтан жалғандық жете алмайтын кітап, Құран Кәрім оған түсірілді.



Исламның
пайғамбары
кім?

Ислам

Ислам пайғамбарының есімі Мұхаммед...

Бұл есім қазіргі таңда әлемнің жан-жағында кең таралып кеткен есімдердің бірі. Мағынасы: амалдары мен көркем мінезі үшін адамдардың мақтауларына ие болған адам...

Сонымен, Мұхаммед деген кім?

Ислам елшісінің есімі

Мұхаммед ибн Абдулла ибн Абдуль-Мутталиб ибн Һашим әл-Қураши

Мұсылмандардың барлығы сенеді:

- **Алла Тағаланың бүкіл адамзатқа жіберілген елшісі**

Алла Тағала Мұхаммедті нәсілдері мен түстеріне қарамай, барлық адамзатқа жіберіп, адамдардың барлығына оған бойсұнуды міндет еткен. Бұл туралы Құран Кәрімде Алла былай дейді: «(Мұхаммед): «Әй адам баласы! Мен барлығыңа Алланың елшісімін, - де» (Ағраф: 158).

- **Оған Құран Кәрім түсірілді**

Алла Тағала Мұхаммедке соңғы және ең ұлы, жалғандық қай бір жақтан да жете алмайтын кітабын Құранды түсірді.

- **Елшілер мен пайғамбарлардың мөрі (соңғысы)**

Алла Тағала Мұхаммедті одан кейін пайғамбар келмейтіндей, олардың мөрі (соңғысы) етіп жіберді. Құранда айтылғандай: «Бірақ Алланың Елшісі және пайғамбарлардың соңы» (Ахзаб: 40).



Ислам елшісі Мұхаммед туралы не білеміз?

1. Дүниеге келуі

570 жылы Араб түбегінің батысында Мекке қаласында дүниеге келген. Туғанына дейін әкесі дүние салған болатын. Кішкентай жасында анасынан да айырылып, басында Абдуль-Мутталиб атасының қолында тәрбиеленіп, одан кейін ер жеткенге дейін Әбу Талип ағасының қолында өседі.

2. Өмірі және бой жетуі

Пайғамбарлыққа дейін қырық жыл бойы Қураиш қауымында өмір сүрген (570-609жж). Көркем мінездің үлгісі болып, өзінің адалдығы мен ерекшеліктері үшін мысалға алынған болатын. Қауымының арасында «шыншыл және адал» лақап есімдерімен танымал болған. Қой бақташысы болып жұмыс істеп, одан кейін саудамен айналысқан.

Исламға дейін де, Алла елшісі бір ғана құдайға сеніп, Алла Тағалаға Ибраһим міллеті бойынша құлшылық қылған. Көпқұдайшылдардың амалдарын және пұттарға табынуды теріске шығарған. Сонымен бірге, Мұхаммед пайғамбар оқуды да жазуды да білмеген.

3. Пайғамбарлық миссиясы

Алла елшісі қырық жасқа толып, Нұр тауындағы (Меккеге жақын таулардың бірі) Хира үңгірінде ойға шомып, Алла Тағалаға құлшылық жасайтын болған. Сол кезде оған Алла Тағаладан уаһи келіп, Құран түсіріле бастады. Құраннан ең бірінші болып Алланың мынандай сөзі түсті: «Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы» (Ғалак: 1). Ең бірінші Алланың түскен сөздері бұл пайғамбарлық миссия басынан-ақ білім, оқу, нұр және адамдар үшін тура жолдың жаңа ғасыры екенін жария етті. Осыдан кейін пайғамбарға жиырма үш жыл бойы Құран түсіп отырды.



4. Діни үндеудің басталуы

Алла елшісі Алла дініне шақыруды (дағуат) құпия түрде бастады. Осындай шақыру үш жылға дейін жалғасты. Одан кейін дағуатын көрнекі түрде бастап, Меккеде тағы он жыл ашық түрде дінге шақырды. Үндеуіне ілескендердің көбісі, басқа пайғамбарларға ілескендер сияқты әлсіз, кедейлер болды. Алланың елшісі мен оған иман келтірген мүміндер Қураиш қауымынан жоғары дәрежедегі зұлымдық пен қуғын-сүргінге ұшырап, Меккеге қажылық үшін келетін қауымдарды Исламға шақырады. Осы қауымдардың ішінде Мәдина қаласындағы қауымдар болып, Алла елшісінің дағуатын қабылдап, мұсылмандардың хижрасы (қоныс аудару) Мәдина қаласына ақырын басталады.

5. Алла елшісінің хижрасы

622 жылы дағуатына қарсы шыққан Қураиш қауымының мырзалары қастандық ойлап, Алла елшісін өлтіргілері келгеннен кейін, Мұхаммед пайғамбар елу үш жасында ол уақытта Ясриб деп аталған Мәдина қаласына қоныс аударды. Ол қасиетті қалада Алла елшісі он жыл бойы Ислам дініне шақырып, намаз, зекет, көркем мінез және т.б. Ислам шариғаттарына әмір етіп өмір сүрді.



6. Ислам дінінің таралуы

Алланың елшісі Мәдина қаласында Ислам мәдениетінің өзегін құрды (622-632жж). Мұсылман қауымдастығын қалыптастырып, тайпалық фанатизмді жойды. Білімді таратып, әділет, адалдық, бауырмалдық, бірлік және тәртіптің бастамаларын қалыптастырды. Ал кейбір тайпалар Исламның көзін жойғылары келгенде, бірнеше шайқас пен оқиғалар орын алды. Ол шайқастарда Алла Тағала діні мен елшісін жеңіске әкеліп, біртіндеп адамдар Ислам дініне кіре бастады. Мекке және Араб түбегінің қалалары мен тайпалары өз еріктерімен, осы дінге қанағаттанып Ислам дінін қабылдады.

7. Пайғамбардың дүние салуы


Хижра жыл санағы бойынша, 11 жылдың сафар айында діни үндеуін жеткізіп, Алла Тағала дінін тәмамдап нығметін толық қылғаннан кейін Мұхаммед пайғамбар ауырып, төсек тартып қалады. Ыстығы көтеріліп, халі нашарлап хижра бойынша 11 жылдың рабиғуль-аууаль айында, дүйсенбі күндіз алпыс үш жасында дүниеден озады. Ол күн григорияндық жыл санағымен 6/8/632ж күніне сәйкес келеді. Пайғамбар мешітінің жанындағы Аиша анамыздың үйінде жерленген.



An open book with Arabic text is shown from a high angle, resting on a dark wooden surface. The pages are slightly aged and the text is in a traditional script. The lighting is warm, creating a soft glow on the pages and the wood.

Алланың елшісі Мұхаммед бейтарап зерттеушілердің көзімен

Бейтарап зерттеуші мәдениеті қандай болса да, Мұхаммед пайғамбардың қиссасын, өмірінің егжей-тегжейін зерттегенде тәнті болып, қайран қалмай оқи алмайды. Шығыс, Батыстың ғұламалары, философтары, әдебиетшілері ондай құбылысқа куә болып, өздерінің мақалалары мен кітаптарында жазып кеткендерін көре аламыз. Осындай еңбектерден үзінділерді алдарыңызға ұсынамыз.



Махатма Ганди, танымал үнді лидері:

«Миллиондаған адамдардың жүректерін жаулап алған адамның сипаттарын білгім келді... Ислам өзінің деңгейіне қылыш арқылы жеткен емес. Соған әбден сенімдімін. Бірақ, ол деңгей пайғамбарының қарапайымдылығы, берген уәдесінде дәл тұрып, шыншыл болуы, өз-өзін құрбан қылуға дайындығы, достары мен оған ілескендерге деген ықыласы, миссиясы мен Раббысына деген абсолютты сенімі мен батылдығы арқылы келді. Міне, қылыш емес, осы сипаттар қиыншылықтарды жарып өтіп, жолды жайған. Пайғамбар өмірбаяны жазылған кітаптың екінші томын аяқтағаннан кейін, тағы да томдар жоқ екенін біліп, осындай керемет өмірді танудың көбірек мүмкіндігі болмағанына өзімді өкінген күйде таптым». (Махатма Ганди, «Жас Үндістан» газетінде жарияланған мәлімдеме 9/11/1924ж.)



Әйгілі француз ақыны Альфонс де Ламартин «Түркия тарихы» кітабында:

«Шын мәнінде, мақсаттың ұлықтылығы, құрал-тәсілдердің тапшылығы мен таң қалдыратын нәтиже – адам данышпандылығының үш белгісі болса, тарихтағы ұлы адамдардың бірін Мұхаммедпен салыстыруға қандай адамның дәті барады?» («Түркия тарихы» кітабынан 1 том, 111 бет.)

Профессор Стобарт жазған:

«Мұхаммед секілді тарихта бірде-бір мысал жоқ... Құрал-тәсілдері қандай аз болғанымен, сирек кездесетін ұлы батырлық-қаһармандық көрсетті. Тарихты осы жақтан қарастыратын болсақ, араб пайғамбарының есімі сияқты жарқын есім таба алмаймыз» («Ислам және оның негізін қалаушы» кітабынан 227-228 беттер.)



«Тарихтағы 100 ұлы тұлға» танымал кітабында Майкл Харт:

Ол Мұхаммед пайғамбармен бірге жүз адамды таңдап, олардың қатарына пайғамбарды не үшін қосқанын былай деп түсіндірді: «Шын мәнінде, тарихтағы маңызды және ұлы тұлғаларды таңдап, бірінші орынға Мұхаммедті қойғаным оқырмандарды таңғалдырар. Бірақ ол тарихтағы екі дәрежеде де табысқа жеткен жалғыз адам: дінде және дүниеде». (Майкл Харт «Тарихтағы 100 ұлы тұлға», 33 бет.)



Германия ұлы ақындарының бірі Иоганн Вольфганг Гёте өзінің сүйіктісіне жазған хаттарында Ислам және Мұхаммедке таңдануы жетпіске келсе де аяқталмай, керісінше, уақыт өте келе таңдануы ұлғая бері деп жазған.

(Бұны Катерина Момзен өзінің Гёте туралы жазған кітабында айтып кеткен. «Гёте және араб әлемі» 177 бет.)



Үнді философы Конеру Рамакришна Рао

«Жайт пен жағдай өзгерді, бірақ Мұхаммед өзгерген жоқ. Жеңіске жетсе немесе жеңіліске ұшыраса, шаттықта немесе қайғыда, молшылық немесе таршылықта – ол тура сол сипаттары қалған тура сондай адам. Ол Алла қалауымен пайғамбарлардың барлығы секілді өзгермейтін жан». («Мұхаммед – Ислам пайғамбары» кітабынан, 24 бет.)



Саймон Окли «Сарацин империясының тарихы» кітабында былай деген:

«Ислами дағуаттың кең таралуына таң қалмау керек. Бірақ, оның ғасырларға жалғасып келе жатқаны мен табандылығы – міне осы таңғаларлық нәрсе. Мұхаммедтің Мекке мен Мәдинәда қалдырған әсері, бүгінгі күні де Құранмен жаңа танысқан үнділер, африкандықтар мен түріктерге тура сондай күшпен тамаша ықпал етуде». («Сарацин империясының тарихы» кітабынан, 45 бет.)



«Ұлы тұлғаларды адамдарға берген әсері жағынан саралайтын болсақ, сөзсіз:

«Мұхаммед тарихтағы ұлылардың ұлысы» деп айта аламыз. Ауа-райының ыстығы мен жеміс бере алмайтын шөл дала қараңғылық пен дөрекілікке алып келген қауымның рухани және көркем мінез дәрежелерін көтеруін өзінің мойнына алған. Өзінің мақсатында сондай табысқа жеткенде, бүкіл тарихтағы реформаторлардың бірі де ондайға жақындаған жоқ. Өзінің арманына толықтай жеткен адамдар өте аз... Дініне шақыруын бастағанда араб халқы сусыз шөл далада тұрған, пұттарға табынған, сандары аз, бірақ бірліктері жоқ тайпалар болатын. Ал өмірінің соңында бұрынғы араб халқы бір құдайға сенетін біріккен үммет болып шықты. Фанатизм мен жалған нанымдардың арынын тоқтатып, яһуди, христиан және халқының бұрынғы жалған діндерінің орнына жеңіл, қуатты және анық дін тұрғызды. Және іргетасы батылдық, асылдық және ұлттық мақтаныш болған моралдық сарай көтерді. Уақыттың бір буынында жүздеген шайқастарда жеңіп, бір ғасырда ұлы мемлекет құрып, бүгінгі күнімізге дейін әлемнің жартысында үлкен маңыздылығы бар ұлы күшті қалдыра алды». (Уилл Дюрант «Өркениет тарихы» 13/47)

Мұхаммедтің бұрынғы ащы жауларының бірі ислам дінін қабылдағаннан кейін бізге қызық хикая айтып берді. 628 жылы Византия патшасы Ираклиге Мұхаммед пайғамбардың оны ислам дініне шақыруы жазылған хаты жеткізілді. Ондай хатқа таң қалып, жіберушіні танитын және оған жақын болатын араб елінің бір өкілін іздеуге талап етті. Ол уақытта Шам елдерінде саудамен Әбу Суфиян (уақытында Құрайш тайпасы мырзаларының бірі және пайғамбар дұшпандарының ең қаттысы болған) деген кісі жүрген болатын. Ираклий Әбу Суфиян мен онымен бірге жүргендерді сарайға шақырып, Алла елшісінің айтып жүргені шындық әлде өтірік пе екенін білу үшін, аудармашысы арқылы оларға даналық пен зеректікке толы сұрақтар қойды. Әбу Суфиянның жауаптарын толық тыңдағаннан кейін, оған былай деді:

«Оның тегі туралы сұрағанымда, қауымдарыңда беделді тектен шыққанын айттың. Пайғамбарлар қауымдарының беделді тектерінен болған. Және осындай сөздерді оған дейін біреулерің айтты ма деп сұрағанымда, «жоқ» дедің. Егер де қауымдарыңнан мұндай сөздерді біреу айтса, мен Мұхаммед туралы «Алдында осындай сөзді айтқан адамға еліктейтін адам» деп деуші едім.

Қазір айтып жатқан сөздерінен бұрын оны өтірікші деп күдіктенгенсіңдер ме, деп сұрағанымда, «жоқ» дедің. Сонда білдім, ол адамдар туралы өтірік айтпаса, Алла Тағала туралы өтірік айтпайды.

Оған ерушілер адамдарың беделділері ме қарапайымдары ма деп сұрағанымда, «қарапайымдары» деп жауап бердің. Шын мәнінде, пайғамбарларға ерушілер қарапайымдардан болатын. Олар көбейіп жатыр ма, азайып жатыр ма деп сұрағанымда, «көбейіп жатыр» дедің. Топып, кәміл боғанша дейін иманның жағдайы осындай болады.

Дінінен безіп, біреу дінінен шықты ма деп сұрағанымда, «жоқ» дедің. Шын иман жүректерге енгенде осылай болады.

Сатқындық істей ме деп сұрағанымда, «жоқ» дедің. Шын мәнінде, пайғамбарлар сатқындық істемейді.

Сендерге не деп әмір етеді, деп сұрағанымда, Алла Тағалаға серік қоспай ғибадат қылуларыңды әмір етіп, пұттарға табынуға тыйым салып, намаз оқуларыңды, шыншыл болуларыңды, зинакорлықтан таза болуларыңды әмір етеді, деп айттың...

Егер айтып жатқан нәрселерің шын болса, ол кісі міне аяқтарым тұрған жерді жаулап алады. Пайғамбардың келгенін біліп едім, бірақ сендерден болады деп ойлаған жоқпын. Оған жете алатындығымда сенімді болсам, оны кездестіру үшін барлығын істеуші едім» (Әл-Бұхари: 7).





**Алла елшісі
Мұхаммед
және көркем
мінезі туралы
қиссалар**

Алла

Алла елшісі аса құлықты адамның үлгісі болды. Шығыс, батыс зерттеушілері де, дұшпандары да оған куә. Тіпті, Құран Кәрім оның мінезін «ұлы» деп сипаттағанға лайықты болды...

Әйелі Аишадан (оған Алла разы болсын) Алла елшісі Мұхаммедтің мінезі туралы сұрағанда, мінезін сипаттау үшін «мінезі Құран» болды деген сөздерден дәл сөздер таба алмапты. Яғни, Құран Кәрімдегі ілімдер мен мінез-құлықтарды жүзеге асырып қолданудың үлгісі болды. Төменде пайғамбар және оның көркем мінезі туралы қысқаша қиссалар келтіріледі:

Қарапайымдылық

Алла елшісі біреудің оны ұлықтап орнынан тұруын жақсы көрмей, тіпті сахабаларына (серіктеріне) ондай істі тыйым салған. Сахабалары (оларға Алла разы болсын) пайғамбарды қатты жақсы көргендерімен, келе жатқанын көрсе де орындарынан тұрмайтын. Бұл тек қана пайғамбардың ондайды жақсы көрмейтінін білгендерінен ғана болған. (Ахмад 12345).

- Дағуатының шындығын білейін деп, араптардың беделді мырзаларының бірі Ади ибн Хатим деген кісі пайғамбарға келеді. Ади былай деді: «Оған кіргенімде, ондағы бір әйел мен бір немесе екі сәбиді көрдім». Олардың пайғамбарға жақын отырғандарын айтып, былай деп жалғастырды: «Сонда, оның хосрой (парсы патшаларының атауы) да, цезарь да емес екенін білдім» (Ахмад 19381). Қарапайымдылық – барлық пайғамбарлардың құлығы.
- Серіктерінің арасында олардың біреуі сияқты отырды. Өзін ерекшелейтін отырғандарда отырған жоқ. Ал егер оны танымайтын біреу отырыстың үстіне келіп, бірдеңе сұрағысы келсе, сахабаларының арасында оны айыра алмай «Мұхаммед қайсың?» деп сұраған еді (әл-Бұхари 63).



- Сахабалар пайғамбар жұмыстарымен қанша қолы бос емес болса да, адамдардың қажеттіліктерін қандай кішкентай болса да өтеуден бетін бұрған жоқ деп айтатын. Мәдина қаласындағы қызметші әйелдердің біреуі өзінің қажеті үшін пайғамбардың қолынан алып, жетектеп қалаған жерге алып кете алды (әл-Бұхари 5724).



Ислам пайғамбары өзінің жеке тұрмыстық заттарын өзі қарап, жанұясына қызмет жасап, үй жұмыстарында көмектесетін.

- Құрметті сахаба Омар ибн әл-Хаттаб пайғамбарға кіріп, пальманың жапырақтарынан өрілген тоқыманың ізін Алла елшісінің жағында көріп қалады. Ондай көріністен көзіне жас алып жылап жібереді. Пайғамбар: «Сені не жылатты?», - деп сұрайды. Омар: «Я, Алла елшісі! Шын мәнінде, парсы, рим патшалары өздерінің жағдайларына сәйкес тұрады (яғни, молшылықта). Ал сен, Алланың елшісісің!» - деді. Пайғамбар: «Оларға дүние, ал бізге ақырет болғанына риза емессің бе?» - дейді.
- Өзінің жеке тұрмыстық заттарын өзі қарап, жанұясына қызмет жасап, үй жұмыстарында көмектесетін. Әйелі Аиша (оған Алла разы болсын) пайғамбардың үйде қандай екені туралы сұралғанда, былай деген: «Жанұясына көмектесетін» (әл-Бұхари 644). Яғни, үй жұмыстарын істеуге көмектесетін. Және былай деген: «Әрбіреуің секілді аяқ киімін жөндеп, киімін жамайтын» (Ахмад 24749).
- Алла елшісі: «Кімде-кім жүрегінде бір тозаңдай тәкаппарлық болса, жәннатқа кірмейді», - деп айтқан (Муслим 91).

Мейірімділік

Алла елшісі: «Мейірімділерге аса Мейірімді рақымшылық етеді. Жердегілерге рақымшылық қылыңдар, сонда аспандағы сендерге рақымшылық етеді», - деген (Әбу Дәуіт 4941).

Пайғамбардың мейірімділігі бірнеше жақтан көрінеді. Олар:

Балаларға деген мейірімділігі

- Намаз көп қозғалуға және сөйлесуге болмайтын Ислам тірегі болғанымен, пайғамбар бір рет Зейнаб есімді қызының Умама есімді қызымен намаз оқыды. Сәждеге барса жерге қойып, тұрса қолына көтеретін болған (әл-Бұхари 494).
- Намазын бастап, сәбидің жылағанын естісе, оқуын жеңілдетіп, тездететін болған. Пайғамбар айтқандай: «Мен намазға тұрғанымда оны ұзағырақ оқығым келеді. Бірақ, сәбидің жылауын естігенде, анасы уайымдамасын деп намазымды қысқартамын» (әл-Бұхари 675).



Әйелдерге деген мейірімділігі

- Алла елшісі қыздарға қамқор болып, оларға жақсылық істеуге шақырып, былай деген: «Кімде кім бір немесе одан көп қыз көріп, оларды тәрбиелеп, оларға жақсылық істесе, ол қыздар оған оттан қорғайтын жамылғы болады» (әл-Бұхари 5649).
- Әйелдердің құқықтарын қатал түрде сақтау, тұрмыстары мен жағдайларына қамқор болуға бұйырған. Мұсылмандар оны бір-біріне өсиет қылуларын әмір етіп «Әйелдермен жақсы қарым-қатынаста болыңдар» деген (әл-Бұхари 4890).
- Пайғамбар жанұяға деген жұмсақтықта ең тамаша мысалдар көрсетті. Әйелі Сафия (оған Алла разы болсын) түйесіне мінуі үшін түйенің қасында тізесін тіреп қойып отыратын болған. Әйелі аяғын пайғамбардың тізесіне қойып түйесіне мінетін болған (әл-Бұхари 2120).

- Қызы Фатыма (оған Алла разы болсын) зиярат етіп кіріп келген кезде, қолынан алып, бетінен сүйіп өзі отырған жеріне отырғызатын болған (Әбу Дәуіт 5217).

Әлсіздерге деген мейірімділігі

- Пайғамбар адамдарды жетімдерге қамқорлық жасауға шақырып «Мен және жетімге қамқор болған міне осындай» деп сұқ және ортаңғы саусақтарының арасын кішкене ашып көрсетті (әл-Бұхари 4998).
- Жесір мен кедейге көмектесетінді Алла жолында соғысып жүрген жауынгермен және күндіз ораза ұстап түнде намаз оқитын адаммен теңестірді (әл-Бұхари 5661).
- Әлсіздерге жанашырлық таныту мен құқықтарын сақтауды ырзық пен дұшпандарды жеңудің себебі екенін хабарлап, былай деді: «Маған әлсіздерді табуы көмектесіңдер. Жеңіс пен ырзықтың себебі - әлсіздер» (Әбу Дәуіт 2594).



Алла елшісі Мұхаммед әлсіздерді жақындатып, оларға жақсылық істеу - жеңіске жетудің және ырзықтың себебі екенін хабарлады.

Жан-жануарларға деген мейірімділігі

- Жан-жануарларға рақымшылық танытуға, көтере алмайтынмен жүктемеуге, оларға зиян келтірмеуге шақырды. Тіпті, тағам үшін бауыздауда зарларын жеңілдетуге де шақырып, Алла елшісі: «Шын мәнінде, Алла Тағала кез-келген нәрсені жақсы түрде істеді бұйырды. Егер біреуді өлтіретін болсаңдар (соғыс немесе өлім жазасында) жақсы түрде өлтіріңдер, ал егер жан-жануарды соятын болсаңдар, жақсы түрде сойыңдар. Біреулерің жануарын бауыздағысы келсе, жануарды азаптамай, пышағын жақсылап қайрасын», - деген. (Муслим 1955).
- Алла елшісі: «Бір әйел мысық үшін тозаққа кірді. Оны жер жәндіктерін жеуге далаға жібермей, тамақтандырмай байлап қойды», - деді (әл-Бұхари 3140).
- Саһабалардың бірі мынандай қиссаны жеткізді: «Бірде Алла елшісімен бірге сапарға шықтық. Ол кісі бізден алыстап кеткенде екі балапаны бар бір құсты көрдік. Біз балапандарын алып қойғанда аналары қанаттарын тез қозғалтып айналамызда ұша бастады. Сонда пайғамбар келіп, бұл көріністі көргенде: «Мына құсқа балапандарын алып кім қасірет етті? Балапандарын қайтарып беріңдер!» - деді (Әбу Дәуіт 2675).

Әділдік

- Алла елшісі әділ болды. Алла Тағаланың шарифатындағы жазалауды қылмыскерлердің барлығына, тіпті туыстары болса да орындайтын болған. Ол Құран Кәрімде айтылған мына әмірге сәйкес жүрген: «Әй мүміндер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болыңдар» (Ниса сүресі: 135).
- Пайғамбарға кейбір саһабалар қауымында беделі бар бір ұры әйелді жазаламауы үшін шапағат сұрап келгенде, былай деп жауап берді: «Мұхаммедтің жаны қолында болғанымен ант етемін! Мұхаммедтің қызы Фатыма бір нәрсені ұрлаған болса, оны да жазалаушы едім!» (әл-Бұхари 4053).
- Өсімқорлық харам етілгенде, оны тыюды адамдардың ішіндегі жақындарынан бастады. Ағасы Әл-Аббасқа өсімқорлықты тыйып, былай деді: «Бірінші етіп, біздің өсімқорлығымызды босатамын. Аббас ибн Абдуль-Мутталиб өсімқорлығын. Шын мәнінде, ол түгелдей жойылды» (Муслим 1218).
- Әлсіздің күштіден құқығын қорықпай алуы – үмметтің өркениеттілігі мен мәдениеттілігінің белгісі етіп, былай деді: «Әлсіз күштіден хақысын қобалжымай ала алмайтын үммет құрметті болмайды» (Ибн Мәжәһ 2426).



Жақсылық пен жомарттылық

- Бірде пайғамбардан ақша сұрап бір кісі келеді. Оған пайғамбар: «Қазір ақшаның ыңғайы болмай тұр. Қалағаныңды сатып ал да, қарызын біз өтейміз», - дейді. Сонда Омар есімді сахаба: «Я, Алла елшісі! Сен істей алмайтынды Алла Тағала саған артпайды», - дейді. Ол сөзі пайғамбарға ұнамай қалады. Сонда әлгі кісі: «Аршының Раббысы саған аз береді деп қорықпай жарата бер», - деді. Пайғамбар күлімдеп, бетінен қуанып жатқаны көрінеді (Таңдалған хадистер 88).
- Бірде пайғамбарға сексен мың күміс дирхемдері әкелініп, оларды өрілген тоқымаға төгіп тастады. Оларды бөліп, дирхемдер біткенше дейін бір де бір сұраушының бетін қайтарған жоқ (әл-Хахим 5423).
- Алла елшісі Хунайн шайқасынан (Таиф қаласының жанында болған шайқастарының бірі) оралған кезде Ислам дінін жаңа қабылдағандар және бедуиндер келіп одан олжаларын сұрады. Пайғамбарды ығыстырғандары соншама, жамылғысы ағашқа тіреліп, жұлынып қалды. Сонда Алла елшісі тоқтап: «Жамылғымды беріңдер. Егер қолымда осы ағаштар санындай мал-мүлік болса, араларында бөліп беруші едім. Сосын мені сараң, не өтірікші, не қорқақ деп ойламайсыңдар» (әл-Бұхари 2979).

Сабырлық пен шыдамдылық

- Алла елшісі Таиф қаласынан (Меккеден 90 км қашықтықтағы таулы қала) қайғырып шықты. Ол қалаға Ислам дініне шақыру үшін барған еді. Олар болса, ең нашар жауап қайтарып, қатты ренжітті. Меккеге (ол қалада пайғамбарға қастық жасап, қаладан шығарған қауымы тұратын) қайтар жолда Алла Тағала оған Таиф қаласын қаласа жойып жіберетін періште жіберді. Сонда пайғамбар: «Жоқ... Алла Тағала олардың ұрпақтарынан Оған серік қоспай құлшылық ететін қауымды шығаратынына үміттенемін», - деді (әл-Бұхари 3059).
- Жоғарыдағы жағдай меккеліктермен болған көріністен былай тұрсын. Меккеліктер оны туған жерінен шығарып, жазықсыз, тілдері мен қылыштарымен қинады. Ұзақ жылдар бойы пайғамбарды және оның қасындағыларды өлтіруге мүмкіндік жібермей отырған. Ал Алла Тағаладан жеңіс келіп, Раббысы Меккені ашуменен пайғамбарға қуат беріп, меккеліктердің барлығы жеңіліске ұшырағаннан кейін Алла елшісі тұрып: «Сендермен не істейтінімді білесіңдер ме?», - деп сұрады. Олар: «Жақсылық, құрметті бауырымыз және құрметті бауырымыздың ұлы», - деді. Пайғамбар: «Айтарым, Юсуф бауырым айтқанындай (яғни, Алланың пайғамбары Яғқуб ұлы Юсуфтың оны қинап құдыққа лақтырған бауырларын кешіріп айтқан сөзі) айтамын: «Бүгін сендерге сөгіс жоқ. Алла сендерді жарылқайды. Ол мейірімділердің ең мейірімдісі» (Юсуф сүресі: 92), боссындар, бара берулеріне болады», - деді (әл-Байһақи 18275).

- Бірде пайғамбарға бір дөрекі бедуин кездесіп, пайғамбардың үстіндегі жамылғысын қатты тартқаны соншама, тамағында ізі қалып қояды. Бедуин: «Сендегі Алланың мал-мүлігінен маған бер!» - деп айқайлайды. Пайғамбардың қасындағы сахабалары алдарында болып тұрған көріністің сұмдығынан қатты ашуланып тұрды. Бірақ, пайғамбар әлгі бедуинге күлімдеген жүзімен бұрылып, сахабаларына мұсылмандардың ортақ қазынасынан бірдене беруді әмір етеді (әл-Бұхари 2980).



Дүниетәркілік

- Алла елшісі Алла Тағаланың мына сөзін әрдайым орындап отырды: «Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген дүние тіршілігінің ғана сәні түріндегі нәрселерге көзінді сүзбе. Раббыңның несібесі қайырлы да тұрақты» (Таһа: 131).
- Әлсіздерге көмектесуде және адамдарға пайда әкелуде рахат пен ғанибет табатын. Саһабалардың бірі бізге мынандай хикая жеткізіп берді: «Мәдинә қаласының көшелерінде пайғамбармен жүргенімде, алдымыздан Ухуд тауы (Мәдинәда үлкен таулардың бірі) шықты. Сонда пайғамбар: «Я, Әбу Зарр!» - деді. Мен: «Сенің алдыңдамын, я, Алланың елшісі!» - дедім. Пайғамбар: «Ухуд тауындай алтыным болып, үш түннен кейін менде динарларының біреуі де қалуын қаламас едім. Тек қарыздарымды өтеу үшін қалдырғаннан басқасын Алла Тағаланың құлдарына оң жаққа, сол жаққа, артыма беріп таратар едім», - деп кішкене жүрді де, былай деді: «Беделді, бай адамдардың көбісі Қиямет күні төменгі дәрежеде болады. Тек беделі, мансабы мен мал-мүлкін мұқтажға жұмсаған адамдардан басқа», - деп айтты да қолын оң, сол жақтарға созып, әр жаққа беріп жатқан сияқты қимылдар жасады» (әл-Бұхари 6079).
- Бірде саһабасы Омар кіріп келгенінде, пайғамбар ешқандай төсеніші жоқ өрілген бір тоқыманың үстінде жатыр екен. Тоқыманың ізі бір жағында қалып қойған. Омар: «Үйін көру үшін көзімді көтергенімде, Алламен ант етейін, назар аудартатын жән көзімді тоқтататын ештеңе көрген жоқпын. Сонда пайғамбарға: «Үмметіңізді мұқтажсыз және ауқатты етуін Алла Тағаладан дұға етіңіз. Шынында, парсы және римдіктерге дүние мен байлықтар берілген. Ал олар болса, Аллаға құлшылық етпейтін халық», - дедім». Сонда пайғамбар: «Я, Ибн әл-Хаттаб, сен күмәнданып отырсың ба? Олар арналған игіліктері осы дүниеде берілген халық», - деді (әл-Бұхари 2336).

- Пайғамбар былай деуші еді: «Менің осы дүниеде нем бар? Мен осы дүниеде тек аз уақытқа ағаштың көлеңкесіне тоқталып, сосын ол жерді тастап кеткен жолаушы сияқты ғанамын» (әт-Тирмизи 2377).
- Бір ай, екі, үш ай бойы Алла елшісі үйінде ыстық тағам әзірлеу үшін отын жағылмаған күндері болған. Тек су мен құрманы тағам етіп өмір сүрген (әл-Бұхари 2428). Кейбір күндері мүлдем құрманың жамандарын да таба алмай, аш күйде жүргені бар (Муслим 2977). Дүниеден өткенше дейін үш күн қатар бидайдың қара нанына тойып жемеуші еді. Нандарының көбісі сұлыдан жасалған еді (Муслим 2976).



Ислам пайғамбары осы дүниедегі халін ағаштың көлеңкесінде кішкене отырып, тұрып кетіп қалған жолаушыға теңеген...



Адалдық

- Сөзге берік болу және уәделерінде тұру – көркем мінездің жоғары дәрежелері болып табылады. Әсіресе, екі жақ арасындағы міндеттеме емес, жақсылықты жақсылықпен қайтару болғанда. Алла елшісі осылай істейтін болған. Өзара келісім мен міндеттемелер болмаса да, жақсылықты одан да жақсысымен қайтарған. Ал келісім болса қандай болар еді?
- Христиандардың патшалары Ираклий кәпір құраиштардан пайғамбар туралы сұрағанында: «Қиянат жасай ма?», - деді. Олар «жоқ» дегенде, Ираклий: «Пайғамбарлар осылай, қиянат жасмайды», - деген (әл-Бұхари 7).
- Міне, сол себепті құраиштар қауымымен отырған келісім-шартты орындауға әбден тырысты. Құраиш өздері келісімді бұзғанша дейін шартты сақтап келді
- Пайғамбар қайтыс болған адамдарға да, өзі көрмеген адамдарға да адал болды.
- Бірінші әйелі Хадижаға деген адалдығы шексіз болды. Оның дәрежесін көтеріп, сіңірген еңбегін мойындап, туыстары мен құрбыларына құрмет көрсетуге тырысты.
- Мұхаммед пайғамбардың Аиша есімді әйелі, пайғамбардың бірінші хижра уақытында қайтып кеткен, және Аиша оны танымаған бірінші әйелі Хадижаға деген адалдығы туралы былай деді: «Пайғамбар Хадижа туралы көп айтатын. Бірде қой сойып, етін бөлшектерге бөліп, Хадижаның құрбыларына таратып жіберді. Мен болсам: «Дүниеде Хадижадан басқа әйел болмағандай?» - дедім. Ол болса: «Ол осындай және осындай болды», - деп қасиеттерін еске алатын» (әл-Бұхари 3607).
- Бірде пайғамбарға негустан (Исламның басында мұсылмандарды қорғаған Эфиопияның патшасы) делегация келді. Сонда пайғамбар оларға өзі қызмет жасай бастады.


Сахабалары оны көріп: «Мұны біз істейік», - дейді. Пайғамбар: «Олар менің сахабаларыма құрмет көрсетті. Мен де оларға құрмет көрсеткенімді жақсы көремін», - дейді (Шуаб әл-Иман 8704).

- Туыстары мен сахабаларына адал болды. Әсіресе, сегіз жасынан оған қамқор болған, тәрбие берген және оны қорғаған ағасы Әбу Талипты ұмытқан жоқ. Ағасының соңғы мезеттеріне дейін оны тура жолға салуды тырысып, өлімінен кейін Алла Тағала пайғамбарға тыйым салғанына дейін ағасы үшін Алладан жарылқау сұрады.
- Сахабаларына деген адалдығына Хатыб ибн Әби Бәлтағамен болған жағдайды, ол сахабасы

өте қауіпті уақытта пайғамбардың құпиясын ашып, оны Алла елшісінің білгендегі істеген амалын жатқыза аламыз. Хатыб ибн Әби Бәлтаға құраиш тайпасына Алла елшісі мен оның әскері келе жатқанын хабарлаған болатын. Исламның бас кезінде онымен бірге болғандарға, әсіресе Бадр шайқасына қатысқандарға адалдығы үшін пайғамбар Хатыбты кешіріп, сахабаларына былай дейді: «Шын мәнінде, ол Бадр шайқасына қатысты. Сен қайдан білесің, мүмкін Алла Тағала Бадр шайқасына қатысқандарға қарап, «не істесендер соны істендер, мен сендерді кешірдім» деген шығар?» (Муслим 2494).

Алла Тағаланың әмірлерін орындап және құрметті пайғамбарлардың іздеріне ілесіп Алла елшісі Мұхаммед өмірінің барлық салаларында көркем мінездің керемет мысалдарын көрсетті.

Мәдинада немесе мұсылмандар «Нұрлы Мәдина» деп атайтын қаладағы салынған Мұхаммед пайғамбардың мешіті. Мәдина – Меккеден кейінгі қасиетті екінші қала. Алла елшісі Мұхаммед ол қалаға хижра (қоныс аудару) жасап, онда мешітін салып, онда жерленген. Қазіргі уақытта пайғамбар мешітін жыл сайын миллиондаған мұсылман зиярат етеді.



Мұхаммед пайғамбардың өнегелі сөздерінен

Мұсылмандар Пайғамбардың сөздерін естіп және жазып, оларды басқаларға жеткізуге көп көңіл бөлген. Хафиз (Құранды жатқа білетіндер) және ғұламалар пайғамбардың сөздерін дұрыс жазу мен саралауда бір-бірінен асып түсетін. Олар көптеген мәтіндердің ішінен қайсысы сенімді, қайсысы әлсіз екенін білу үшін хабарларды бекітудің тамаша тәртібін әлемге ұсынды. Тіпті, сөйлемдер мен сөздердің егжей-тегжейін қарастырып, оларға бөтен сөздердің қосылған-қосылмағанын анықтады.

Төменде Алла елшісі Мұхаммед айтқан хадистерінің үлгілері келтіріледі:

- «Шын мәнінде, амалдар ниетке байланысты және расында, әрбір адамға ниет еткені тиесілі» (әл-Бұхари 1).
- Игілік – көркем мінезділік. Ал күнә – жаныңды тынышсыздыратын және ол туралы адамдар білуін жақсы көрмегенің» (Муслим 2553).
- Дүниедегіні тәрк қыл, Алла Тағала сені жақсы көретін болады. Және адамдар қолдарындағына енжар бол, сені адамдар жақсы көретін болады» (Ибн Мәжаһ 4102).
- «Мен және алдымдағы пайғамбарлардың ахуалы, бір үй салған адамның ахуалы сияқты, оны жақсартып, барлық жағынан әдеміледі, бірақ бұрышта бір кірпіш қойылатын орын тастап кеткен. Оны көрген адамдар таң қалып айнала жүріп: «Бұл кірпіш неге қойылған жоқ?» - деп сұрай бастайды». Пайғамбар: «Осы кірпіш – менмін, және мен пайғамбарлардың мөрімін», - деді (әл-Бұхари 3342).
- «(Нағыз) мұсылман – қолы мен тілінен басқа мұсылмандар зиян көрмеген адам, ал (нағыз муһажир) қоныс аударушы – Алла Тағала тыйым салған нәрселерді тастайтын адам» (әл-Бұхари 10).
- «Қайда болсаң да Алладан қорық. Жамандықты өшіретін жақсылық жаса. Адамдармен көркем мінезді бол» (Әт-Тирмизи 1987).
- «Кімде-кім мұсылман емеске зұлымдық жасаса, немесе оны күшінен жоғары нәрсемен жүктесе, немесе еріксіз түрде одан бірдене алса – Қиямет күні мен онымен тартыс жүргіземін» (Әбу Дәуіт 3052).



«Иман келтірмейінше жәннатқа кірмейсіңдер. Бір-біріңді жақсы көрмейінше иман келтірмейсіңдер. Бір-біріңді жақсы көруге көмектесетін бір амалды айтайын ба? Араларыңда сәлемді таратыңдар» (Муслим 54).

- «Мейірімділерге аса Мейірімді рақымшылық етеді. Жердегілерге рақымшылық жасаңдар, сонда аспандағы сендерге рақымшылық жасайды» (Әбу Дәуіт 4941).
- «Кімде-кім мұсылман бауырының қайғы-мұңын сейілтсе, Алла Тағала оны қиямет-қайымның бір қайғысынан құтқарады. Кімде-кім қиын жағдайдағы мұсылманға жеңілдетіп берсе, Алла Тағала оған осы дүниеде де, Ақыретте те жеңілдік береді. Сондай-ақ, кімде-кім мұсылманның айыбын жасырса, Алла Тағала да қиямет күні оның айыбын жасырады. Мұсылман бауырына жәрдемдесіп тұрғанша, Алла Тағала оған көмек береді. Ал кім білім іздеушінің жолын ұстанса, Алла Тағала жәннатқа апаратын жолды жеңілдетеді... Кімді амалдары кешіктірсе, тегі алға жылжитпайды» (Муслим 2699).
- «Кім бізді алдаса – бізден емес» (әт-Тирмизи 1315).
- «Мұсылмандар бір-біріне деген сүйіспеншілік, мейірімділік пен жанашырлықтарында бір дене секілді. Бір мүшесі ауырса, бүкіл дененің ыстығы көтеріліп, ұйқы қашады» (Муслим 2586).
- «Барлығың бақташы, барлығың жауапкерсің. Халық басшысы өзінің халқына бақташы және ол үшін жауап береді. Ер адам өзінің жанұясына бақташы және ол үшін жауап береді. Әйел адам күйеуі үйінің бақташысы және оған жауап береді. Жок! Барлығың бақташы, барлығың жауапкерсің!» (әл-Бұхари 4892).
- «Сендердің ең жақсыларың өз жанұясына жақсыларың. Араларыңдағы жанұясына ең жақсыларың – менмін» (әт-Тирмизи 3895).



«Кім кішкентайымызға кеңпейілді болмаса және үлкеніміздің қадірін білмесе – бізден емес» (әт-Тирмизи 1920).


- «Бірде бір кісі жолда келе жатып, шөлдеп кетеді. Алдында құдықты көріп, ішіне түсіп, су ішіп сыртқа шығады. Сол уақытта тілін салбыратып, шөлдегеннен топырақты жеп жатқан итті көреді. Сонда әлгі кісі: «Мына ит мен сияқты шөлдегеннен қиналып жатыр», - деп, құдыққа қайтадан түсіп, аяқ киіміне су толтырып итті сусындырады. Ол кісіге Алла Тағала рахымет етіп, күнәларын кешіреді». Сонда саһабалар: «Я, Алла елшісі! Бізге жан-жануарлар үшін де сауап бар ма?» - деп сұрайды. Пайғамбар: «Барлық тірі жан үшін сауап бар», - деді. (әл-Бұхари 2466).
- «Екіжүздінің үш белгісі бар: егер сөйлесе өтірік айтады; уәде берсе оны бұзады; оған аманат тапсырылса, оны орындамайды» (әл-Бұхари 33).
- «Адамның исламды жақсы ұстанғаны – оған қатысты емес нәрсеге кіріспеуі» (әт-Тирмизи 2317).
- «Шын мәнінде, Алла Тағала барлық нәрседі жұмсақтықты жақсы көреді» (әл-Бұхари 5678).
- «Кімге жұмсақтық берілмесе, жақсылық берілмегені» (Муслим 2592).



Алла елшісі Мұхаммедті Құран Кәрім қалай сипаттады?

Құран пайғамбар және қоршаған адамдармен қарым-қатынастары туралы керемет қиссаларды айтады. Ол қиссаларда көркем мінезі, қадір-қасиеттері мен оның адамзаттан екені көрінеді.

- Ол бүкіл әлемдерге жіберілген рахымет. Тек мұсылмандарға ғана емес (Әнбия: 107).
- Ол ұлы мінезге ие (Қалам: 4).
- Адамдарға тура жолды көрсетуге қатты тырысады. Адамдар үшін уайымдағаны соншалық, Алла Тағаладан пайғамбардың жұмысы тек дінді жеткізіп оған шақыру ғана, ал тура жолға Алла Тағала Өзі қалағанын салады деп бірнеше рет айқын үндеу алды (Һуд: 12; Әнғам: 107; Кәһф: 110).
- Қате жасап қойғандардың себептерін іздеп, қателеріне мейіріммен қарайтын болған (Тәубе: 43).
- Алла Тағала тыйым салғанға дейін дұшпандарына жарылқау тілейтін болған (Тәубе: 80).
- Мұсылмандарға түскен қиыншылықтарды көру оған ауыр тиетін. Ол мүміндерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді болды (Тәубе: 128).
- Кей кезде адамдардың үйінде көп уақыт отырғандары оған жайсыздық тигізетін. Бірақ, ұялғаннан ештеңе айтпайтын (Ахзаб: 53).
- Ол кең пейілді, жұмсақ жүректі және жеңіл мінезді болды. Саһабаларымен жұмсақ қарым-қатынаста болып, олармен ақылдасатын. Тіпті, ауыр жағдайларда да пікірлерін тыңдап, шешім шығаратын болған (Әли Имран: 159).



Құран Кәрім – Исламның мәңгі кереметі

Дүниежүзінде сатылым және тарату бойынша бірінші орында тұратын және оған бір жарым миллиардтан артық адам сенетін Құран кітабы қандай?

Құран – мұсылмандар сенетін қасиетті кітап. Бірақ не үшін сенеді? Себебі Құран ол:

- Адамдарға нұр және тура жол ретінде Мұхаммед пайғамбарға түскен Алла Тағаланың сөзі.
- Аспаннан түскен кітаптардың ең соңғысы.
- Бұрмалау мен өзгертулерден сақталған.
- Оны оқу, жаттауменен құлшылық жасалынады. Және мұсылмандар ондағы жазылған үкімдер мен шариғаттар бойынша амал жасағанда да Алла Тағалаға құлшылық жасайды.


Түсу мезеті пайғамбар 40 жасқа толғанда Жәбірейіл періште арқылы басталып, бірінші аяты «Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы» болып түсті. Одан кейін 23 жыл бойы бірте-бірте оқиға-жағдайларға байланысты түсіп отырды.

Құран 114 сүреге (бөлімге) бөлінеді. Сүрелердің тақырыптары мен стильдері әртүрлі болғанымен, олардың барлығы шешендіктің үлгісі, әдеби араб тілінің жауһары болып саналады. Және сүрелер адамдардың тура жолы мен Алла Тағалаға құлшылық жасауға шақыруға құйылады...

Құран Кәрім маңызды тақырыптары:

1. Алла Тағала жалғыз екенін бекітіп, көпқұдайшылардың шүбәларын жоққа шығару.
2. Бұрынғы қауымдар мен пайғамбарлардың қиссалары.
3. Ұланғайыр әлеміміз, айналамыздағы жаратылыстарға меңзей қарап, Алла Тағаланың нығметтері қаншалықты екенін жете түсіну.
4. Дін шариғаттарын, әмірлері мен тыйым салғандарын түсіндіру.
5. Мұсылмандардың мінез-құлықтары мен сипаттарын баяндау және нашар сипаттарды ие болудан ескерту.
6. Қиямет күні, жақсылық жасаушы мен жамандық жасаушылардың жазалары туралы сөз.
7. Пайғамбар мен саһабалардың басына түскен оқиғаларды түсіндіру арқылы мұсылмандарды тәрбиелеу.

Төменде Құранның кейбір қасиеттері мен ерекшеліктерін оқи аласыз...



Құран жаттаудағы керемет

Алла Тағала соңғы кітабын «әл-Қуран» («оқу» етістігінен туындаған сөз) деп кеудеде сақталып, әрдайым оқылып тұратынын, және көптеген аяттарда «әл-Китаб» («жазу» етістігінен туындаған сөз) деп кітап жолдарында сақталып, жазылуын көрсету үшін атады. Алла Тағала осы екі жолмен кітабын сақтады. Пайғамбарға Құран аяттары түскен кезде оның алдында жазылып, ауызынан шыққаны жатталынып отырды. Хафиздердің (Құран жаттаған адамдар) саны қанша көп болғанымен айтқандары жазылғанға сәйкес келмесе, айтқандары қабыл болмайтын. Сондай-ақ, жазылған дүние де пайғамбардың ауызынан шыққанға сәйкес келмесе қабыл емес.

Сонымен бірге христиан ғалымдары Інжіл кітабындағы қайшылықтардың бар болғанын мойындап, оны табиғи жағдай дейді. Себебі, Інжіл кітабы әртүрлі уақытта жазылған дереккөздерден алынып жиналған және уаһи тікелей түрде келмеген дейді. Бірақ, олардың айтуынша Інжіл кітабында адамзатқа нұсқау бар екені жеткілікті.

Ал Құранды алатын болсақ, әрбір бейтарап оқырман үшін Құранда ешқандай қайшылық жоқ екені туралы шындықты мойындау ғана қалады. Себебі сөзі мен мағынасы Алла Тағаланың айтқаны; Мұхаммед пайғамбарға (оған Алланың сәлемі болсын) уаһи етілгенде жазылып сақталған; Құранға ешқандай қосымшалар қосылмай, еш қай жері өшірілген жоқ. Мұсылмандар қанша ағымдар мен мазхабтарға бөлінсе де, Құран Кәрімнің бір сөзінде де келіспеушілік болмаған.



Құран Кәрім кітабын ғасырлар бойы сақтау және буыннан буынға жеткізу жолдары дәлдіктің жоғары дәрежесінде болды. Мәтіннің жазылуында ешқандай өзгеріс болмау үшін әрдайым тексерістен өткізіліп, ауызша оқу менен дыбыстарын шығарудағы арнайы жолдары сақталып, жаттауда, әріптерінің кітаптарға бейнеленуінде, бірде-бір әріп кем болмай және бірде-бір hareket қосылмай дәлме-дәл қалай түсірілді солай қазіргі уақытқа дейін сақталған. Бүгінгі таңда әр адам Құранды Қытайдың солтүстігінен немесе Африканың орта жағынан сатып алып оны дүниежүзі мұражайларында сақталып тұрған мың жыл бұрын жазылған Құран мәтіндерімен салыстыра алады. Олай істесе, таңғаларлық шындықты көре алады: ескі болсын не жаңа болсын тура сол әріптер, және дыбыстау жолдары, сөздерін оқу қағидалары да қаншама уақыт өтсе де, мұсылмандар тілдері қандай әртүрлі болса да өзгерген жоқ. Қазіргі заманда Индонезияның бір кішкентай баласы Құранды жатқа оқып жатқанын, немесе мың жыл бұрын Меккеде мұсылман ғалымның сабақ үстіндегі оқуын естісең, маңызды емес, ешқандай айырмашылық таба алмайсың... Құран Кәрімде былай айтылған: «Егер Алладан басқаның қасынан болса еді, әрине онда олар көптеген қайшылықтар табар еді» (Ниса: 82). Таң қалатын ештеңе жоқ, шын мәнінде Алла Тағала Құранды өз қарамағына алып былай деген: «Расында Құранды Біз қорғаушымыз» (Хижр: 9).

Құранның мағынасы мен адамдарға ықпалы жағынан кереметі

Құранды зейінмен оқыған адам Құран өзінің оқырманына тікелей сөз байлап, диалог пен пікірталасты оқыған сайын қоймайтынын көреді... Бірақ, бір таңғалатыны – Құран оқырман ойының алдында жүріп, оларды дұрыс жолға бағыттап, адам ойларын айтпастан бұрын оларды оқығандай болады!

Иә, кей кезде суретші көздің суретін адам қай жаққа барса оның артынан қарап жатқандай етіп сала алады. Алайда, кітап адам ой өрісінің артынан ілесіп, олардың алдында қалай жүре алады? Ал Құран болса, оқырмандардың ахуалдары мен мәдениеттіліктерінің айырмашылықтарына қарамай, кейде сұрақтар тумай тұрып оларға жауап береді!

Құранның осындай, адамның ұмтылыстары мен бейімділіктерін анықтау, сырларын ашып, әлсіз жерлерін көрсету қабілеттілігі бар. Бірінші мезетте оқырман бұл қабілеттілікті қатыгездік деп санаса да, шынында, ақыл-сана мен жүрекке осыған дейін артта қалып қойған, немесе жауаптарынан қашқалақтап жүрген сұрақтар қою үшін сол адамның рухын ояту үшін керек...

Біріміз Құранды қолына алып оқи бастаса, қаншама адамдардың санаттары мен сипаттарымен танысып, ойлау сырлары, сезімдері мен ниеттерімен, біреулердің адасушылықтары мен тағы біреулердің құтылып табысқа жетулерімен өмір сүріп, өзі-өзімен тоқталып, барлығын ойластырып қайта пішкісі келгендей болады... Міне, аяттан кейін аят, көріністен кейін көрініс, мысалдан кейін тағы мысал келіп, сезбестен олар бірте-бірте Құран адам жанының ақиқатын көрсететін айнасы болғанша дейін жүрекке жақындап келеді... Ол айнада айыптары мен кемшіліктері, қабілеттері мен мүмкіндіктері шағылып тұрады. Құран адам жаны бойсұнып «Алладан басқа құдай жоқ» деп келгенше дейін, оны түгелдей сүзіп саралайтын сияқты.

Ондай адам торығып, нәпсісін үмітсіздік алып жатқанда мына аяттарды оқиды: «(Мұхаммед): “Әй өздеріне зиян қылған құлдарым! Алланың рахметінен күдер үзбедер. Алла біртұтас күнәларды жарыққайды. Өйткені Ол тым жарылқаушы, төтенше мейірімді” де» (Зумәр: 53).

Ал қатты күйзеліске ұшырап, ішкі дүниесі күресіп, өзіне пана, арқа сүйер біреу керек екенін сезінгенде Алла Тағаланың мына сөзінде сүйініш табады: «(Ей, Мұхаммед!) Ал, қашан құлдарым сенен Мен туралы сұраса, күмәнсіз, Мен өте жақынмын. Қашан менен тілесе, сұраушының тілегіне жауап беремін. Тура жолмен жүру үшін олар да Маған жауап берсін және Маған сенсін» (Бақара: 186).


Ал енді, өмірі бақылауынан тыс өтіп бара жатқанын, оның енді өзіне бағындыра алмайтынын немесе оған шыдай алмайтынын ойласа, Құран Кәрімде Алла Тағаланың мына сөзін шипалы бальзам және тірек ретінде қабылдайды: «Алла ешбір жанға, оның күші жетпейтінді міндеттемейді. Істеп тапқаны (жақсылығы) оған, ал өзі үшін істеп тапқаны (жамандығы) – оның өзіне қарсы болады. «Раббымыз! Егер ұмытсақ не қателессек, бізді жазаға тарта көрме. Раббымыз! Бізге бізден алдыңғыларға (ілгері үмметтерге) артқанындай ауырлық артпа. Раббымыз! Бізге әліміз жетпейтінді жүктеме! Әрі бізді жазалама және бізді кешір және бізге рақым ет. Сен – біздің Иемізсің! Бізге кәпір адамдарға қарсы көмек бер!» (Бақара: 286).

Белгілі өркениет тарихшысы Уилл Дюрант басқа да бейтарап зерттеушілермен бірге Құранның әсері мен мәртебесін мойындап, былай дейді:

«Құранға бүгінгі таңдағы және бұрынғы ғасырлардағы өмір сүрген ойшылдар және ғұламалар иман келтіріп келген. Сондай-ақ, ақыл-ой дамулары мен ой-пікірлері түрлі-түрлі иман келтірген адамдар қаншалық. Бұл Құранның күллі адамдар қабылдай алатын ақиқат және анық дінисеніммен келгені үшін ғана... Дінисенімдердің ішіндегі ең жеңілі, түсініксіз жерлері аз, салт-жоралар мен рәсімдерге байлаудан алыс, және абыздық пен пұтқа табынушылықтан бос шарият... Ислам адамдарға өмірдің қиындықтарын, жолдарында кездесетін шектеулерді шағымданбай және шаршамай көтеруді үйретті... Құран дінге анықтама беріп, шектерін сондай түрде сызып берді, дінисенімдері дұрыс христиан мен яһуди ондай дінді қабылдамауға ешқандай бөгет таба алмайды.» («Өркениет тарихы», 13/68-69)

«Игілік – жүздеріңді шығысқа және батысқа бұруларын емес. Негізінде, игілік – Аллаға, Ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға сенуде және мал-дүниесін өзі жақсы көре тұрып жақындарына, жетімдерге, кедейлерге, (жолда қалған) жолаушыға, қайыр сұрағандарға және құлды азат етуге беруде және намазды толық орындауында, зекетті беруде әрі өзара уәделескенде, уәделерін орындауда әрі таршылық, ауруға ұшыраған және соғыс кезінде сабыр етуде. Міне, солар – шын сөзділер, міне, солар – тақуалар (Бақара: 177)».

Уилл Дюрант былай дейді: «Құранға бүгінгі таңдағы және бұрынғы ғасырлардағы өмір сүрген ойшылдар және ғұламалар иман келтіріп келген. Сондай-ақ, ақыл-ой дамулары мен ой-пікірлері түрлі-түрлі иман келтірген адамдар қаншалық. Бұл Құранның күллі адамдар қабылдай алатын ақиқат және анық дінисеніммен келгені үшін ғана... Дінисенімдердің ішіндегі ең жеңілі, түсініксіз жерлері аз шарият»

An open book, likely the Quran, is placed on a dark wooden stand in the center of a long, carpeted hallway. The hallway is lined with white columns and arches, leading to a bright, sunlit area at the end. The lighting is warm and golden, creating a serene atmosphere. The carpet has a traditional pattern.

Құран
қайдан
келді?

Құран

Құран, Мұхаммед... Мұсылмандардың қасиетті кітабы туралы сөз қозғалғанда жоғарыдағы сұрақ «Құран қайдан келді?» бірден ойға келетін логикалық сұрақ... Сөйтіп, осы әңгімеде мұсылмандардың көзқарасын неге қабылдауымыз керек? Осы жайлы сұрақ қоя алмаймыз ба?

Құран алтыншы ғасырда Меккеде туған Мұхаммед ибн Абдулла есімді оқу-жазуды білмейтін арабтың тілінде келгеніне барлық тарихшы ғалымдар келіседі... Бұл фактілерге тарих куә. Мұндай куәліктің шынында, бағасы жоқ... Ал Құранның өзінде кітапты әкелген кісі оны өзі ойлап шығарған емес, шын мәнінде, ол Алла Тағаланың уаһи болып түскен қасиетті сөздері, және Мұхаммедтің жалғыз миссиясы – ол Алланың сөзін адамдарға түсіндіріп, ешқандай кемшілік пен қосымшасыз жеткізу деп анық түрде айтылады.

Тағы бір сұрақ, Ислам елшісі Мұхаммед Құранды ойдан шығарып, немесе мазмұнын біреуден үйреніп өзінің тұжырымымен өзгертіп адамдарға ұсынуы мүмкін бе?



Ислам елшісі адамдарға билігін арттыруы үшін Құранды Алла Тағаланың сөзі деп алдаса, онда айтқан барлық сөздері де Алладан деп неге айтпады?

Мұндай сұрақтар – Құранды оқымаған, онымен таныспаған, Мұхаммедтің өмірбаянын білмеген адамдардың ойларына келетін жалпы табиғи сұрақтар.

Бұрынғы ойшылдар мен әдебиетшілердің көбісі біреулердің идеялары мен еңбектерін ұрлап, өзгертіп, өздерінің аттарынан шығаратындарын біз де білеміз, тарих зерттеулері де бекітеді. Олай болса, біреу өзінің ақылын, сөздерін басқа біреуге неге тіркейді?

Сонда бір сұрақ туады: Мұхаммед адамдарға билігін арттыруы үшін Құранды Алла Тағаланың сөзі деп алдаса, онда айтқан барлық сөздері де Алладан деп неге айтпады?

Кітапты ашып карағандағы, көптеген жерлерінде Мұхаммедпен сөйлесіп жатқан тікелей түрде оны сөгіп, дұрыс жолды таңдауы үшін насихат ұсынып, қателерін дұрыстап жатқанда, Мұхаммед Құранды

адамдардың арасындағы билігі, жоғары мәртебесі мен дәрежесі үшін оны Алла Тағаланың сөзі деп, өзі ойдан шығарып жазды деп қалай айтуға болады?

Құран, оқырманның байқағанынша, тек бір тақырыпта ғана пайғамбарды сөккен жоқ. Жеке отбасылық мәселелерінде насихаттап, қолбасшы ретіндегі, тіпті адамдарды дінге шақыру жолындағы қателерін дұрыстады!

Мысалы, Мұхаммед саһабаларының бірі, соқыр, бірақ жүрегі иман сусындаған кісі бірде пайғамбардың қолы бос емес уақытында келген болатын. Ол мезетте пайғамбар Ислам дінін қабылдауын қалап, құраиш тайпасының мырзаларына дағуат жасап жатқан еді. Соқыр саһаба пайғамбардың қолы бос екенін білмей, қасына қайта-қайта келіп: «Саған Алла Тағала үйреткенді маған үйрет» деп қайталап жүреді. Сонда Мұхаммед іштей наразы болып, қабағын түйіп, соқыр саһабасы қолы босағанша дейін күткенін қалап, оны жауапсыз қалдырып кетіп қалады. Құран осы мезетке тоқталып оны тарихқа енгізді. Болған жағдайдың егжей-тегжейін туралықпен дәл суреттеп,

Мұхаммедтің соқыр саһабасының бетіне қалай қабағын түйгенін, және жауапсыз қалдырғанын сипаттайды. Құран бұл жағдайға жай ғана тоқталмай, пайғамбарына сөгіс жариялап, ондайды қайталамас үшін ашық түрдегі қатал насихатты Құранның түгел бір сүресінде (бөлімінде) үгіттеді. Ол сүре болған жағдайға куәлік ретінде «Абаса»/Қабағы түйілген/ (1-11) деп аталды. Аталған сүре түскеннен кейін Алла елшісіне соқыр саһабасы келген кезде: «Раббым сен үшін мені сөкті, қош келдің!» - деп, өзінің жамылғысын саһабасының астына төсейтін болған.

Құран осы секілді пайғамбарын сөгу /біріміз ондай сөгістер естісек ұнатпаушы едік/ және насихаттау қиссаларының бірнешеуін келтіреді... Жоғары мәртебе мен жоғары дәрежені қалайтын адам қателері кең таралып, осындай тәсілмен тарихқа енгенін қалай ма?!

Сондай-ақ, Мұхаммедтің қиын жағдайлардағы қалай өмір сүргенін, өзінің пайғамбарлығын, шындығын дәлелдеу үшін, немесе өзінің және жанұясының күнәсіз екендігін дәлелдеу үшін қаншама рет уаһи

күтіп, ал уаһи түспегенін сол тарихымыз бекітіп қойған...

Мысалы, пайғамбар қауымының дұшпандары оған зиянкестік істеу үшін қасиетті кітаптары бар бұрынғы үмметтердің ғұламаларына барады. Олардан ақыл сұрап, білімдерін Мұхаммедке қарсы күресте қолданады.

Кітап иелері пайғамбардың дұшпандарына «үш сұрақ қойындар, егер жауап берсе ол пайғамбар, ал егер жауап бермесе пайғамбар емес» деп кеңес береді. Айтқандарын істеп, пайғамбар: «Сендерге ертең жауап беремін», - дейді.

Бірақ, уаһи көп күн бойы келмей қалады. Жауап бермей жатқаны үшін дұшпандары кекетіп мысқылдай бастайды. Осы себепті Мұхаммед қатты уайымға батып қайғырады. Қойылған сұрақтарға жауап ретінде уаһи он бес күннен кейін ғана түсіп, онымен бірге пайғамбарға арналған мына сөздер түседі: «Ертең бір амалды істеймін деп сенімді күйде айтпа. Тек қана Алланың қалауымен ғана байланыстырсаң ғана. «Алла қаласа» де. Бұл сұрақтарға кешіктіру - Алла Тағаланың саған үйретуі» (Кәһф: 24).



Қайталанатын айыптаулар

Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны – оның шыншылдығына ең ашық дәлел...

Оқу-жазу білмейтін адам, тура өзі сияқты оқи алмайтын және жазу білмейтін ортада тұрып, олармен бірге өмір сүріп, отырыстарына қатысып (жаман амалдары бар отырыс емес), өзі және отбасысы үшін ырзық іздеп жүрген, ақы үшін қой баққан немесе саудамен айналысқан, ғұламалармен ешқандай байланысы да жоқ, міне осылай қырық жыл бойы өмірін өткізіп жүрген адам бір уақытта қауымының ешқайсысы да бұрын естімеген және ата-бабалары да айтпаған сөздерді айтып, бірінші халықтардың қиссаларын, жаратылыс тарихын, алдыңғы пайғамбарлар өмірлерінің егжей-тегжейін және өмірдің барлық саласындағы үкімдер мен шариғаттарын айта бастайды!


Бұл Мұхаммед қауымынан дұшпандары үшін үлкен соққы болып, олар адамдарды пайғамбардан қалай сақтаймыз, ескертеміз деп жанталаса ойлана бастайды.

Олар үшін Құранды Мұхаммедтің өзі ойлап шығарды деп айту қиындау болды, себебі, Құранды зейінмен оқыған кісі олай дей алмайды. Және Мұхаммед ол Құранды басқа біреуден үйренді деп те айта алмады, себебі, Мұхаммед араларында өмір сүріп, бүкіл өмірінің жай-жапсарын біледі... Сонымен, қарама-қайшы, екіжақты айыптауларын бастайды. Бірде Мұхаммед Құранды бұрынғы адамдардан алды деді, бірде Құранды өзі ойлап тапты деп, бірде бұның бәрін Мұхаммед түсінде көрді деп айыптады...

Ал осының барлығын дәлелдей алмағандарында «сиқыршы», «ақын», немесе «мәжнүн» (жынды) деп айта бастады!

Бұл хикая аты өзгергенімен тура сол бұрынғы хикая еді... Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) сиқырлықпен айыпталған жоқ па? Ал Иса (оған Алланың сәлемі болсын) туралы мәжнүн, есі ауысқан деп айтылған жоқ па?

Ақиқатында, барлық пайғамбарлардың (оларға Алланың сәлемі болсын) жағдайлары осындай болған. Дұшпандары басқа айып таба алмағанда «сиқыршылар» немесе «есі ауысқандар» деп шыға келетін. Жала жабушының да ахуалы дәл осындай, өтірігі ашылып қалады деп сезгенде, жан-жаққа жүгіріп, өтірігі ашылмайды деген үмітінде дүниедеге бар абсурдты айыптауларды айтып салады. Бірақ, ол үміті бос қиял ғана!



Бұны жай ғана дарындылық деп неге санамасқа?


Алла Тағала адамның ақылына елестетуге қиын болатын ойлап шығару құдіреттерін беріп қойғаны белгілі, бірақ, өнертабыста және қорытынды шығаруда да ақыл-сананың шегі бар екені табиғи құбылыс сияқты... Санамыз

Жаратушы Құдіретті Раббымыздың бар екенін растайды, және Раббының әділдігі әр біреу өзінің амалдарына сәйкес жаза алатын басқа өмір бар екенін талап етеді. Бірақ, осы ақыл-сана ешқандай дәлелдері мен куәліктері жоқ егжей-тегжейлер мен нақты детальдарды бекіте ала ма?

Құранды қолына алған оқырман Құран иманымызды кеңейтіп, көбейтетінін көреді. Ол қалай болады? Құран жаратылыстың қалай басталып қалай аяқталатынын, жәннат пен ондағы рахатты, тозақ пен ондағы азапты, жәннат пен тозақ есіктерінің саны, ол екеуіне жауапты періштелердің саны, және адам мен әлемнің ақиқатын ашатын жан-жақты мәселелерді қозғап, анық түрде сипаттайтыны үшін... Ал енді, мына егжей-тегжейлердің барлығы қай ғылыми теорияға құрылған?

Адамды ондай деректерге ақыл-ойы мен данышпандығы әкеле алмайды. Бұл - өтірік, жалғандық және ешқандай дәлелі жоқ болжамдар ғана, немесе оқу менен бағыт көрсетумен ғана жете алатын ақиқат.

Қазіргі уақыттағы ғылым Құранда келген деректерді теріске шығармайды, керісінше, кейбір деректермен келісіп оны дәлелдеген. Ал ғайып әлемі туралы деректерді айтатын болсақ, Құрандағы ғайып әлемі деректері алдыңғы аспаннан түскен кітаптарға қайшы келмейді.



Ақиқатында, барлық пайғамбарлардың (оларға Алланың сәлемі болсын) жағдайлары осындай болған. Дұшпандары басқа айып таба алмағанда «сиқыршылар» немесе «есі ауысқандар» деп шыға келетін.

Құран басқа кітаптардың өзгертілген нұсқасы болуы мүмкін бе?

Бұл сұраққа тоқталып, бұл деректердің кішкене бөлігі болса да алдыңғы пайғамбарлардың кітаптарынан алынғаны мүмкін бе, соны ойланайықшы...

Есімізге алайық, Мұхаммед оқу-жазуды білген емес, және қауымының көбісі сондай ахуалда болып, мұндай мағлұматтарды бұрын естімеген; Мұхаммед пайғамбарлығына дейін кітап иелерінің (христиан және яһуди) біреуін де кездестірмеген (кішкентай кезіндегі сапарда туыстарының алдында болған бір кездесу болмаса); және тарихи деректер бойынша ол уақытта өмір сүрген кітап иелері мәртебелерін сақтау үшін ғылымдарын жасырып, өздеріне ғана арнаған; бұрынғы аспан кітаптары ашық түрде ешкімге ұсынылған жоқ.

Жоғарыда айтылғанның барлығын назарымызға алмасақта, әрбір зерттеуші Құран басқа аспан кітаптарында келген барлық мағлұматтармен келіспейтінін бірден түсінеді. Керісінше, Құран – ол кітаптардағы кейбір діни ғұламалардың өзгеріс енгізулеріне байланысты пайда болған қателерді дұрыстау үшін, кейбір қиссалардағы жетіспеушіліктерді толықтыру үшін, поптар мен діни ғалымдары жасырған білімдердің бетін ашу үшін, олардың пайғамбарларға (оларға Алланың сәлемі болсын) тіркеп қойған діни сенімдегі немесе мінез-құлық адасушылықтарын баяндау үшін, және бұл ақиқатқа сәйкес емес екендігін түсіндіру үшін келген... Осындай мысалдар баршылық. Осыдан кейін, Мұхаммед кітап иелерінен білім алып, олардың шәкірттері болған деп айта аламыз ба?

Тарихи шындық

Бейтарап зерттеушінің тағы бір сұрақ аймағында ойланғаны дұрыс... Ислам елшісі Мұхаммед араб болған жоқ па?

Тарихтың айтуынша, ол уақыттағы арабтардың мақтанш тұтатын бір ғана қасиеттері – нағыз шешендік өнер мен әдеби тілдері болған. Ол үшін жиналыс, отырыстар мен жәрмеңкелер ұйымдастыратын жетістіктері – әдебиет пен ақындық поэмалар. Қауымдарында поэмалардың дәрежесі соншалық, тіпті бір тайпа ол туралы айтылған өлеңдер үшін не құлап не көтерілетін болған.

Және тарих, әдебиет кітаптарында, олардың біреуі поэма немесе проза шығарып, оны көпшілікке айтқан болса, міндетті түрде, тағы біреулері ол шығарманы саралап,

кемшіліктерін көрсетіп, ұмытқан жерлерін толықтырып, стилін қолданып жауап бергені туралы деректер бар. Ақындық майданында аса құмарлықпен күштерін көрсетіп, жарысып сайысқанды жақсы көрген.

Ал енді, міне, олардың күресуге және көзін құртуға еш мүмкіндік жібермеген, ең қас дұшпандары Мұхаммед Құран сияқты бір кітап жазуға немесе оның бір бөлігі секілді шығарма жазып алып келуді сұрап тартысқа шақырады. Олар болса, бұл шақыруды қабыл ала алмай, үндемей қашқақтап жүріпті!

Ақындық пен шешендік өнердің өнерпаздарын мұндай тартысқа шақыруға Мұхаммед қалай қорыққан жоқ? Тартысын жамағат болмаса, аса дарынды біреу қабыл алып, әкелген тәлімінің бытшытын шығарып, оның жалған екенін дәлелдесе ше?

Мұхаммед қауымының шамалары жетпейтінін біліп тартысқа шақырды десек, бірақ, Қиямет күніне дейін ешкімнің де мұндай тартысты қабыл ала алмайтынын қалай айтқан? Құранның бір бөлігі секілді де барлық адамдар бірігсе де әкеле алмайтынына неге сенімді болды?

Осындай авантюраға тек әкелгеніне өте сенімді болған адам ғана бара алады... Жағдай дәл осындай болды. Құраиш қауымының біреуі де, тіпті үлкен шешендері де Құран сияқты, оның кішкентай бөлігі секілді ештеңе шығара алмады. Бұл сонау заманның қазіргі уақытқа дейін созылған ақиқаты. Ал кім ондайға бара аламын деп, талпыныс жасағандар маскара сәтсіздікке ұшырап, қауымының ішінде сайқымазаққа айналып, мазақ астында қалған.

«Фатиха» (Кітап ашушы) сүресі

Құран Кәрімдегі ұлы сурелердің бірі. Мұсылмандар әр намаздарында оқитын маңызды сүре болып табылады. Төменде қысқаша мағынасы келтірілген:



«Фатиха» сүресінің мағынасы



«Бисмил-ляяхи ррахмаани ррахим»

«Аса Қайырымды, ерекше Мейірімді Алланың атымен»: Алла Тағаланы құрметтеп және ұлықтап, Оның атымен бастаймын. Және Ол әр нәрсені қамтыған мейірімділікке ие.

«Аль-хамду лил-ляяхи раббиль-‘алямин»

«Барлық мақтау әлемдердің Раббысы (Иесі) – Аллаға тән»: Алла Тағаланың барлық көркем сипаттары, істері және көмес пен көрнекі нығметтері арқылы Оған деген махаббат, ұлықтауменен Оны мадақтаймын. Ол – барлық әлемдер мен жаратылыстардың Жаратушысы, Билеушісі, Мырзасы және нығмет Берушісі.

«Ар-рахмаани ррахим»

«Аса Қайырымды, ерекше Мейірімдіге»: Мейірімділіктің бүкіл мағыналарымен сипатталған. Ол осы әлемдегі әрбір нәрсені қамтитын жалпы мейірімлік пен мүмін құлдарына ғана жететін ерекше мейірімділіктің Иесі.

«Маалики йаумид-дин»

«Есеп күнінің Билеушісіне!»: Қисап және жаза күні әр кімге несібесін беретін Билеуші.

«Ийяяя на’буду уа ийяяя наста’ин»

«Саған ғана құлшылық жасаймыз әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз»: Я, Раббымыз Саған ғана құлшылық жасаймыз, ғибадаттың қай түрінде болсын Саған серік қоспаймыз. Барлық істерімізде де Сенен ғана жәрдем сұраймыз. Бүкіл нәрсе Сенің қолында, Сенен басқа ешкімнің кішкентай тозаңға да билігі жоқ.

«Ихдина ссырааталь-мустақым»

«Бізді тура жолмен жүргізе гөр»: Я, Алла, бізге тура жолды көрсетіп, онымен жүргізе гөр. Сенімен кездесетін күнге дейін бізді тура жолда берік ете гөр.

«Сыраатал-лязийна ан’амта ‘аляихим»

«Игілікке бөлегендеріңнің жолымен!»: Пайғамбарлар, салиқалылардың, нығметке, тура жол мен һидаетке бөленгендердің, ақиқатты біліп оған ілескендердің жолымен.

«гайриль-мағдууби ‘аляихим уа ляд-дооллин»

«Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолымен емес!»: Ақиқатты біліп, оған ілескендері үшін Сенің ашуыңа ұшырағандардың және өздерінің надандықтары мен білімсіздіктері үшін ақиқаттан адасып кеткендердің жолынан бізді алыстатып, сақтай гөр.



Қорытындылап айтсақ

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін әрбір оқырман Құранмен танысу және оны оқып-үйренудің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, қорытынды жасауға және Құранға деген көзқарасын анықтауға әбден құқығы бар. Араб емес болғандар өздерінің тілдеріне Құран мағыналарының сапалы аудармасын тауып алғандары жөн.

Құранда айтылғандай, Мұхаммед пайғамбар миссиясының ақиқат екенінің ең үлкен дәлелі - бұл Құран Кәрімнің мағыналарын оқып, терең ойланудан кейін жүрегіміз бен ақыл-ойымызбен жеткен нәтижелер болып табылады: «(Ей, Мұхаммед!) Оларға оқылып жатқан Кітапты саған түсіргеніміз, олар үшін жеткілікті емес пе? Ақиқатында онда (Құранда) сенетін ел үшін мейірім әрі еске салу бар» (Әнкабут: 51).

Алла Тағала Құранды оқуға, оған ой жүгіртуге шақырады және одан бас тартатындар –жүректерінде және ақыл-парасаттарында құлып тұрғандар ғана (Мұхаммед: 24).





Ислам дініндегі құлшылықтың мағынасы

Алла Тағала біздің құлшылығымызға мұқтаж ба?

Алла Тағала амал-құлшылықтарымызға мұқтаж емес. Ислам дініндегі табысқа жету мен азаптан құтылу - белгілі бір рәсімдер мен формалды істер және қаржылай берілетін садақалар ғана емес. Шын мәнінде, ол Алла Тағалаға иман және ықыласпенен бет бұрудың қаншалықты шыншыл екеніне байланысты. Ал иман мен ықылас - өз қатарында мінез-құлық пен адам нәпсісінің жоғары моральдық қасиеттерімен, адамзат социумына қызмет жасаудағы амалмен, және қоғамның дамуына үлес қосудағы талпыныспен жүзеге асырылуы керек.

Алла Тағала біздің құлшылығымызға мұқтаж ба?

Алла Тағала амал-құлшылықтарымызға мұқтаж емес. Ислам дініндегі табысқа жету мен азаптан құтылу - белгілі бір рәсімдер мен формалды істер және қаржылай берілетін садақалар ғана емес. Шын мәнінде, ол Алла Тағалаға иман және ықыласпенен бет бұрудың қаншалықты шыншыл екеніне байланысты. Ал иман мен ықылас - өз қатарында мінез-құлық пен адам нәпсісінің жоғары моральдық қасиеттерімен, адамзат социумына қызмет жасаудағы амалмен, және қоғамның дамуына үлес қосудағы талпыныспен жүзеге асырылуы керек.

Алла Тағала Құранда былай деген: «Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық етуден басқа нәрсе үшін жаратпадым. Мен олардан ешбір ризық қаламаймын және олардың Мені тамақтандыруын да қаламаймын. Ақиқатында, Аллаһ – әр-Раззақ (ризык беруші), күш-қуат Иесі, әл-Мәтин (өте Мықты)» (Зәрият: 56-58).

Бірде мұсылмандар намаздың құбыласы қай жақта екенін білмей, бір-бірінен сұрай бастағандарында (мұсылмандардың құбыласы Мекке жақта), Құран Кәрімде оларға жауап ретінде, діннің ақиқаты – Шығыс не Батыс жаққа бұрылғанда емес, шынғында, ол – иманның және Аллаға ұмтылыстың шын болғанында, жақсы амалдарда және адамзатқа пайда әкелуде екені айқын айтылды: «Игілік – жүздеріңді шығысқа және батысқа бұруларың емес. Негізінде, игілік – Аллаға, Ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға сенуде және мал-дүниесін өзі жақсы көре тұрып жақындарына, жетімдерге, кедейлерге, (жолда қалған) жолаушыға, қайыр сұрағандарға және құлды азат етуге беруде және намазды толық орындауында, зекетті беруде әрі өзара уәделескенде, уәделерін орындауда әрі таршылық, ауруға ұшыраған және соғыс кезінде сабыр етуде. Міне, солар – шын сөзділер, міне солар – тақуалар» (Бақара: 177).

Кімде-кім құлшылығы мен дінінде талпыныс жасаса - тек өзінің пайдасы мен азаптан жанын сақтауы үшін ғана; ал кімде-кім күпірлік жасаса – күпірлігі үшін өзі ғана ұтылады және Алла Тағала бізге мұқтаж емес екенін Құран тағы бір рет Әнкабут сүресінде айтып кетеді (Әнкабут: 6).



Бірде мұсылмандар намаздың құбыласы қай жақта екенін білмей, бір-бірінен сұрай бастағандарында, Құран Кәрімде оларға жауап ретінде, діннің ақиқаты – Шығыс не Батыс жаққа бұрылғанда емес, шынғында, ол – иманның және Аллаға ұмтылыстың шын болғанында, жақсы амалдарда және адамзатқа пайда әкелуде екені айқын айтылды.

Ислам рүкіндері

Рүкіндер деп Ислам дініндегі әмір етілген ең маңызды ғибадат-құлшылықтар. Олар:




Құлшылықтың тек қана Алла Тағалаға лайық екендігіне иман келтіру және Мұхаммед елшісіне ілесу. Бұл «Алладан басқа құдай жоқ. Мұхаммед Оның елшісі» екендігіне куәлік ету арқылы жүзеге асады (34 бетті қара).



Парыз намаздарын орындау (104 бетті қара).



Зекетті алуға лайықты адамдарға зекет шығару (108 бетті қара).



Рамазан айында ораза ұстау (110 бетті қара).



Қаражаты жетіп, ден-саулығының шамасы жеткендерге Алланың үйі әл-Харамға қажылық жасау (112 бетті қара).

Адамға неге парыздар жүктелген және сынақтың мәні не?

Осы сұрақ сөздері ауысқанымен, мағынасы қалып қайталана береді. «Неге Алла Тағала бізге ауыз, тіс және асқазан беріп, сосын «ораза ұстандар» дейді?!», «Неге бізге әдемілік, құмарлық беріп, одан кейін «көздерінді түсіріңдер, зинадан алыс жүріңдер» дейді?!», тіпті «Неге бізге күш-қуат беріп біреуге зұлымдық, шабуыл жасауға тыйым салады?» деген сұрақтарды да естігеніміз сирек емес.

Шынында, Ислами көзқарастан бұл өте анық нәрсе. Алла Тағала бізге күш-қуат пен қабілеттерді менгеру үшін берген. Олар бізді менгерсін деп емес, керісінше, біздің қолымыздың астында болулары үшін... Алла Тағала адамға жылқы жануарын оның үстіне отырып оны жүргізуі үшін берді. Керісінше емес. Денеміз бен күшіміз біз үшін жаратылған ат жануары сияқты; оны ерттеп, жүгендеп жүргізулеріміз үшін, және дұрыс уақыт пен дұрыс жерде, дұрыс жолмен қолдану үшін жаратылған.

Адамның жануарлардан айырмашылығы және дәрежесінің жоғарылығы – оның құмарлықтары мен нәпсісін, қалауларын қолында ұстауы мен күш-құдыреттерін пайда әкелетінге жұмсауында... Міне, Алла Тағала адамды осыменен ерекше етіп, осыменен сынаққа алды... Және осы үшін бізді жаратты.

Алла Тағала Құранда айтқандай: «Ақиқатында, Біз адам баласын араласқан бір тамшыдан жараттық. Біз оны сынаймыз. Сөйтіп, оны

естітін, көретін еттік. Күмәнсіз, Біз оны тура жолға түсірдік. Ол не шүкір етер, немесе күпірлік етер» (Инсән: 2-3).

Адамның үлесіне сынақтар мен қиыншылықтар тек рухани, адамгершілік қасиеттерімізді және иманымызды дамытуға, және осы дүниеде негізгі мақсатымыз бен біз не үшін ғана жаратылғанымызды еске салдыру үшін түседі. Құранда айтылғандай: «Біз сендерді аздаған қауіп-қатермен, аштықпен және мал-мүліктеріңнен, (жақын) жандарыңнан, өнімдеріңнен айыру арқылы сынаймыз. Сабыр етушілерді сүйіншіле, солар бір қайғы жеткенде: «Ақиқатында, біз Аллаһтыкіміз әрі әлбетте, біз Оған қайтушымыз», - дейді» (Бақара: 155-156).

Дүние өміріміз – рухани дүние және адамгершілігіміздің «көтерілу мен құлау» алаңы. Алла Тағала бізге қайталанып тұратын хидает пен дұрысталу мүмкіндіктерін беріп тұрса да, оларға бізді мәжбүрлемей, бізге таңдау тастап, сонымен бірге жердің бетін өңдеуге, адамзатқа пайда әкелуге, өзіміздің талпыныстарымыз бен қателерімізден сабақ алуымызға үндеген. Ал қателеріміз бен ұнамсыз әрекеттерімізді байқауымыз, Алла Тағалаға қайтып, тәубеге келуіміз үшін. Құрметті пайғамбар Мұхаммед былай деген: «Егер сендер күнә жасамасандар, Алла Тағала сендерді күнә жасайтын және Одан кешірім сұрайтын басқа қауыммен ауыстырып, оларды кешіреді» (Муслим 2749).



“
Адамның жануарлардан айырмашылығы және дәрежесінің жоғарылығы – оның құмарлықтары мен нәпсісін, қалауларын қолында ұстауы мен күш-құдыреттерін пайда әкелетінге жұмсауында...

Намаз

Осындай ғажап көріністі көз алыңда немесе ақпараттық құралдарында: бір немесе одан көп мұсылмандар белгілі бір бағытқа беттерін бұрып, қиям, рукуғ, сәжделерін жасап жатқанда қоршаған әлемнен байланыс үзгендей болып намаз оқып жатқандарын көргенде осы намаздың мәні не деп талай өз-өзіне сұрақ қойған шығарсың...

Мұсылмандар намазының мәні неде?

Намаздың Ислам дінінде алатын орны зор. Себебі, Алла Тағала пайғамбарына: «Сәжде қыл және жақындай түс!» (Ғалақ: 19) дегендей, намаз – Алла Тағалаға бойсұнып, Одан дұға сұрап, Оған жақындаудың маңызды жолы болып саналады. Сол үшін намаз Ислам рүкіндерінің екі куәліктен кейінгі екінші рүкіні болып табылады.

Алла елшісі: «Ислам бес нәрседен құрылған: «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» куәлігінен, намаздан...», - деген (әл-Бұхари 8).

Ислам тәлімі бойынша, мұсылман намазында жүрегін пәктеуге қаншалық тырысқанына, сезімдерін, ойын зейіндеп, Алла Тағалаға жақындығын сезіп, бүкіл денесі мен жан-дүниесімен Раббысына ұмтылуы қаншалық болса, сонша сауап алады. Дәл осы әрекеттер адам нәпсісіне байсалдылық пен тыныштылық береді. Осы қасиеттері үшін намаз - Мұхаммед пайғамбардың үлкен ләззаттарының бірі болған.


Құран намаз туралы сөз қозғағанда, «тұру» деген сөз қолданады, яғни жай ғана намазды оқу емес «намазға тұру» керек екенін айтады. Себебі, шын намазға тұруда адам денесінің барлық мүшелері, ақылы, жүрегі және рухы қатысады... Егер біз намазды дұрыс орындасақ, ол жақсылық істеуде және жаман амалдардан, опатқа апаратын күнәлардан алыс болуға итермелейтін қолдаушы болады. Алла Тағаланы еске алу мен Одан пана сұрау – адам амалдарының ең ұлысы (Әнкабут: 45).

Намазды алдында жуыну мен гигиенасы бар тек дене жаттығулары дейтін адам, намаздың барлық әрекеттері мен сөздері Алла Тағаланы ұлықтау екенін көрмей қалады. Намазды бастаған мезетінде намаз оқушы қолдарын көтеріп «Алла Ұлық» дейді, одан кейін Алла Тағаланың ұлылығын сезініп, өзінің әлсіздігін мойындап, бүкіл бойсұнуменен рукуғқа барады да «Ұлы Раббым пәк» дейді. Одан кейін Алла Тағаладан жақындығын, дұғаларына жауап сұрап, жерге маңдайы мен мұрнын тигізіп «Жоғары Раббым пәк» деп, Раббысынан дұға сұрап, тілектерін тілейді... Намаздың барлық сөздері мен әрекеттері – бос сөздер мен механикалық әрекеттер емес. Намаз – өзін жаратқан және бақыт сыйлаған Раббысы мен мүміннің арасындағы өте бағалы байланыс мезеттері.

Алла Тағала мұсылмандарға күніне бес уақыт намазды парыз етті. Намаздарды кез-келген жерде оқуға болады, бірақ, мұсылмандардың арасындағы байланыстары мен қарым-қатынастары күшеюлері, діни және дүние істерінде бір-біріне көмектесулері үшін намаздың мешітте оқылуы әлдеқайда жақсы.



Намаз - Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) үлкен ләззаттарының бірі болған.



Әл-Харам мешіті – мұсылмандардың ең ұлы мешіті. Оның ішінде Ибраһим пайғамбар салған Кағба орналасқан. Кағба – куб тәрізді құрылыс. Құранда мұсылмандардың барлығына әлемнің қай түпкірінде болмасын намаздарын орындағанда Кағба жаққа беттерін бұрулары әмір етілді. Сонымен бірге мұсылмандар Кағбаның не пайда, не зиян әкелмейтініне сенеді.

Ислам мұсылманды көңілі жақтырып тұрған уақытында нәпіл намаздарын (парыз емес намаз) да оқуға шақырады. Мұсылмандар намаздарында Кағба жаққа жүздерін бұрады. Кағба – Араб түбегінің батысында орналасқан Мекке қаласындағы ең бірінші рет пайғамбарлардың атасы деп атанған Ибраһим пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) қолымен салынған куб тәрізді құрылыс. Бұрынғы пайғамбарлар Кағбаға барып қажылық жасайтын. Мұсылмандар бұл құрылыс тек қана тастар екенін және ешқандай пайда немесе зиян да келтірмейтінін біледі, бірақ, бүкіл әлемнің мұсылмандары намаздарында бір жаққа жүздерін бұрып, бірігулері үшін Алла Тағала сол жаққа бағытталуды әмір еткен.

Азан

Азан – намаз уақытының кіргенін ескертіп, адамдарды мешітке шақырудың атауы.

Ол Алла Тағаланы еске алып ұлықтаудың бір үлгісі болып табылады. Азан мұсылмандар намазға дайындықтарын бастаулары үшін бір сигнал ретінде қабылданады. Төменде сөздері келтірілген

1. «*Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар*» (Алла Ұлық, Алла Ұлық, Алла Ұлық, Алла Ұлық)
2. «*Әшһаду әллә иләһа илләЛлаһ, әшһаду әллә иләһа илләЛлаһ*» (Алладан басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін, Алладан басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін)
3. «*Әшһаду әннә Мухаммадан расулуЛлаһ, әшһаду әннә Мухаммадан расулуЛлаһ*» (Мұхаммед Алла елшісі екеніне куәлік етемін, Мұхаммед Алла елшісі екеніне куәлік етемін)
4. «*Хәййә 'аләс-саләт, хәййә 'аләс-саләт*» (Намазға асығындар, намазға асығындар!)
5. «*Хәййә 'аләль-фаләх, хәййә 'аләль-фаләх*» (Құтылуға асығындар, құтылуға асығындар!)
6. «*Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар*» (Алла Ұлық, Алла Ұлық)
7. «*Лә иләһа илләЛлаһ*» (Алладан басқа құдай жоқ)

Зекет

Аса көп мөлшердегі байлық пен тым кедейліктің проблемасын шешу керек екені бәрімізге де белгілі. Кедейлер мен байлардың арасындағы шыңыраудың көлемі қаншалық үлкен немесе кішкентай болса, қоғамдағы қылмыс, ыдырау және берекесіздіктің мөлшері де сондай болады. Осы проблеманы экономикалық, философиялық және заңнамалық жүйелер әртүрлі жолдармен шешуді ұсынады... Ал Ислам ше? Қандай жолдарды ұсынады?

Алла Тағала бай мұсылмандарға күнделікті өмірде қолданатын заттарынан асып түскен мал-мүліктерінен жыл сайын 2,5%-ін шығарып отыруды парыз қылды. Бұл соманы мұқтаж кедейлер мен міскіндер және олар сияқтыларға берулері керек. Шығарған сомалары зекет деп аталады. Зекет – Ислам рүкіндерінің үшіншісі болып табылады.

Зекет – байдың кедейге істеген жақсылығы емес, ол байдың мал-мүлігінен алынатын кедейдің заңды хақысы. Ондай қаражат мұқтаждың сұрауынсыз және намысын жерге таптамай-ақ оған жетеді

Екі жарым процентке тең кішкене ғана соманы шығару бай мұсылмандар үшін парыз. Ал одан да көп шығарамын дейтіндерге ешқандай шектеу жоқ. Садақада бір-бірінен озып жүргендер осындай жақсы амалдардың денсаулықтары мен мал-дүниесінде әсерін, Алла Тағаладан қолдау және бақыт, Ақыретте сауап пен еселенген нығмет табады.

Құранда айтылғандай, Алланың разылығы үшін мал-мүліктерін садақа қылғандар – бидайдың бір дәні секілді. Ол дән жеті масаққа бөлініп, әр-бір масақта жүз дән. Осылай бір дәннен жеті жүз дән шығады. Бірақ Алла Тағала садақа берушінің иманы мен ниетіне қарай сауабын одан да көп еселейді. Алла Тағала өте Жомарт және барлық нәрсені Білуші (Бақара: 261).




Зекет – байдың кедейге істеген жақсылығы емес, ол байдың мал-мүлігінен алынатын кедейдің заңды хақысы. Ондай қаражат мұқтаждың сұрауынсыз және намысын жерге таптамай-ақ оған жетеді.

Сондай-ақ, Құранда мұқтажға қаражат жұмсау – нәпсіні тазарту және дәрежесін көтеру деп айтылған. Алла Тағала Мұхаммед пайғамбарына былай дейді: «(Ей, Мұхаммед!) Сен олардың дүниелерінен садақа (зекет) ал. Онымен оларды тазартасың әрі оларды берекелендіресің» (Тәуба: 103).

Сондай-ақ, Құран мал-мүлігін шығармай сараң болып, кедей мен міскіндерге көмектеспеген адам – нағыз шығынға ұшыраған адам деп хабарлайды. Себебі, ол өзінің дүниедегі және Ақыреттегі бақытына сараңдылық танытты (Мұхаммед: 38).

Ислам рүкіндерінің ұлы рүкіні зекетті жүзеге асыруменен әлеуметтік қамсыздандыру пайда болып, әртүрлі қоғам топтарының арасындағы тепе-теңдікті сақтауға болады. Зекет алуға құқылы адамға зекетті шығаруменен мал-мүлік белгілі бір шектелген адамдар санаттарында шоғырланып қалмайды. Осының нәтижесінде, бірінші мұсылмандардың тарихтарында зекет-садақалар жиналып, оны тарату үшін елдің ішінде мұқтаж адам таба алмайтын кезендер де болғаны айтылады.

Сондай-ақ, зекет шығаратын қоғамда мұсылмандардың арасындағы өзара байланыс күшейіп, сүйіспеншілік нығая түседі. Өйткені, адам баласы табиғаты сондай, өзіне жақсылық істеген адамды жақсы көреді. Осыменен мұсылман қоғамы бір-бірін жақсы көріп, кірпіштері бір-бірін тіреп мықты бір құрылыс тәрізді өмір сүреді. Ондай қоғамда ұрлық, қарақшылық және алаяқтық азаяды.



Құран Алланың разылығы үшін мал-мүліктерін садақа қылғандар – бидайдың бір дәні секілді дейді. Ол дән жеті масаққа бөлініп, әр-бір масақта жүз дән. Осылай бір дәннен жеті жүз дән шығады.

Ораза

Дәрігердің тапсырысын орындап, не салмағын азайту үшін, не денсаулығын сақтау үшін тағамның кейбір түрінен немесе жалпы тағамнан бас тартқан адамның өз-өзін меңгеріп, қолында ұстайтынына бәріміз масаттанып қараймыз... Үлкен мақсатқа жету үшін құмарлықтарын өзіне бағындырғаны үшін бұны табыс және жетістік деп есептейміз.

Мұсылман оразасымен бұдан да ұлы іс бітіреді. Нәпсісін жаттығып, өз-өзін және құмарлықтарын меңгеріп, аса Дана Раббымыздың әмірлерін орындайды.

Ораза – Ислам рүкіндерінің төртінші рүкіні. Ислам діні шамасы жететінге ораза ұстап, оразаны бұзатын нәрселерден өз-өзін ұстауын парыз қылады. Оразаны бұзатындар: таң атқаннан күн батқанша дейін тағам, сусын, әйелімен жыныстық қатынас. Рамазан айының әр күнінде ораза ұстау керек. Рамазан – Ислами күнтізбегінің тоғызыншы айы.



Пайғамбар оразадан кейін адамның күйі өзгермей, мінезі жақсармаса оразасының еш пайдасы болмағанын ескертеді.

Құран оразаның алдыңғы үмметтерге де парыз болғанын айтады. Шарттары өзгеше болса да, мақсаты өзгермей бір болып қала берді. Ол: Алла Тағалаға

деген бойсұнулықты білдіру және тақуалық (Бақара: 183).

Белгілі күндері, шектеулі сағаттар ішінде мұсылман өзіне адал нәрселерге құмарлығын жеңсе, нәпсісіне қожайын болып, оны билеуге күші жетеді. Бұл өз қатарында, адамға нәпсісін өмірінің басқа жағдайларында да харам құмарлықтардан ұстап, өз-өзін тоқтатуға көмектеседі. Сондықтан, пайғамбар оразадан кейін адамның күйі өзгермей, мінезі жақсармаса оразасының еш пайдасы болмағанын ескертеді. Пайғамбар: «Өтірік сөзді айту мен оған амалды жасауды тоқтатпаса, Алла Тағалаға оның тағам мен сусыннан бас тартқаны керек емес», - деген (әл-Бұхари 1804).



Құран оразаның алдыңғы үмметтерге де парыз болғанын айтады. Шарттары өзгеше болса да, мақсаты өзгермей бір болып қала берді. Ол: Алла Тағалаға деген бойсұнулықты білдіру және тақуалық

Ораза ұстаушы адамның ашыққаны мен шөлдегені – өздерінің қалауларыңыз, аш жүруге мәжбүр болған, тағам мен сусын таба алмай жүрген аш адамдар мен кедейлерге көмектесуге ең үлкен түрткі болады. Себебі, олардың күйлерін көріп, қайғы-қасіреттерін сезді.



Ислам діні мұсылманға оразаны парыз қылғанда, оған кедейлердің аш күйлерін және тағамға мұқтаждықты есіне салады.

Қажылық

Жер бетіндегі діндердің көбінде Жаратушыдан дұғалар сұрайтын және ғибадат қылатын діни саяхат бар... Бірақ, жыл сайын болатын ең танымал және сан жағынан ең үлкен саяхат – Исламдағы қажылық. Жыл сайын, бір уақытта үш миллионнан астам мұсылман кішкентай ғана жерге осы қасиетті саяхатты орындау үшін келеді.

Ислами қажылық

Қажылық – Ислам рүкіндерінің бесінші рүкіні. Мұсылманға қажылық өтеуге ден-саулығы мен қаражаты мүмкіндік бере алса өмірінде бір рет істеу ғана парыз.

Адамдардың азаматтықтары, санаттары, нәсілдеріндегі өзгешеліктер жоғалып, мал-дүниелері мен сәндіктері көрінбейтін ұлы саяхат. Себебі, барлығы бір киімді киінген, бір түсте, бір дұғаны айтып, адам мен Раббысы арасындағы шын байланысты көрсетеді: «Аллаһым, мен Сенің алдындамын. Мен Сенің алдындамын, Сенің еш серігің жоқ. Күмәнсіз, барлық мадақ Саған тән және жалпы иелік пен нығмет Сенікі. Сенің еш серігің жоқ». Яғни: «Я, Раббымыз Сенің шақыруыңа жауап беріп, алдына келіп тұрмыз. Сені тілдерімізбен зікір етіп, жүректерімізбен Сенен басқа ешкім құлшылық жасауға лайықты емес екенін мойындаймыз. Барлық мақтау-мадаққа Сен лайықтысың! Сен Жаратушысың, нығмет берушісің, Билеушіміз Сенің еш серігің жоқ!»

Қажылық – мұсылман Алла Тағаланы зікір етіп, тақуалығын, Раббысына деген мұқтаждығын білдіретін, жарылқау мен сауап талап ететін белгілі бір амалдарды жасап, белгілі сөздерді айтып бір күйден екінші күйге ауысып тұратын имани саяхат. Мұхаммед былай деген: «Қажылықта үйді (Қағбаны) тауаф ету және (Сафа мен Мәруә арасындағы) сағи Алла Тағаланың зікір ету үшін қойылды» (Ибн Әби Шәйба 15334).

Қажылық ғибадатын орындау үшін Меккеге бағыт алған адам басқа қажылармен тең болу үшін және Алла Тағалаға деген бойсұнушылығын көрсету үшін өзінің күнделікті киімін шешіп қарапайым екі матаға оранды.



Исламдағы отбасы

Қазіргі таңдағы отбасылар туралы «бір үйдің әртүрлі кілттері бар жеке адамдардан құралған бір топ» деп ашық айтуға болады!

Өкінішке орай, әйелі мен балаларының алдындағы жауапкершіліктен қашатын адамдар көбейіп келеді. Бұл адамдарға ондай жауапкершілікті өздеріне артпай, өмірінің ләззатын алуға не кедергі болып тұр?

Қазіргі таңда адамдардың арасында жауапкершіліксіз бағыт тіпті анық бейнеде көрініп келе жатқанымен, ол тарих бойы бұрыннан адамдардың бойында бар болған нәрсе. Ақиқатында, бұл – қоғам мен жеке тұлғалар үшін қандай әсері болатынына көз шалмай, жеке тұлға пайдасы үшін аңғалдық эгоизм мен жиіркенішті эгоцентризм ғана.

Ислам діні отбасыға үлкен мән беріп, отбасылық тәртіп, әрбір мүшесінің құқықтары мен міндеттеріне көңіл бөлген. Өйткені, Исламдағы отбасы ол – сана-сезім, тәрбие және дамудың орталығы. Тек отбасы құрылып, саликалықты ұстанып, өзінің қызметін атқарса ғана жалпы қоғамның саликалығы жүзеге асады.

Исламның жанұяға көңіл бөлгені көптеген үкімдерде байқалады. Олар:

1



Ислам неке қиып отбасы құру принципін растайды

- Ислам неке мен отбасы құруды пайғамбарлардың сүннетінен, маңызды істердің бірі етті. Құрметті пайғамбарымыздың кейбір саһабалары некені қойып, намаз бен оразаға берілеміз дегенде, ол: «Бірақ, мен ораза ұстаймын да оны аяқтаймын, намазымды оқимын да дем аламын және әйелдерге үйленемін. Ал кім менің сүннетімді қаламаса – ол меннен емес» (әл-Бұхари 4776).
- Құран ер мен әйелінің арасындағы тыныштық, махаббат, мейірімділік және өзара сүйіспеншілікті адамдарға берілген ұлы нығметтердің бірі деп айтады. Құранда айтылғандай: «Әрі сендердің тыныштық, тыным тауып орнығуларың үшін өздеріңнен жұбайлар жаратуы және араларыңда сүйіспеншілік пен мейірім-жанашырлық пайда етуі де – Оның белгілерінен» (Рум: 21).
- Ислам некені жеңілдетуге әмір беріп, некені қалайтындарға жәрдем болатынын уәде етті. Пайғамбар: «Үш адамға Алла Тағала көмектеседі», - деп олардың ішінде: «пәктікті қалап, некелескісі келген адам» деп атап кеткен (әт-Тирмизи 1655).
- Жастардың күштері кемелденген кездерінде некеге тұруды бұйырды. Бұл құмарлықтары мен қалауларын қанағаттандырудың шариғи шешімі болып, бойларына байсалдылық пен тыныштық ұялатады.

“

Құран ер мен әйелінің арасындағы тыныштық, махаббат, мейірімділік және өзара сүйіспеншілікті адамдарға берілген ұлы нығметтердің бірі деп айтады.

2




Ислам отбасы мүшелері ер болсын, әйел болсын барлығына толық құрмет беріп қойды

Ислам ата-анаға үлкен жауапкершілік артты – ол балалардың тәрбиесі. Пайғамбар бұл жөнінде былай деген: «Барлығың бақташы, барлығың жауапкерсің. Халық басшысы өзінің халқына бақташы және ол үшін жауап береді. Ер адам өзінің жанұясына бақташы және ол үшін жауап береді. Әйел адам күйеуі үйінің бақташысы және оған жауап береді. Жок! Барлығың бақташы, барлығың жауапкерсің!» (әл-Бұхари 853).



Ислам ата-анамен қарым-қатынаста сөздер не амалдарда шектен шығуға тыйым салды. Оларға наразылық білдіретін сөз, тіпті дыбыс та шығаруға болмайды.

4



Ислам ұл-қыздардың құқықтарын сақтап, оларды қамсыздандыруда әділдік сақтау керектігін әмір етті

Алла елшісі: «Егер адам өзінің қарамағындағы біреуді тастап кетсе, ол күнәсі оған жеткілікті болады» (Әбу Дәуіт 1692). Және қыздарды асырап, оларға көңіл бөлуді ерекшелеп былай деп айтқан сөзі бар: «Кімдекім қыздарын асырап, оларға жақсы қамқор болса, қыздары оған оттан пана болады» (әл-Бұхари 5649).


3



Ислам аналар мен аталарға көңіл бөліп, өмірлерінің соңына дейін тілдерін алып, оларға деген қадірлеу мен құрметтеу принциптерін адамдардың бойларына сіңіруін тырысты

Ұлы немесе қызы өсіп, жастары ұлғайса да ата-анасын құрметтеп оларға жақсылық істеулері парыз болып табылады. Алла Тағала ата-анаға жақсылық істеуді Өзіне құлшылық жасаумен бірге айтып кеткен. Олармен қарым-қатынаста сөздер не амалдарда шектен шығуға тыйым салды. Оларға наразылық білдіретін сөз, тіпті дыбыс та шығаруға болмайды. Алла Тағала Құранда айтқандай: «Әрі Раббың Өзінен басқа ешкімге құлшылық етпеулеріңді және ата-анаға жақсылықты ықыласпен жасауларыңды бұйырды. Егер сенің қасыңда олардың біреуіне не екеуіне де кәрілік жетсе, оларға «уһ» деме, әрі оларға зекіме және оларға жылы сөз сөйле» (Исра: 23).

5



Ислам мұсылмандарға туыстармен байланыста болуды парыз қылды

Яғни, әкесі және анасы жағынан туыстарына жақсылық істеу және олармен байланыста болу. Бұны Аллаға жақындау және бойсұнушылық амалдарының ең ұлы және үлкен түрлерінен санаған. Сондай-ақ, туыстық байланысты үзу немесе оларға жамандық істеуден ескертіп, оны үлкен күнәларға жатқызған. Алла елшісі: «Туыстық қатынасты үзген жәннатқа кірмейді», - деген (Муслим 2556).



Исламдағы әйелдің орны

Теледидардағы

Теледидардағы жарнамаларды, не жолдағы плакаттарды, не журналдардың тыстарын көзімізбен шалу – материалистік цивилизацияның әйелге деген қандай үлкен қылмыс жасағанын түсіну үшін әбден жеткілікті. Әйелді көбінесе құмарлықты пен қиялды қоздыру үшін қуыршақ, не тауар, не ләззат объектісі ретінде ғана көретін цивилизация...

В Бұл бұрынғы замандар қоғамдарында әйел заты қорланып, тауар ретінде сатылып және сатып алынып тұрған кездегі әйел орнының тек әсемделген нұсқасы ғана.

Қорлау мен зұлымдықтан көп уақыт зардап шеккен әйел өзінің күресін аяқтап бұл жаман есіктен шығып, бірақ тура сол жерге қайтып «кішкене әсемделген» есіктен шығады.

1400 жыл бұрын Ислам келіп әйелге жасалған зұлымдық пен әділетсіздікке қайшы нағыз төңкеріс жасап, әйел адам өмірінің мәнін толықтай орындай алатын, қадірлі және құрметті өмір сүріп, дәрежесі мен құқығын сақтайтын өте нақ үкімдер мен заңдар қойды.

Міне, сол үшін Құрандағы ұзын сүрелердің бірі «Әйелдер» деп аталады. Ол сүреде әйелге қатысты үкімдердің егжей-тегжейі түсіндіріліп аталып кеткен. Алла Тағала Құранда салиқалы әйелдер туралы көптеген қиссаларды келтіреді, тіпті, сүрелердің бірін Исаның (оған Алланың сәлемі болсын) анасы Мәриямның есімімен атады.

Ислам діні әйелге деген көзқарасты өзгерту үшін келді. Әйел адам Раббысы жаратқандай бір зат емес адам; түн серігі емес өмір серігі; тек құмарлық, ләззат, рахат қана емес тыныштық, махаббат және мейірім болуы үшін.



Кейбіреулер Исламды әйелге зұлымдық жасау мен құқықтарын бұзушылықта, және (олардың айтуынша) заманға сай еместігінде айыптайтын уақытта, Ислам дініне жаңа келгендердің 75%-і Британия секілді дамыған мемлекеттерде әйелдер екенін көреміз. Олар Ислам үкімдерін зерттеп, әсіресе отбасы мен жанұяға қатысты заңдарды оқығаннан кейін дінді қабылдаған. («INDEPENDENT» газетінен алынған, 6-11-2011).

Әйелді құрметтеуге қатысты үкімдердің үлгілері:

- Ислам әйелге болашақ күйеуін таңдау бостандығын беріп қойған. Және балалар тәрбиесіндегі жауапкершіліктің үлкен пайызы әйелдің мойнында. Пайғамбар: «Әйел адам күйеуі үйінің бақташысы және оған жауап береді», - деген (әл-Бұхари 853).
- Әйелге өзінің қыз аты-жөнін қалдырып, тұрмысқа шыққан кезде де әкесінің және әулеттің қызы болып қала береді.
- Ислам ешкімі жоқ, жалғыз және әлсіз әйелге қамқор болуды үлкен артықшылық дейді. Тіпті, ол әйел туыстарынан болмаса да оған қызмет жасау – Алланың алдында абзал амалдардың бірі болып саналады. Пайғамбар: «Жесір әйел мен міскінге көмектескен Алланың жолында күрескен кісі, түнде демалыссыз тұрған намазхан, және күндіз үнемі ораза ұстаушы секілді», - деді (әл-Бұхари 5661).
- Ислам әйел мен ер адамды көптеген әртүрлі салада дәрежелерін теңдестіріп қойған. Мысалы, бүкіл қаржылық операцияларда ер мен әйел тең. Пайғамбар айтқандай: «Әйелдер ер адамдардың қарындастары» (Әбу Дәуіт 236).

- Ислам ер адамға жұбайы, анасы, туған қызы секілді қарамағындағы әйелге қамқор болып, міндетсінбей оны қамсыздандыруды парыз қылды.
- Ислам мирансты әділ түрде бөліп, әйелге үлес алуға хақысын берді. Әйелдің қайтқан кісіге туыстығы мен оған жұмсалатын шығынға байланысты әйел мен ер адамның үлестері кейбірде тең болып, ал кейбірде ер адамнан не аз не артық болады. Бір жағынан, кейбір жағдайларда ғана әйелдің ер адамнан қарағанда алатын миранс үлесі аз болғанына акценттейтін адам, екінші жағынан, Исламдағы

әйелді қамсыздандыру секілді ер адамға парыз болған қаражат шығындарды ескермей, мұндай сұрақтарға жеңіл-желпі қарап көзжетпеушілік танытады. Ислам - оның компоненттерінің арасындағы тепе-теңдікті бұзбайтын мінсіз және үйлесімді жүйе.



Ислам мирансты әділ түрде бөліп, әйелге үлес алуға хақысын берді. Әйел мен ер адамның үлестері кейбірде тең болып, ал кейбірде әйелдің алатыны ер адамнан не аз не артық болады.



Исламдағы әйел мен ер адамның арасындағы байланыс – текетіресі жоқ, бір-бірін толықтыру байланысы. Мұсылман қоғамын құруда бір-бірінің кемшіліктерін толықтырады.

Исламда екі жыныстың арасында текетіреске орын жоқ

Исламда екі жыныстың арасында ешқандай талас және шайқасқа орын жоқ. Дүние игіліктерін жинауда, немесе компанияларда тойтарысудың мәні жоқ. Әйелге немесе ер адамға қарсы болатын сайыс, немесе бірін кемсіту үшін әрекеттер жасау, кемшіліктерін қоғамның алдына шығаруға – бірінғай «жөк!».

Адам өзінің екінші жартысымен қалай тойтарысады? Ағалар қарындастарымен қалай текетіресте болады? Құрметті Алла елшісі «Әйел ер адамның қарындасы, оның екінші жартысы» деген. Араларында тек бір-бірін түгелдейтін байланыс қана болып, бір-бірінің кемшіліктерін толықтырып мұсылмандық қоғам құрайды.

Мұндай бір-бірін толықтыруды Құран Кәрім керемет суреттеген: «Олар – сендер үшін киім, сендер де – олар үшін киімсіңдер» (Бақара: 187).

Ер адамға бір көргенде әйел адамның бойындағы қасиеттер «әлсіздік» деп көрінгенімен, бірақ, ол ер адамның қолынан келмейтін күштің басқа түрі ғана, ер адам ондай «әлсіздікті» қажет етпесе де, отбасылық өмірде ол әлбетте керек...

Ал, әйел адам ер кісінің бойындағы кейбір қасиеттерін «кемшілік» деп көргенімен, әйел адамға жанасымды болмаса да, қоғам ондай «кемшіліксіз» тәуір өмір сүре алмайды...

Алла Тағала адамның екі жынысын (ер және әйел) жаратып, олар бірдей болуы керек деп айту – абсурд.

Пайғамбардың заманында ер адамдардың кейбіреулері әйелдерге берілген құқықтарды, және әйелдердің кейбіреулері ер адамдарға берілген құқықтарды тілегенде Алла Тағала мына аятты түсіреді: «Алла бірінді-біріннен артық еткен нәрселерді қаламаңдар. Ерлерге тапқандарынан үлес бар, сондай-ақ, әйелдерге де тапқандарынан үлес бар. Алладан, Оның кеңшілігінен сұраңдар. Ақиқатында, Алла – барлық нәрсені Білуші» (Ниса: 32). Екеуінің де ерекшеліктері, қызметтері бар, әр біреуі өзінше құрметке ие, әр біреуі де Алла Тағаланың разылығын тілеп міндеттерін орындайды. Шариғат ер адамдарға немесе әйел кісілерге бағытталған жоқ, бірақ, жалпы адамға, отбасыға, мұсылман қоғамына бағытталған.

Ислам әсіресе қамқор болуды әмір еткен әйелдер:



Ана: Бір күні ер адам Алла Елшісінің қасына келіп: «Алла Елшісі кімге жақсылық жасауым керек?» - деп сұрайды. Пайғамбар: «Анаңа», - деп жауап береді. Келген адам: «Одан кейін кімге?» - деп сұрағын жалғастырады. Пайғамбар: «Анаңа», - дейді. Ер адам үшінші рет сұрағын қайталайды. Пайғамбар: «Анаңа», - деп жауап береді. Әлгі кісі: «Ал одан кейін кімге?» - деп сұрайды. Пайғамбар: «Одан кейін әкене», - деп жауап береді (әл-Бұхари 5626).



Қыз: Пайғамбар қыздар жөнінде былай деген: «Кімнің үш қызы болып, оларға сабырлық танытып, сусындырып оларды тамақтандырса және оларды өзінің қаражатынан киіндірсе, Қиямет күні қыздары оған оттан қорғайтын жамылғы болады» (Ибн Мәжәһ 3669).



Жар: Алла елшісі: «Сендердің ең жақсыларың өз жанұясына жақсыларың. Араларындағы жанұясына ең жақсыларың – менмін», - деген (әт-Тирмизи 3895).



Алайда, жер бетіндегі халықтардың көбісі, әсіресе, өркениетті түсінгендер, өмір джунглиге немесе мал қораға айналып, адамдардың хайуаннан ешқандай айырмашылығы болмайтын дәрежеге түспеулері үшін әйел мен ер адамның арасындағы байланысты ретке келтіретін заң мен тәртіпке мұқтаж деп санаған.

Ер адам мен әйел кісі арасындағы байланыс

Адамзаттың тарихында бұрыннан бері адамдар ер мен әйелдің арасындағы байланысты реттеп, тәртіпте ұстау үшін өздерінің таңдаулары мен талпыныстарымен санауға келмейтін әртүрлі заңдар, әдет-ғұрыптар мен этикалық тәртіптер ойлап шығарған. Бірақ, тарих кітаптары мен антропология ғылымы адамдардың тыр жалаңаш жүргендері мен ретсіз жыныстық қатынасқа түсе беретінді қалыпты нәрсе деп көретін; әйелдерінің намысы үшін қорыққаннан шынжырлап жүретін; енді біреулер әйелдеріне емес еркектеріне жабық киім кигізіп немесе дененің бір жерлерін жауып екінші жерлерін жаппайтын қауымдар туралы хабарлайды

Алайда, жер бетіндегі халықтардың көбісі, әсіресе, өркениетті түсінгендер, өмір джунглиге немесе мал қораға айналып, адамдардың хайуаннан ешқандай айырмашылығы болмайтын дәрежеге түспеулері үшін әйел мен ер адамның арасындағы байланысты ретке келтіретін заң мен тәртіпке мұқтаж деп санаған.

Исламдағы әйел мен ер адамның арасындағы байланыстың табиғаты

Исламдағы әйел мен ер адамның арасындағы байланыс – тарих пен география факторларымен шектеулі адамзаттың ойлап шығарған жоралғысы емес, бірақ, Алла Тағала Құран Кәрімде түсіріп, Оның елшісі Мұхаммед адамдарға үйреткен бүкіл мекендер мен барлық уақытқа сай болатын кемел тәртіп. Соныменен, Ислам тәлімі түсіндіретіндей, бұл байланыстың табиғаты мен шектеулері әйелдің ер адамға қатынасына қарай өзгеше болады.

Исламда ер адамдар әйелге деген қатынасына қарай мына категорияларға бөлінеді:

1. Ер адам әйел кісінің күйеуі болса:

Ерлі-зайыптылардың байланысын Құран Кәрімнің сипаттауынан дәл және толық мағынасын келтіретіндей сипаттау жоқ. Рухани, сезім және тән қарым-қатынастың тамаша суреті ретінде Алла Тағала күйеуін әйелдің киімі деп, ал әйел күйеуінің киімі деген: «Олар – сендер үшін киім, сендер де – олар үшін киімсіңдер» (Бақара: 187).

2. «Махрам» категориясындағы ер адам:

«Махрам» деп тым жақын туыстығы үшін өмірдің соңына дейін әйел адамға үйелене алмайтындарды айтады. Олар 13 түрлі ер кісілер, туыстары: әкесі, атасы, баласы, ағасы, әкесінің ағасы, анасының ағасы, ағасының немесе апасының балалары, баласының

немесе қызының балалары (немерелері) және т.б. Әйел кісі жақын туыстарының алдында толық хиджабсыз жүре алады, бірақ тым ашық киімдерді кимейді.

3. Әйел кісіге бөтен ер адам:

«Махрам» категориясына кірмейтін барлық ер адамдар әйел кісіге бөтен болып саналады. Ислам әйелдің намысын қорғау және шайтанның адамға шығатын есіктерін жабу үшін ер адам мен оған бөтен әйел кісінің арасындағы байланысты реттейтін заңнама мен нормалар орнатты. Адамды Жаратқан Өзінің жаратқанына не жарамды екенін жақсы біледі. Құранда айтылғандай: «Бәрін Жаратқан білмей ме?! Әрі Ол – әл-Латиф (аса Жұмсақ, Қырағы), әл-Хабир (әрбір нәрседен Хабардар)» (Мүлк: 14).

Ислам бөтен ер адамдардың алдында әйел кісіге хиджаб киюді неге әмір етті?

- Әйел кісі ғылыми және жұмыс орындарында өміріндегі және қоғамдағы қызметін пәктігі мен құрметін сақтап ең жақсы түрде орындауы үшін.
- Бір жақтан қоғамның тазалығын, екінші жақтан әйелдің абыройын сақтау үшін азғыруды азайту.
- Әйелдерге қарайтын ер адамдарға пәктік сақтауға және өз-өздерін ұстауға көмектесу. Олар әйелге инстинкті қоздыратын, ләззат пен ойнастықтың құралы емес, бойында білімі мен мәдениеті бар тұлға ретінде қараулары үшін.

Бір-біріне бөтен әйел мен ер адамдардың арасындағы қарым-қатынастың қағидалары

1. Көзді тыю

Алла Тағала әйел мен ер адамға абыройын сақтап, зинадан алыс жүріп, пәктікті сақтау үшін инстинкттерді тітіркендіретін нәрселерден көздерін төмен түсіріп тыюға әмір еткен. Шектеусіз барлық нәрселерге көз салу – күнәлар мен бетпақтыққа апарады. Құранда айтылғандай: «(Ей, Мұхаммед!) Иманды ер кісілерге айт, көздерін (өзге әйелдерге, тыйым салынған нәрселерге қараудан қорғап) төмен қаратсын және әуреттерін (жыныс ағзаларын шарифат тыйған барлық іс-әрекеттерден) қорғасын. Бұл – олар үшін тазасы. Ақиқатында, Алла – олардың не істеп жатқандарынан Хабардар. Әрі иманды әйелдерге айт, көздерін (өзге еркектерге, тыйым салынған нәрселерге қараудан тыйып) төмен қаратсын, жыныс ағзаларын қорғасын» (Нұр 30-31).

2. Өнегелі тәрбиемен және этикалық тұрғыда қатынаста болу

Өмірде ер мен әйел адам білім саласында немесе жұмыс жайында қатынаста болады. Бірақ ол қатынас құмарлықтың қай жолын болсын қоздырудан алыс, бүкіл құрмет пен әдеппен болу керек.

3. Хиджаб

Алла Тағала хиджаб киюді ер адамға емес әйелге парыз қылды. Себебі, әйелді сұлу, тартымды және нәзіктік қасиеттерімен жаратқан. Сондықтан әйел кісі ер адам үшін үлкен ылаң болып табылады. Бұрынғы заманнан қазіргі уақытқа дейін ер адамның шаһуатынан зардап шегетін әйел кісі болған, керісінше емес. Бірыңғай ақпараттық құралдарда көбінесе көзге көрінетіні де осы.

Хиджаб ол – әйелдің жүзі мен білекке дейін қолдарынан басқа бүкіл тәнін жабуы. Құранда әмір етілгендей: «Көрініп тұрғаннан (сыртқы киімдерінен) басқа көріктерін көрсетпесін» (Нұр: 31).



«Исламдағы хиджабты сыңа алатындардың көбісі ұлы әйелдердің бейнелері (мысалы, пәк Мәриям) суреттерде мұсылмандардың хиджабтары тәрізді тек жабық киімде ғана бейнеленгендерін елемейді.

A close-up photograph of a fresh salad on a dark, possibly black, plate. The salad consists of various green leafy vegetables, including arugula and purple-tinged leaves. It is garnished with sliced red tomatoes, a segment of orange, and a slice of mushroom. The background is a dark wooden surface.

Тағам

мен сусындарға
қатысты Ислам
қағидалары

Исламды танып-білгісі келгендердің әдеттегідей ең бірінші сұрақтарының бірі: «Неге алкоголь мен доңыз етіне тыйым салынады?».

Исламды танып-білгісі келгендердің әдеттегідей ең бірінші сұрақтарының бірі: «Неге алкоголь мен доңыз етіне тыйым салады?».

Осы сұраққа жауап беру үшін алдымен мына маңызды мәселелерді түсіндіріп кеткен жөн:

Құранда мұсылмандар үшін жер бетіндегі бүкіл нәрселермен пайдаланып қолдануға рұқсат бар. Бұл жөнінде Құранда анық мәтін келген. Алла Тағала жердегі барлық нәрсені біздің пайдамыз үшін жаратты (Бақара: 29).

Бұған тағам мен сусын да жатады. Олардан Құранда нашарлығы және денсаулыққа зиян келтіретіндері, немесе ақылды ғайып қылатыны үшін тыйым салынғандарынан басқа барлығы мубах (рұқсат етілген) болып табылады. Бірақ, оқырманның алкоголь мен доңыздың еті неге харам етілгені туралы білгісі келетін шығар...

Алкоголь

Адамзат өмірін күйрететін әр түрлі эпидемия мен ауруларға қарсы күресу және адамдар денсаулықтарын сақтау үшін қатал қағидалар мен заңдар орнату – мемлекеттің өте маңызды жұмыстарының бірі. Ол салада жіберілген ақау – жеке тұлғалар мен қоғамға аса негативті әсер тигізеді.


Осындай дүниежүзінің елеулі ұйымдарының, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 11/2/2011 жылы жариялаған және Оксфорд

Университеті «Nature» газетінің нөмірі 483, 275 бетінде жариялаған зерттеулерінің нәтижелері бәрімізді де шок күйіне кіргізетін шығар. Бұл зерттеулердің айтуынша, алкогольдің құрбандарының саны бір жылда ЖИТС, безгек және туберкулездің құрбандарының біріккен санынан асып түседі; және сол жылы барлық соғыс, геноцид және терроризм құрбандарынан үш есе асады...

Осы зерттеулер мен ДДҰ-ның есептері растайтын кейбір статистикалық мағлұматтар төменде келтіріледі:

Бір жыл ішінде ғана Ұлыбританияда:


- Алкогольді тұтынуға қатысты миллионға жақын қылмыс тіркелді. Зорлық құрбандарының жартысы қылмыстардың ішімдіктің кесірінен болды деген пікірде.
- Ауруханалардың жазатайым оқиғалар мен төтенше жағдайлар қызметтеріне түсетін өтініштердің шамамен 7 миллионға жуығы ішімдіктерге байланысты, бұл салық төлеушілер үшін жылына 650 миллион фунт стерлингті құрайды.
- Жалпы алғанда, алкогольге қатысты қылмыстар мен олардың салдарлары салық төлеушілер үшін жыл сайын 8-ден 13 млрд фунт стерлинг шығынды құрайды.




Жыл сайын ішімдікке құмарлық 2,5 миллионнан астам адамды өлтіреді. Олардың ішінде **320000 адам – 15-29 жас** аралығындағы жастар алкогольге байланысты себептер бойынша жыл сайын бүкіл әлемде жан тәсілім қылады. Бұл осы жас топ мүшелерінің арасында тіркелген өлім-жітім жалпы санының 9% -ын құрайды.



Американдық зерттеулер көрсеткендей, жыл сайын **700 мыңға** жуық жоғары оқу орындарының студенттері мас күйіндегі басқа студенттердің агрессиясынан зардап шегеді.



2001 жылы Эстонияда жасалған мәлімдемеде жастар жасаған қылмыстардың **80%-ы** алкоголь тұтынудың шамадан тыс болуымен байланысты екендігін көрсетті.



Бүкіл әлемде кісі өлтірудің төрттен бір бөлігі ішімдік себепті болады.



ДДҰ барлық баяндамалары мен мәлімдемелерінде барлық мемлекеттерді алкогольге байланысты күнделікті қайғылы ауқымды азайтатын, тіпті, оларды нөлге дейін азайтатын шаралар мен заңдарды қабылдауға шақырады.


Құран алкогольге қалай қарайды?

Ислам Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының алкогольдің адам мен қоғамға әсерін анықтау үшін мәлімдемелерін күтпеген... Өйткені адам баласын Жаратқан оның өміріне және қоғамына не қажет екенін жақсы біледі...

Арабтарға Ислам діні қауымдарында ішімдіктерді қолдану барлық жерде ортақ болған кезде, негізгі ойын-сауық пен көңіл көтерудің үлкен бөлігін құраған кезде келді... Олар ішімдікті өлеңдерінде айтып, оған ақша жұмсауды аяған жоқ.

Бұл мәселені шешуге Құранның таңдаған тәсілі логикалық және әділдік тұрғыда болды. Мәселен, Құран ішімдіктің қандай да бір пайда әкелетінін мойындады: мысалы, ол ішетін адамға жеңілдік әкеліп, оған қорқыныш пен уайымдарын уақытша болса да ұмытуына көмектеседі. Алайда, оны пайдаланудың салдары тым жаман болып табылады. Алкоголь – адамның денсаулығын бұзады, оның мінез-құлқына теріс әсер етеді және қоғамға жасайтын зияны – шынымен орасан зор. Құран Кәрімде айтылғандай: «(Ей, Мұхаммед!) Олар сенен мас қылушы ішімдік және құмар туралы сұрайды. Айт: «Ол екеуінде де үлкен күнә және адамдар үшін пайда бар. Бірақ екеуінің күнәсі пайдасынан үлкен»» (Бақара: 219).

Содан кейін алкогольді тұтынуға толық тыйым салынып, ол дұшпандықтың таралуына, жеккөрушілікке және үлкен, маңызды істерден бас тартуға шақыратын шайтанның іс-әрекеттерінен екені туралы дәлел келді. Құран адамдарға: «Аяқтамайсыңдар ма?» - деп сұрақ қойды. Адамдар: «Аяқтадық, аяқтадық», - деп жауап берді де, үйлерінде болған барлық шарапты Мединаның көшелеріне құйып, Жаратқан Иенің бұйрығына мойынсұнды.



Доңыз

Ол уақытта арабтар доңыздарды ұстамай, етін жемейтіндеріне қарамастан, доңыз етін жеудің харам екені Құран Кәрімде анық түрде келген. Кейбір адамдар ондай үкімге таң қалып, сын астына алғанымен, ондай үкім мұсылмандарға ғана келген жоқ, яһудилерге де доңыз етін жеуге харам екені бізге белгілі. Ол туралы Ескі Өсиет (Таурат) кітабының мәтіндері айтып тұр. Бірақ, шын мәнінде қайран қалдыратыны – діни ғұламалардың доңыз еті христиандарға да харам екенін бекіткені. Оны Жаңа Өсиет (Інжіл) кітабінің мәтіндерімен дәлелдейді. Бірақ, бұл мәтіндер соңыра бұрмаланып өзгертілген. (Марк Евангелиесы 5/11-13, Матфей Евангелиесы 67, Петрдің екінші жолдауы 2/22, Лука Евангелиесы 11/15).

Алла Тағала Адам атамызды (оған Алланың сәлемі болсын) жәннаттың нәрінан татуға рұқсат беріп, бірақ белгілі бір ағаштың жемісін харам етіп сынағандай, иманымыз бен Алла Тағалаға деген бойсұнушылығымызды сынау үшін Раббымыз тағамның көбісін азық етуге рұқсат бергеннен кейін, кейбіреуін харам еткенімен бізді сынаққа бөлеуінде не бар?


Алла Тағала Адам атамызды (оған Алланың сәлемі болсын) жәннаттың нәрінан татуға рұқсат беріп, бірақ белгілі бір ағаштың жемісін харам етіп сынағандай, иманымыз бен Алла Тағалаға деген бойсұнушылығымызды сынау үшін Раббымыз тағамның көбісін азық етуге рұқсат бергеннен кейін, кейбіреуін харам еткенімен бізді сынаққа бөлеуінде не бар?





Күнә мен тәубе

Қате мен дұрыс философиясы көптеген діндер мен сенімдерде күрделі ұғымдардың бірі болып саналады. Және бұл діни сенімдердің қате мен күнә, тәубе мен өкініш ұғымдарына көз-қарастары өзгеше болып келеді.




Жамандыққа не жақсылыққа икемділігі бар сондай Алла Тағала жаратқан адамзат табиғатына Ислам өте дәл теңгеріммен қарайды. Адамды жақсылыққа жаратылған періште секілді санамай, керісінше, адам балаларының барлығы қателік жасай алады дегенді айтып келеді. Алайда, адам шешкен шешімдері мен таңдаулары үшін өзі жауапты. Міне, осында Исламның күнә мен тәубе ұғымындағы идеологиясы көрінеді. Оны келесі тармақтарда қысқаша түрде жинадық:

- Құран Кәрімнің бірінші хабарларының бірі ол – әрбір адамның күнәсі мен тәубесі дербес. Исламның бұл жөнінде бытыскандығы, қиындығы жоқ, анық және жеңіл көзқарасы бар. Ислам дінінде адам дүниеге келгенде бастапқы күнәмен бірге келеді деген ұғым жоқ. Керісінше, адам баласы дүниеге келгенде, қандай болсын біреудің күнәсін арқаламай, таза күйінде туады. Сол сияқты, Исламда жарылқау мен күнәлардан тазарту қасиеттеріне ие адам жоқ. Адам атаның (оған Алланың сәлемі болсын) қатесі өзінің жеке қатесі болды, және ол қателігінен тез арада жасалған тәубесімен құтылды. Осылай барлығы – жеңіл және оңай... Адам баласының қате-күнәсі, тек әрбіреуі жасаған жеке өзінің күнәсі ғана, және ол күнәдан арылу үшін тәубе есіктері әрдайым ашық. Бұл – әрбір адам үшін үмітін жоғалтпай, жігерленіп ары қарай жүруге түрткі болатын әділ және

анық жол. Адамдардың әрқайсысы тек қана өзінің қателерін арқалап, басқа біреудің күнәсі үшін жауап бермейді. Міне, осы хабарменен Алла Тағала елші-пайғамбарларды жіберген. Құран Кәрімде айтылғандай: «Оған Мұсаның нұсқаларындағы нәрселер білдірілмеді ме? Сондай-ақ әмірді орындаушы Ибраһимнің де. Ешбір күнәкар, басқаның күнәсін көтермейді. Адамзат; еңбегіне жарай ғана табысқа ие болады. Сөз жоқ, еңбегінің нәтижесін жедел көреді. Сонсоң оған еңбегінің бодауы толық беріледі» (Нәжім: 36-41)

- Тәубе – Аллаға жақындататын күллі адамзат істей алатын ұлы құлшылықтардың бірі. Тәубе - белгілі бір арнайы орынды, немесе біреудің алдында күнәларды айтуды, немесе біреудің рұқсатын қажет етпейтін, кез-келген адамның қолы жете алатын Алла Тағала мен құлдарының арасындағы ұлы құлшылық.



“ - Ислам дінінде, тәубе қылу - күнәні тоқтатып, істеген ісі үшін өкініп, ол іске қайта оралмауын берік түрде ниет етіп, егер ол күнәні істегенде біреудің құқығын бұзса, оны қалпына келтіргеннен артық нәрселерді қажет етпейді.

Құранда Алла Тағаланың мынандай есімдері мен сипаттары келген:

«Тәубені қабыл алушы, Аса Мейірімді», «Күнәларды жарылқаушы және тәубені қабыл алушы». Сол сияқты, Құран Кәрім жәннатқа кіретін тақуалардың сипаттарын да айтып кетіп, олар да кейбір күнәларды жасайтындарын, бірақ-та әрбір күнәдан кейін тәубе жасауға және Алладан кешірім сұрауға асығатындарын айқындайды: «Ал олар қашан арсыздық істесе не өздеріне зұлымдық қылса, Алланы естеріне алып, күнәларының жарылқауын тілейді. Күнәларды Алладан басқа кім жарылқайды. Сондай-ақ олар істеген істеріне біле тұра қасарыспайды» (Әли Имран: 135).


Ислам дінінде, тәубе қылу - күнәні тоқтатып, істеген ісі үшін өкініп, ол іске қайта оралмауын берік түрде ниет етіп, егер ол күнәні істегенде біреудің құқығын бұзса, оны қалпына келтіргеннен артық нәрселерді қажет етпейді.

Осындай жолмен тәубе қылып, бірақ істеген ісіне қайтадан оралған болса, ол ісі бірінші тәубесін жарамсыз етпейді және бірінші ісі үшін жазасы да оралмайды. Бірақ, екінші рет істеген ісі жаңа күнә есептеліп, ол кісіге жаңадан тәубеге келу қажет.

Міне, Ислам дініндегі адам кәмілдікке, биікке ұмтылу, қателерден алыстау мен көбінесе тура жолдан тайып, әлсіздік танытатын өзінің адамзат табиғатын білуі арасында гармония мен байсалдылықты сақтап өмір сүреді.

Сол себепті, адам ахуалы қандай болмасын, белсенді, тақуа болғанда немесе тура жолдан тайып күнә жасағанда компасын жоғалтпай, Алла Тағаладан пана, кешірім сұрап, тәубесіне келуі жөн...

Міне, осында салиқалылар мен басқалардың арасындағы айырмашылық жасырынып тұр. Құран Кәрімнің айтуы бойынша, бұл айырмашылықтың мәні мында: тақуалар күнә жасап қойса, Алланы естеріне алып, тәубелеріне келеді. Ал басқалары болса, естерін жинамай, не қателерінен ешқандай ғибрат алмай күнәларын жалғастырып жүре береді (Ағраф: 201-202).



“ Ислам дінінде адам дүниеге келгенде бастапқы күнәмен бірге келеді деген ұғым жоқ. Керісінше, адам баласы дүниеге келгенде, қандай болсын біреудің күнәсін арқаламай, таза күйінде туады...



Дін мен ақыл

Кейбір адамдар дін ақылға және ғылыми әдістерге қарама-қайшы келеді деген ойда. Өйткені, олардың көзқарастары бойынша, дін - миф, қиял, ертегі мен ырымдардың көзі. Ал ғылым мен философия болса, зерттеу, тәжірибе және ойлану шарттары қамтамасыз етілсе, тәртіпті жүйедегі тануға әкелетін екі жол. Ал тәртіпті жүйедегі тану - сенімді және берік білімге айналады деп айтуда. Мұндай сенімді саралаудан өткізсек, ішінде дұрыстығы да қателігі де бар екенін көреміз.

Кейбір адамдар дін ақылға және ғылыми әдістерге қарама-қайшы келеді деген ойда. Өйткені, олардың көзқарастары бойынша, дін - миф, қиял, ертегі мен ырымдардың көзі. Ал ғылым мен философия болса, зерттеу, тәжірибе және ойлану шарттары қамтамасыз етілсе, тәртіпті жүйедегі тануға әкелетін екі жол. Ал тәртіпті жүйедегі тану - сенімді және берік білімге айналады деп айтуда. Мұндай сенімді саралаудан өткізсек, ішінде дұрыстығы да қателігі де бар екенін көреміз.



Дұрыстығын алатын болсақ, ақылға кедергі жасап, кей кезде оған қарсы келетін көптеген діндердің бар болуы рас. Ондай діндердің дереккөздерінде, кітаптарында әлемдегі құбылыстар мен ғылымға қарсы келген ырымдар мен ертегі-мифтер толып тұр.

Ал қателігін алатын болсақ, діндердің айырмашылықтарын елемей, түгел барлық діндерге ортақ үкім шығарғандарында. Діндер болса, дереккөздері, идеологиялары, дәлелдері және мәні бойынша көп түрге бөлінеді.

Құран Кәрімді (Исламдағы ең басты дереккөз) оқыған кісі, Ислам ақылды жоғары дәрежеге көтергенін анық біледі. Ондай жағдай басқа діндерде кездеспейді. Және оқырман, Құранның адамды ақылға ынталандырып, ойлануға және пайымдауға шақырғанын көру үшін аса байқау қабілетін қажет етпейді. Тіпті, Алла Тағаланың кітабында «Ойланбайсыңдар ма?» деген сұрақ он үш рет қайталанған.

“*Оқырман, Құранның адамды ақылға ынталандырып, ойлануға және пайымдауға шақырғанын көру үшін аса байқау қабілетін қажет етпейді.*”

Құрани аяттары көптеген істерде ақыл-сананы әрекетке қосуды шақырады. Ол істердің кейбіреулері:

1 Құран Кәрім құлдық идеологиясынан, тәкаппарлықтан, қорқыныш пен надандықтан азат, тәуелсіз ақылдың иесі болған адамға сөз бағыштап, Алла Тағалаға иман келтірудің уәжіп екеніне ақыл-сана дәлелдерін және әртүрлі логикалық дәлелдерді келтіреді. Мұндай дәлелдерден Алла Тағаланың мына сөзі болады: «Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме? Яки олар, көктер мен жерді жаратты ма? Жоқ, олар нанбайды» (Тур: 35-36).



2 Құран оппоненттерінің дәлелдерін талдап, ешбір дәлел, аргументсіз айтылған сөздерді теріске шығарып, былай дейді: «(Мұхаммед): «Егер сөздерің шын болса, дәлел келтіріңдер» де» (Бақара: 111).




3 Ақыл-саналарын қолданбайтындарды сөгіп, оларды сезімдерінен айырылғандармен салыстырады. Себебі, олар дұрыс шешімге келу және дұрыс таңдау жасау үшін көріп-естігендерінен ешқандай ғибрат алмайды. Алла Тағала айтқандай: «Олар жер жүзінде кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың түсінер жүректері және естір құлақтары болса еді. Негізінен көздері соқыр емес. Бірақ көкіректеріндегі жүректері соқыр» (Хаж: 46).



4 Құран адамға дұрыс ойлануға кедергі жасайтын барлығынан сақтандырады. Сондай-ақ, Құран Кәрім бізге берілген сезім мен ақылды қолдануға және оларды қадірлеуге шақырумен шектелмей, адам ақылын тосатын қауіптерге де назарымызды аударады. Өйткені, адам табиғаты жақсы және жаман икемдіктердің ықпалдарына душар. Ал бұл өз кезегінде, адамның тұжырымдарын бірде құштарлық, бірде қорқыныш, немесе бос үмітке байланысты қателік пен тура жолдан шығуға апарады.





Мұсылман Алла Тағаланың діні мен жаратылыстары қарама-қарсы болулары мүмкін емес деп сенеді. Олай болса, сұрақ қою мен ойланудан неге қорқамыз?

Құран Кәрімде айтылған дұрыс ойлануға кедергі болатын тосқауылдар:

■ Соқыр еліктеу

Мирас болып келген идеологиялық, мінез-құлық стереотиптері және негативті дәстүрлі ойлау – адамның ақыл-санасына және ой-пікіріне үлкен әсерін тигізеді. Тіпті, кей кезде олар үшін хақты қабылдап, жалғаннан бет бұру қиын болады. Ал кейбірде, адам «мен осыған әдеттендім», немесе «мен осындай болып тудым» деген сылтауларға бола мүлдем ойлануды тоқтатады. Құран Кәрімде кейбір адамдарға ақиқат анық көрінгенімен, оны қабылдауға соқыр еліктеушілік кедергі болғаны туралы айтылады: «Алла түсірген (Құранға) бой ұсыныңдар делінсе, олар: «Жоқ, үстінде ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз», - деді» (Бақара: 170). Одан кейін, жедел түрде оларға жауап келтіріледі: «Егер аталары еш нәрсені түсінбеген әрі тура жолда болмаған болса да ма?» (Бақара: 170).

■ Қыңырлық пен тәкаппарлық

Кейде адам ақыл-санасымен не дұрыс екенін түсінеді, бірақ, өзінің пайдакүнемдігі үшін, не мансабы үшін, не көреалмаушылық себебінен, не осы ақиқатты айтып жатқан адамның дәрежесін төмендетуге ұмтылғаны себебінен ол дұрыстылықты қабылдамайды. Осындай адамдар туралы Құран Кәрімде былай делінеді: «Олар мұғжизаларға көңілдері сенген бола тұра зұлымдық, менмендікпен қарсы шықты» (Нәмл: 14).

■ Ләззат пен астамдыққа құштарлық

Кейде адам ақыл-санасымен не дұрыс екенін түсінеді, бірақ, дұрыстылықты таңдау үшін батылдығы жетпейді. Себебі, ләззаттарына басымен шомып, басқа нәрселерге назарын аудармайды. Құран Кәрім бізге мысал ретінде бір адамның қиссасын келтіреді. Ол кісіге тану қабілеті мен білім беріледі. Білімімен амал жасап, өмірінде қолдану үшін толықтай еркі болған. Бірақ-та, оның орнына білімін қабылдамай, өзінің құштарлықтары мен осы дүниедегі пайдакүнемдігін алға қойды. Осындай жағдайдың орын алғаны: ол адам өзінің ләззатарына басымен шомғаны соншама, дұрыс шешім қабылдауға қабілетті бола алмады (Ағраф: 175-176).

Құран Кәрім адамды күллі салада, барлық уақыт пен жерде ақыл-санасын қосып, алдын ала шарт қоймай, ырым-жырымсыз осы әлем, өзі туралы, басқа жаратылыстар туралы сұрақ қойып, көңіл бөліп, терең ойланып ғибрат алуға шақырады. Шын мәнінде, сұрақ қою мен ойланудан қорқатындар – нәпсілерінде бұл екеуіне қайшы келетін қасиеттер бар болғандар. Хақ дін адамды жаратып, оған осындай ақыл сияқты құдіретті берген Алла Тағаладан болу керек. Сондықтан да, Алла Тағаланың жаратқаны мен Оның адамдарға шарифат еткен діні бір-біріне қарсы келуі мүмкін емес. Осылай болса, ақыл-сананы қосып, сұрақтардан неге қорқамыз? «Жарату және бұйрық беру Оған тән. Өте жоғары Алла, бүкіл әлемнің Раббысы» (Ағраф: 54).



Ислам — бейбітшілік діні

Бірыңғай ақпарат құралдарындағы көптеген хабарларға байланысты, бейбітшіліктің Исламда ерекше орны бар екені туралы кейбір адамдардың естігендері олар үшін үлкен жаңалық болады. Мұсылман болса, «сәләм/бейбітшілік» деген сөзді күнде-күнде қайталап, мағыналарын өз бойынан өткізеді.

«Әс-Сәләм» - Алла Тағала көркем есімдерінің бірі. Ал Оның Ақыреттегі жәннатының аты – «Сәлем мекені». Мұсылмандардың амандасулары «сәлем» - нен басталып, намаздары екі рет «сәлем» сөзін қайталаумен аяқталады. Осының барлығын біріктіретін, мағынасы «сәлем/бейбітшілік» пен «тыныштықты» қамтитын діннің атауы да «Ислам».



Ислам діні бейбітшілікке үндеп, тіпті, әлжуаз, әлсіз хайуанаттарды да құрметтеуге шақырады. Алла елшісі Мұхаммед былай деген: «Бір әйел мысық үшін тозаққа кірді. Оған тағам не су бермей, не жердегі жүрген жәндіктермен қоректенуі үшін сыртқа жібермей, оны өлгенше дейін қамап қойған» (Муслим 2242). Және шөлден өлейін деп жатқан итке су бергені үшін жәннатқа кірген зинақор әйел туралы да айтқан (Әл-Бұхари: 3280).



Сондай-ақ, дініміз қандай әртүрлі болса да, адамдармен қандай қарым-қатынаста болу керектігі туралы және құқықтарын құрметтеу туралы ғажайып шариғаттар мен мысалдар келтіреді. Тіпті, Мұхаммед пайғамбар кімде-кім мұсылман емес бір кісіге зұлымдық жасаса, не оған зиян келтірсе, не шамасы келмейтін жұмыс жүктеп қойса, Қиямет күні пайғамбардың өзімен тартыста болатыны туралы хабарлаған (Әбу Дәуіт 3052).


Алайда, Ислам басқалармен бейбітшілікте болындар деп шақырғанда, күмән жоқ, әркімнің құқығын беретін хақ әділетті бейбітшілікті меңзейді. Ұрлықшыға ұрлаған нәрсесін беріп, ал иесіне болмашы тиын өтемін беріп, осыған разы бол дейтін бейбітшіліктің иллюзиясы емес, залымды зұлымдығынан, жәбірлеушіні жәбірлеуінен қайтаратын бейбітшілік.



Мұхаммед пайғамбар кімде-кім мұсылман емес бір кісіге зұлымдық жасаса, не оған зиян келтірсе, не шамасы келмейтін жұмыс жүктеп қойса, Қиямет күні пайғамбардың өзімен тартыста болатыны туралы хабарлаған.

Дегенмен, көптеген адамдар өздерінің сөздеріне, көз-қарастарына пропаганда жасау үшін қолданатын медиа-компаниялар мен шегі жоқ сөздер ойыны орын алады. Әрбір көріністің қарайтын бірнеше бұрышы бар, ал әрбір қиссаның бірнеше нұсқасы бар. Белгілі бір позицияға байсалды және объективті үкім беріп, мағлұматтарды дереккөздерінен қазып алатындай, БАҚ-тың пропагандаларынан бас тартып, өзіне ақиқатты іздеуді артқан адамдар өте аз.

Саралау мен ойлану үшін оқырманның назарына кейбір фактілерді ұсынамыз...



Ислам – қазіргі таңда тез және кең таралып жатқан діндердің бірі:

Қазіргі таңда ислам діні Америка, Еуропа, Африка және Азияны қоса әлемнің жан-жақтарына, таңғаларлық жылдамдықпен таралып жатыр (PEW діндерді зерттеу орталығының деректері бойынша pewresearch.org). Шектелген мүмкіндіктерге, мұсылмандардың әлсіздіктеріне, әлемдік ақпараттық құралдардың теріс мағлұматтарды тарату мен Исламға қатысы жоқ негативті мысалдар арқылы Исламның кейпін бұрмалайтындарына қарамай Ислам діні кең таралуда. Сонда, таралуының себебі адамдарды күштеп дінге кіргізгеннен болып тұрма, немесе адамдардың діннің дұрыстылығына көздері жетіп, өз еріктерімен таңдағандарынан ба?

Әрбір байқаушы адам мұсылмандар басқалардың құқықтарын сақтап, мәдениеттері мен таңдауларын құрметтеулері басқа қауымдардың өкілдеріне үлкен әсерін тигізіп, дінді қабылдауларына себеп болғанын көре алады. Бірақ, бұл амалдары мұсылмандардың өз бастамалары емес, Құран Кәрімде Алла Тағаланың бүкіл анығымен айтқан қағидасын практика тұрғыдан қолданулары ғана болып табылады. «Дінде зорлау жоқ. Расында туралық, азғындықтан ажыратылды» (Бақара: 256).

Ислам дінін қабылдаулары үшін адамдарды мәжбүрлеу орын алды ма?

Адам өзінің көз-қарасын біреуге міндеттеу үшін және пайдасын жүзеге асыру үшін күш қолдануы сирек емес. Қандай дін, ағым, мектептерді алсақ, тарих ондай мысалдармен толы.

Осылай, тарих бізге Жаңа әлемге келген жерлерді ашушылар мен иммигранттардың (коскистдор) жергілікті тұрғындарды жаппай қыру операциясын мысал қып сақтап қойды. Тіпті, испаниялық поп Бартоломе де Лас Касас мұндай қиян-кескінің күәсі болғаннан кейін былай дейді: «Олар жергілікті халыққа адам ретінде қарамаған. Оларды тіпті жануарлардан да кем деп санаған». (Бартоломе де Лас Касас «Үндістанды күйзелту туралы қысқаша хат»)


Ал мұсылмандар жаңа елдерді билеп алғанда қандай әрекеттерге барды?

Мұсылмандар Андалус мекенін 8 ғасыр бойы биледі

Мұсылмандар Андалус (Испания) мекенін 711-1492 жылдар аралығында 781 жыл бойы билеп шықты. Ол елді мекен дүние жүзілік мәдениет орталығына айналып, бірде-бір жергілікті христианды Исламға мәжбүрлеу орын алған жоқ. Керісінше, мемлекетте құқықтары сақталып, саудалары мен орталықтары гүлденіп тұра берді. Тіпті, Ислам Испанияны мұсылмандар ашқандарына дейін ол жерлерде еврейлерге көрсетілген зорлық-зомбылықты тоқтатқан. Осы ақиқаттарды дүние жүзі тарихы артып келеді.

Ал Испанияда Изабелла мен Фердинанд жеңіске жеткенде, Исламның барлық белгілеріне тыйым салынды. Мұсылман болып жүргендер анықталып, халдері дәлелденсе, оларды жазалау үшін инквизиция құрылды. Тіпті, жасырын мұсылман болып жүрсе де.

Осыменен мұсылмандар қуғын-сүргін астына түсіп, қоныс аударылды. Бір назар аударатын дерек: Андалус жерінен мұсылмандар қудаланған кезде, олармен бірге еврейлер де қудаланған. Яһудилер мұсылмандармен бірге Ислам мемлекеттеріне қоныс аударып, қауіпсіз баспана тауып, беделді өмір сүре алды.



Мұсылмандар 80% мұсылман емес Үндістанды мың жылға жуық биледі




Мұсылмандар Үндістан түбегін мың жылға жуық биледі. Бірақ, ондағы діндердің бостандықтары мен құқықтарын, ғибадаттарын сақтап, қаналған діндерді зұлымдықтан құтқарған. Исламның Үндістанда күштеп таратылмағанын, бірде-бір адам Исламға мәжбүрленбегендігін барлық тарихшылар растайды.

Мысыр елін мұсылмандар 1400-ден астам жыл бойы биледі, алайда, ол жылдары копт халқының беделдері еш өзгерген жоқ



Мысыр елін мұсылмандар Исламның бас кезінде Алла елшісінің саһабасы Амр ибн әл-Ас ол жерлерді ашқаннан бастап басқарып келген. Олар копттардың діндері мен қасиет тұтқан орындарын сақтап қана қалмай, копт халқын ол уақыттағы діндері бір (христиан), бірақ копттардан бағыттары өзгеше болған византиялықтардың азаптау, қысымшылық, жәбірлеулерінен сақтап қалған. Міне, сол уақыттан бастап, копт еліне дін, ғибадат бостандығы оралып, бүгінгі күнде олардың саны бес миллионнан асады.

Дүниедегі ең үлкен мұсылман мемлекеті Ислам дінін соғысқақтығысыз қабылдады



Дүниеде мұсылмандар саны ең көп мемлекет Индонезияның 250 миллионнан астам халқы бар. Олардың ішінде 87% мұсылмандар. Индонезияға Ислам діні хижра санағымен алтыншы ғасырда мұсылман саудагерлердің көркем мінездері арқылы кірген. Ислам үшін ол ел бірде-бір жауынгер көрмей, қан төгуді білмеген. Алайда, қан төгу мен соғысты алдымен Португалия, одан кейін Голландия, олардан кейін ағылшын елдерінің қыруар әскері отарлау үшін келген уақытта көрген.



Ислам және кейбір мұсылмандардың күйлері

Бұл

«Бұл неғылған сұмдық қайшылық?!» - адамның игілігі мен адамдар арасында бейбітшілік орнатуға, жерді өндеп гүлдендіруге, адамгершілікке ұмтылуға шақырған Ислам ілімінің мәнін білгендер, кейбір «мұсылмандарды» көріп, олар осы доктринадан алыс екенін, тіпті жер мен аспан секілді екендерін көріп осы сұрақты қояды... Олар шынымен ақиқат діннің өкілдері ме?

«Бұл неғылған сұмдық қайшылық?!» - адамның игілігі мен адамдар арасында бейбітшілік орнатуға, жерді өңдеп гүлдендіруге, адамгершілікке ұмтылуға шақырған Ислам ілімінің мәнін білгендер, кейбір «мұсылмандарды» көріп, олар осы доктринадан алыс екенін, тіпті жер мен аспан секілді екендерін көріп осы сұрақты қояды... Олар шынымен ақиқат діннің өкілдері ме?

Шын мәнінде бұл жағдай адамды шатастырады. Сол себепті, бұл тақырып туралы ойланған кезде, мына маңызды мағлұматтарды асықпай жақсы түсініп алған жөн:

- Өзін мұсылман дейтін немесе Исламда туылған әрбір адам діннің барлық талаптарын қатаң ұстанатын мұсылман емес. Ислам ілімнен және оның ұйғарымдарынан алыс болып жүрген «мұсылмандар» әлемнің барлық жерінде баршылық. Тіпті, өздерін мұсылман деп атайтындардың арасында Ислам туралы ештеңе білмей, діннің есімін ғана білетіндер де бар.
- Ешбір жағдайда адамдардың қателіктерін оның дініне аударуға болмайды. Гитлердің қылмыстарының себебі оның діні және христиандық зорлық-зомбылықты талап етеді деп айтуға болмайды, өйткені Гитлер христиан болған. Ал Иосиф Сталин атеист болып миллиондаған адамды қырды, сол себепті атеизм адамзатты міндетті түрде жоюға шақырады деп айта алмаймыз. Мұндай қорытындылар объективтіліктен, дәлдіктен және дұрыстылықтан алыс.



Адамдардың жіберген қателерін олардың діндерімен ешқашан байланыстыруға болмайды.

- Исламға тән сұлулық пен ұлылықтың, сондай-ақ бейбітшілік, білім мен прогрестің рухы сіңген әлемнің әртүрлі бұрыштары – шығысында Индонезиядан бастап батыстағы Испанияға дейін тарихта сақталған көптеген мысалдарымыз да бар. Исламның осы аймақтардағы әсері әлі күнге дейін сезіледі, өйткені ол біз өмір сүріп жатқан өркениетке жол ашты. Біз әлемнің әртүрлі ғылыми салаларындағы жеке мұсылмандардың керемет жетістіктеріне тоқталмай-ақ, бүгінгі күні прогресті дамытуға ұмтылатын мемлекеттердің перспективті мысалдарын да көріп отырмыз.
- Жаман әдеттері байқалған дәрігерді немесе мұғалімнің нашар мінезін көргенде, сіз, әрине, олардың біліміне және ұстанымына қайшы келетін іс-әрекеттеріне таңданып, оларды айыптайсыз. Дегенмен, жалпы медицинаның қоғам және өркениеттегі дәрежесі, және білім берудің маңыздылығы туралы пікіріңіз өзгермейді. Дәрігер мен мұғалімнің қанағаттанарлықсыз үлгілері үшін емдеуден бас тартпайсыз және балаларыңызға білім беруді тоқтатпайсыз. Міне, сондықтан да, кейбір нашар мысалдарды емес, тәлімнің мәнін ескеру қажет.

Бір қызығы, Ислам діні жауларынан және «мұсылмандардың» кейбіреулерінен қатаң шабуылға ұшырағанына қарамастан, адамдардың көбісі исламның таза және бұзылмаған бейнесін көре алды. Осы уақытта да әлемнің көптеген елдерінде Исламды қабылдап жатқан кісілер баршылық.



«Мұғалім» деген құрметті мамандыққа кір келтірген кейбір мектептер немесе мұғалімдер үшін, ешкім балаларына білім алуға жол бермей жалпы білім алуға қарсы болып жатқан жоқ.

Жаңа көзқарас

Өзің үшін мүмкіндікті пайдаланамын ба жоқ па деп шешім қабылдай алмағаның қанша рет болды? Ал қазір ол мүмкіндікті пайдаланбағаның үшін өкінгенің бар ма?

Шынында, адамның ең үлкен абыройы – оның еркіндігі және мүддесі үшін қорқыныш пен қобалжусыз шешім қабылдау қабілеті.

Егер өмірдің кедергілеріне қарсы тұру және оларды жеңу мақтауға тұрарлық батылдық деп есептелсе, адам өзі үшін пайдалы деп тапқан шешімдер қабылдаудағы батылдық және қателіктерді мойындаудағы батылдық – әлдеқайда маңызды. Өйткені, ол – адам әрдайым сезетін және кей кезде оған тәуелді болатын өз-өзіне таңырқаулық және өзінің «мен» дегенін жеңу болып табылады.

Өзіңізге сенімді дереккөздерден алынған мағлұматтар арқылы Исламмен танысуға мүмкіндік бергеніңіз сияқты, оқыған нәрселеріңіз туралы ойланып, терең түсінікке мүмкіндік беріңіз...

Егер сіз осы діннің сұлулығын танып, бірақ оны жеткілікті түрде зерттеген жоқпын деп сезінсеңіз, және Ислам дінінің мән-мағынасы мен ерекшеліктері туралы сұрақтарыңыз қалған болса, онда тағы да оқып, үйреніңіз, диалог жүргізіңіз, сұрақтар қойыңыз. Тек енді, Исламға басқа көзбен және жаңа көзқараспен қарайтын боласыз...





Бұл кітапты аяғына дейін оқығаныңыз біз үшін үлкен құрмет. Біздің ойымызша, кітапты оқығаннан кейін сізде толықтай келісетін немесе керісінше келіспейтін маңызды мәселелер мен ойлар бар. Сіздің пікіріңізді, мәселеніңізді немесе қарсылығыңызды мұқият тыңдап, бүкіл назармен қабылдауға уәде береміз...


Ислам туралы көбірек білу үшін:



THISISLAM.net

Өз тәжірибеңізбен бөлісіңіз

info@modern-guide.com



- Ақпараттық құралдарда діндердің ішінде дебаттарды ең көп тудыратын дін туралы айқынырақ білгің келмей ме?
- Өлемдік статистика бойынша, кең таралып, тез қабылданып жатқан діндердің бірі туралы тереңірек білу үшін бір мезет тоқталуың тұрарлық іс емес пе?
- Басқа халықтардың дін, дүние және ғарыш аймағындағы мәдениеттері мен философияларын ашуда қызық таппайсың ба?
- Ислам діні туралы дереккөздерінен алынған сенімді мағлұматтарға тоқтау үшін өзіңе неге мүмкіндік бермейсің...? Одан кейін ол мағлұматтарды өзіңнің ақыл, санаңмен зерттеп ойланасың.

Ал егер осы мағлұматтар немесе олардың ішінде кейбірі маңызды немесе қызықты деп көрсеңіз, қалағаныңызды табуға сізге осы кітап көмектеседі...

